

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ГУМАНИТАРЛЫҚ
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ХАБАРШЫСЫ

Ғылыми журнал

ВЕСТНИК
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ГУМАНИТАРНОЙ АКАДЕМИИ

4(29) 2014

Орал
Уральск

ББК 74.58

Г 93

Қазақстан Республикасының мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі 19.12.2000ж. №1667-Ж куәлік

Мекеме: Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясы

Журнал 2001 жылдың сәуір айынан бастап тоқсанға бір рет шығады

Жауапты редактор: М.Б.Сабыр - ф.ғ.д., профессор.

Редакция алқасы: Жұмақаева Б.С. – х.ғ.к., профессор; Шынтемірова Б.Ғ. – т.ғ.д., профессор; Ерназаров Ж.Т. – т.ғ.к., профессор; Құрманалин С.Б. – т.ғ.к., доцент; Абдрахманова Р.Л. – т.ғ.к., доцент; Машанова С.А. – экономика магистрі; Серғазиев Х.К. – ақпараттық есептеу орталығының меңгерушісі

ISBN 9965-553-26-2

БҚГА хабаршысының бұл санына Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясының магистранттарының және 2014 жылдың 17-18 сәуір аралығында өткен Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университетінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының тілдері күніне арналған *«Қазақстан - 2050: экономикалық және әлеуметтік-гуманитарлық даму үдерісі»* атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның мақалалары топтастырылды.

МАЗМҰНЫ

БІЛІМ БЕРУДЕ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Т.З. Рысбеков. <i>Использование ИТ в учебном процессе.....</i>	5
Р.С. Кинжекова. <i>Жаңа экономикалық жағдайдағы техникалық және кәсіби білім берудің құрылымы мен мазмұны.....</i>	14
Б.Ж. Исхан, Б.Р. Оспанова <i>Қазақ тілі мен әдебиетін оқытып-үйретуде ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі.....</i>	20
С.Б. Даутова. <i>Ақпараттық технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы.....</i>	26
Т.Ф. Даулбаев. <i>Место и роль информационно-коммуникационных технологий в образовательном процессе.....</i>	34
Г.Б. Бакауова. <i>Инновациялық оқу барысында интерактивтік әдісін пайдалану.....</i>	43
Г.М. Көккөзова. <i>Тарихты оқыту жүйесіндегі жаңашылдық пен ақпараттық-технологияларды дамытудың кейбір мәселелері.....</i>	49
Л.Г. Наричина. <i>Взаимодействия доу и семьи по повышению социально-педагогической культуры родителей.....</i>	55
А.Ж. Утебалиева, Ж.Е. Есполова. <i>Развитие навыков самостоятельной творческой деятельности учащихся на уроках английского языка.....</i>	61
А.О. Сагингалиева. <i>Ағылшын тілінің фонетикасын оқыту ерекшеліктері.....</i>	68
К.М. Сатымова. <i>Лексико-семантические функции комплиментов в английском языке.....</i>	73
Г.У. Бекболатова. <i>Игры в обучении иностранному языку.....</i>	80
Г.Н. Ахметова. <i>Компьютер как современное средство обучения на уроках русского языка и литературы.....</i>	87
Д.М. Тілепбергенова. <i>Оқу процесіндегі электрондық әдістемелік жүйенің қолданылу аясы.....</i>	95
А.А. Сралиева. <i>Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың тиімділігі.....</i>	101
А.Б. Арыстанова. <i>Информатикада сыныптан тыс жұмыстарды өткізу мәселелері.....</i>	106
М.А. Буентаева <i>Мектепке дейінгі балалардың оқу іс - әрекетіндегі ойынның технологиялық маңызы.....</i>	112

С.И. Сундетова. Оқыту үрдісінде интерактивті әдістерді тиімді пайдалану.....	117
Ж.С.Куанышкалиева. Электрондық үкіметтің әлемдік тәжірибесі және оның қазақстандағы қалыптасуы.....	123
Л.А. Исанова. Punctuation in English.....	129
Б.Қ. Баймуханова. Мектепке дейінгі жастағы балалардың балабақшаға бейімделуімен байланысты әлеуметтік-эмоционалдық сфераның өзгеру ерекшеліктері	134
Г.Б. Калкенова. Сабақты моделдеу-кәсіби өсу мүмкіндігі ретінде.....	139
Н.Ж. Султаниязова. Рефлексия как основное психическое новообразование младшего школьного возраста	143
Е.М. Әміров, Б. Бақытұлы, А.А. Дуанбеков, М.Ж. Альмаханова. Студенттердің салауатты өмір салты негіздері және дене жаттығуларын пайдалану гигиенасы.....	148
А.Т. Шокаева Применение интерактивных технологии обучения на занятиях обществоведческих дисциплин: путь к повышению эффективности образовательного процесса.....	153
С. Абитова. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі етістікті тұрақты сөз тіркестерінің қалыптасуы және құрылымдық аспектілері.....	163
М.Қ. Әжіғалиев. Ақмаржан Таубаева өлеңдері тіліндегі түр-түст пен соматикалық атаулардың танымдық ерекшеліктері.....	169
М.Қ. Әжіғалиев, Б. Мажитова. Профессор О.Бүркіт және ауыз әдебиетіндегі синтаксистік параллелизм мәселелері	174
А. Мендалиева. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі тұрақты сөз тіркестерінің лексика-семантикалық байланыстары.....	178
А. Оразова. Кафтану немесе жазушының шығармашылық лабораториясы.....	184
М.Қ. Әжіғалиев, У.А.Сапиева. Батыс Қазақстан облысындағы өсімдік атауларының этнолингвистикалық сипаты	189
Д.С. Саркулова. Гарсиа Маркестің әлеби қадамдары.....	194
М.Қ. Әжіғалиев, А.Сәунешова. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты тұрақты сөз тіркестерінің этнолингвистикалық сипаты.....	200
С.Ж. Таспаева. Фольклорлық музыка арқылы оқушылардың гуманистік сөзімдерін қалыптастыру негіздері.....	203
М.Б. Мерғалиева. Дарынды балалардың тұлғалық ерекшеліктерінің көріну сипаты.....	209

БІЛІМ БЕРУДЕ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИТ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ.

Рысбеков Т.З.

Западно-Казахстанский государственный
университет им. М.Утемисова, г.Уральск, Казахстан

Главной характеристикой современного этапа развития мировой цивилизации является переход от отмирающей индустриальной экономики к постиндустриальной – экономики знаний, качества, новых информационных технологий, в которой «человеческий капитал» становится доминирующим фактором. В рамках данного типа общества знания приобретают особый статус. На их основе сегодня рождаются инновации. Постиндустриальная экономика выдвигает новые требования к образованию: оно должно быть ориентировано не на привычные процессы накопления и передачи предметных знаний (в современных условиях они стремительно устаревают), а на овладение базовыми компетенциями, непрерывное обучение, в том числе и самообучение. В свете этого политики в сфере высшего образования предполагает политика в сфере высшего образования предполагают создание университетов нового типа – инновационных университетских комплексов науки и образования с глубокой интеграцией учебной, научной и инновационной деятельности.

Одним из главных направлений повышения эффективности всех процессов является активное использование современных компьютерных и телекоммуникационных систем.

В течение последних лет идет реализация новой модели формирования студенческого контингента. Тестирование и другие методы измерения уровня знаний, умений и навыков порождают комплекс информационных процессов, в автоматизации которых в вузах все чаще используются компьютерная техника и специализированное программно – методического обеспечение.

Информатизация ситемы образования рассматривается как стратегически важное направление Государственной программы развития системы образования в Республике Казахстан до 2020 года. В

связи с этим ведется работа по использованию новых информационных технологий в управлении образованием.

Следует отметить, что развитие информационных технологий влияет и будет влиять на систему образования. Серьезное внимание в этих системах должно уделяться значительному повышению роли педагогического и психологического обеспечений.

В этой связи необходимо сфокусировать внимание на трёх вещах:

- создании информационный инфраструктуры системы образования;
- производственных инновациях в сфере образования, а именно, внедрении ИКТ (технологические инновации), новых методов и приемов обучения (педагогические инновации);
- дистанционном обучении.

В вузе необходимо сформировать информационную базу компьютерной и оргтехники. Для информационного обеспечения использовать новейшие WEB-технологии.

Для информационного обеспечения использовать новейшие WEB-технологии.

Для эффективного использования ресурсов Internet в решении образовательных задач, консультирования студентов, оказания методической помощи в поддержке ППС необходимо усовершенствовать интерфейс и дизайн официального **Web-сайта** ВУЗа отражающий основные направления деятельности вуза. Создать модель образовательного **Web-портала**, объединяющего информационные образовательные ресурсы.

Разработать **Intranet-сайт** вуза, т.е. внутренний сайт, на котором размещены документы в электронной версии, позволяющее вести оперативное делопроизводство.

Одной из ведущих целей информатизации образования является создание и обеспечение организаций образования педагогически целесообразными программными средствами учебного назначения. Действующий в вузе отдел информационных и инновационных технологий обеспечивает разработку электронной продукции, которая востребована в учебном процессе.

Дистанционное обучение актуально в силу того, что в процессе обучения при осуществлении дифференцированного и

информационного взаимодействия обучающегося с преподавателем или интерактивным источником учебной информации обеспечивается личностно ориентированный подход. Специалисты в области информатизации образования отмечают, что образование становится более доступным в силу его «открытости», благодаря дистанционным формам обучения, возможности самостоятельно осуществлять поиск необходимой информации из распределенного информационного ресурса и его применения в учебных целях. Исследования последних лет в этой области предполагает рассматривать дистанционные технологии получения образования как естественный этап развития системы образования (от классического университета до виртуального, от книжной библиотеки до электронной и т.д.). многообразие различных образовательных технологий в их оптимальном сочетании должно обеспечить максимальную эффективность: образовательную – для потребителя образовательных услуг, экономическую – для их производителя. Отсюда можно сделать вывод, что акцент должен ставиться на комбинированное или смешанное (blended) обучение. Концепция комбинированного обучения (термин введен академиком Тихомировым В.П) предполагает, что обучающий в современных условиях должен оптимально и в совокупности использовать все возможности, предоставляемые как классическим обучением, так новыми образовательными технологиями. Современное классическое обучение, в свою очередь, должно быть пропитано новыми образовательными технологиями и базироваться на широком использовании в образовательном процессе прикладного программного обеспечения. Поэтому при разработке и внедрении этой технологии необходимо учитывать все возможности сетевого и других видов обучения.

Продвижение информационных технологий в ВУЗе требует напряженной работы по выполнению самых разнообразных проектов и организационных процедур, связанных с интеграцией ИТ в учебные планы, оснащением компьютерной техникой, приобретением и разработкой специального обучающего программного обеспечения, обучением преподавательских кадров, развитием системы телекоммуникаций. Одна из основных задач ВУЗа на сегодняшний день – содействие внедрению и использованию инновационных технологий в образовательный процесс. Современное образование должно способствовать развитию у индивидуумов эмоциональных и

социальных качеств, которые дают им возможность чувствовать себя полноценными членами общества.

Сущность инновационной политики рассматривается через поведение персонала организации, и поэтому должны исследоваться и различные аспекты отношений, которые складываются между сотрудниками организации при выборе реализаций направлений развития, при принятии управленческих решений. Особенно это важно в области инновационного менеджмента, так как от поведения и настроения каждого сотрудника, его отношений с коллегами зависит его способность и готовность к творчеству- важный составляющий инновационного потенциала. В современных организациях, нацеленных на инновационный путь развития, существует острая необходимость в проведении исследований по формированию инновационной политики с позиций активной роли человека в данном процессе.

Исходя из этого, следует:

- наиболее полно использовать человеческий инновационный потенциал, то есть персонал работает более производительнее, качественно, творчески активно;
- повышать удовлетворенность сотрудника работой, ее результатами, отношением к организации, ее политике;
- развивать каждого сотрудника профессиональном и личностном отношении;
- достигать организации более высокой конкурентоспособности.

Образовательная сфера - один из самых традиционных социальных институтов. Проблема соотношения традиций и инноваций в этой области очень сложна. Создавая новую систему, нужно опираться на все лучшее, что нарабатывалось столетиями. Любой закон, любые внедряемые методики и программы должны быть направлены на создание оптимальных условий для рождения более эффективного образования.

Традиционная технология обучения (от знания к умениям) основанная на логике науки, требовала дополнения новыми технологиями, основанными на закономерностях познавательной деятельности. Теперь главной фигурой в учебном процессе становится сам студент, выступающий не как объект, а как субъект обучения.

В условиях новой парадигмы направленности учебного процесса на формирование, прежде всего, личности специалиста, а затем профессионала, ведущими технологиями становится личностно-ориентированные стратегии обучения, которые нацелены на формирование нового типа мышления преподавателей и соответственно овладения ими комплексными умениями (компетенциями) по организации учебного процесса инновационного типа.

Дидактическая конструкция личностно – ориентированных технологий осуществляется через адаптацию образовательного процесса к личностным возможностям студентов в соответствии с планируемыми задачами развития когнитивной, чувственной и интеллектуальной сфер личности . Стратегии современного обучения предполагают формирование нового типа мышления у преподавателей на основе педагогической компетентности и профессионального мастерства.

В процессе поиска определения, которое бы отражало новое содержание учебных взаимодействий, появился термин интерактивное обучение, которое действительно способно оптимизировать сущность, содержание и структуру педагогических взаимодействий. Такая технология требует определенной перестройки в процессе подготовки педагога, связана с установлением нового типа взаимоотношений с учащимися, влияет на изменение системы оценок как внутри самого урока , так и оценка самого интерактивного занятия со стороны учителя, администрации, школьников.

Понятие «интерактивность » было взято из «символического интеракционизма» (Г.Блумберг, Дж.Г.Мид, Р.Сирс и др.) и рассматривалось как взаимодействие между людьми, «как непрерывный диалог, в процессе которого они наблюдают, осмысливают специальные средства и устройства (интерактивные доски, мультимедийные компьютерные программы и др.) которые обеспечивают непрерывное диалоговое взаимодействие, «живое», открытое общение преподавателя и студента.

Интерактивное обучение –это обучение погруженное в общение. Интерактивное обучение сохраняет конечную цель и основное содержание образовательного процесса, но видоизменяет формы с передающих (транслирующих) знания на диалоговые, то есть основанные на взаимопонимании и взаимодействии.

Главная особенность интерактивной технологии заключается в том, что процесс обучения происходит и в групповой совместной деятельности. Смысл групповой работы – это приобретение в специально созданной среде опыта (знания, умения), который студент смог бы перенести во внешний мир и успешно использовать его. Соответственно осуществляются две функции, необходимые для успешной деятельности: *решение поставленных задач* (учебных, поведенческих и пр.), *оказание поддержки членом группы* в ходе совместной работы.

Особое внимание в интерактивном обучении отводится учебному пространству аудитории. Диалог предполагает общение лицом к лицу, поэтому традиционная расстановка столов, когда студенты видят затылки впереди сидящих и только одно лицо здесь неуместно. При интерактивном обучении необходимо варьировать перестановку учебных мест, создавая зоны группового общения, в зависимости от количества групп и числа учащихся в каждой группе (три, четыре, семь и т.д.человек)

В интерактивной системе обучения изменяется подход к системе отношения. Фокус внимания преподавателя смещается от получения правильного ответа к пониманию того, каким образом этот ответ получен. Ошибки студентов преподаватель использует как часть учебного процесса, вместе с ними анализирует логику мышления, приведшую к просчетам, и тем самым совершенствует мыслительный процесс.

Лекция основанная на использовании интерактивных методов позволяет формировать:

- Информационную компетентность- умение быстро включаться в работу, осмысленно воспринимать и воспроизводить информацию, свободно ориентироваться в предоставляемом новом материале, структурировать и “удобно” для себя его усваивать и рефлексировать материал;

- Коммуникативную компетентность – формируются навыки эффективной устной и письменной коммуникаций, умения ясно и логично излагать свои мысли, своевременно и точно формулировать и задавать вопросы, проводить рефлексию усвоенного, но и самое главное самоутверждаться путем высказывания своих мыслей и доводов при работе с раздаточным материалом:

- Компетентность самоменеджмента – умение определять целостное психологическое и педагогическое содержание вопросов лекции, представления о направлениях и сфере использования форм, методов, средств и приемов специальных видов деятельности проводить рефлексию, анализировать трудности, с которыми столкнулся при осмыслении презентационного и раздаточного лекционного материала.

При проведении интерактивного семинара формируются:

- Информационная компетентность – умения и навыки идентификации проблемы по теме семинара, планирование и использование технологии оптимального информационного поиска в области социально-педагогических и психологических знаний, определять уровень и объем информации, использование современных информационных ресурсов: (Интернет-ресурсы, электронная библиотека и т.д., овладение основами каталогизации и хранения информации, обоснованно подтверждать сделанные выводы по решению психолого-педагогических задач при обработке информации на основе логических операций (классификация, обобщение, сравнение, анализ, синтез и т.д.);

- Коммуникативная компетентность – ясно и логично излагает свои мысли, используя в речи профессиональную терминологию, умение организовывать и проводить презентацию, использование в своей речи логические и риторические приемы, определение цели и целевой аудитории, формы, содержания и жанра выступления, умение выделять предложения, аргументы, доказательства, выводы по содержанию, вести разговор в соответствии с профессиональными требованиями и этическими принципами, проявление открытости, доброжелательность и толерантность в отношениях с однокурсниками, умение организовывать групповую в интерактивном режиме посредством обсуждения, дискуссии, семинар-тренинга, социально-психологического тренинга и др., распределять обязанности в рамках выполнения групповой работы, владение коммуникативными приемами вопросов на уточнение, понимание идей друг у друга, умение организовывать групповую рефлексию.

- Компетентность разрешения проблем – умение формулировать существующие противоречия между желаемыми и реальными показателями обучения и воспитания в рамках конкретной педагогической и психологической ситуации, проводить анализ

социально-психологических и педагогических причин проявления проблемы детей, педагогов и родителей, указывая на их причины, умение формулировать и корректировать цели и задачи социально-психологической деятельности, выстраивать в логической и временной последовательности шаги по решению комплекса задач и достижению планируемого продукта своей деятельности на основе заданных критериев оценки, проводить анализ альтернативных ресурсов, эффективность их использования, осуществлять текущий самоконтроль, сравнивать и анализировать характеристики запланированного и конечного продукта образовательной деятельности, проводить рефлексию своей деятельности, определять пути и формы повышения научно-теоретических знаний.

В методике проведения СРСП при использовании интерактивных методов формируются:

- Информационная компетентность – умения определять информацию для постановки и решения психолого-педагогической проблемы, использовать полученные теоретико-методологические знания в организации практической профессиональной деятельности, проектировать на основе первичной информации теоретическую модель решения проблемы, выбирать и корректно использовать информацию, систематизировать данные с целью дальнейшего использования в коррекционно-развивающей, консультативной и просветительно-профилактической работе, подбирать оптимальные методы и приемы психолого-педагогической деятельности коррекционно-развивающей, консультативной и просветительно-профилактической работ, формулировать выводы, делать заключение в соответствии с целью деятельности.

- Коммуникативная компетентность – умение представлять психолого-педагогическую профессиональную информацию в письменном продукте (интерпретация, заключение, рекомендация и т.д.), создавать письменный документ с использованием текста, символик и графики (диаграмма, социограмма, профессиограмма, таблица, рисунок, схема и т.д.), уметь оформлять результаты научно-исследовательской деятельности в форме заданных образцов, определять адресат письменной коммуникации в соответствии с целью профессиональной психолого-педагогической и социально-педагогической деятельности.

- Компетентность разрешения проблем – умение и навыки выделять последовательные шаги и алгоритмы решения проблемы, подбирать адекватные методы, технологию и методику, учитывая основные идеи личностно-ориентированного и здоровьесберегающего подхода, успешно применять технологию с учетом изменения параметров субъекта и объекта образовательного процесса, проводить анализ альтернативных ресурсов, эффективность их использования, планировать виды и формы текущего самоконтроля по самостоятельно разработанным критериям, используя средства социально-педагогического и психологического измерения, выявлять причины успехов и неудач в собственной деятельности, мотивы своих действий для профессионально самовоспитания и самообразования.

Таким образом, образование в настоящее время из категории национальных приоритетов переходит в категорию мировых приоритетов. Знания выступают как главный двигатель экономического роста общества, а потому высшее образование и высшая школа, приобретают решающее значение для формирования интеллектуального потенциала страны.

Есть определенные успехи, но предстоит еще многое сделать, чтобы повысить качество образовательных услуг и эффективно удовлетворять рынок по последним требованиям современной рыночной экономики.

Тем не менее, данный процесс должен расширяться и развиваться, так как он направлен на качественное совершенствование и адаптирование к современным международным требованиям отечественной системы образования и, самое главное, служит, прежде всего, интересам наших потребителей, то есть, обучающихся и работодателей.

Объем информации, которой владеет наша цивилизация, удваивается каждые пять лет. Поэтому помимо освоения знаний не менее важным становится освоение техник, с помощью которых можно получать, перерабатывать новую информацию. Знания при этом осваиваются применительно к тем умениям, которыми овладевают обучающиеся а рамках инновационных образовательных программ.

Список использованной литературы:

1. Гершунский Б.С. Философия образования. – М. – 1998.

2. Ильин Г. Педагогическая технология и педагогическое мастерство// Новые знания. – 1999. – №4
3. Загашев И.О., Заир-Бек С.И. Критическое мышление: технология развития. – СПб. – 2003.
4. Педагогика: педагогические теории, системы, технологии // Учебник. – Под ред. Смирнова С.А. – М. – 2003.
5. Яковлев В.А. Информационно – коммуникативные технологии в образовании // <http://www.emag.iis.ru/>

Түйін

Мақалада ақпараттық және интерактивтік технологияларды оқу процесінде пайдалану әдістері баяндалады.

ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Кинжекова Р.С. п.ғ.к. доцент
Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық
университеті, Орал қ., Қазақстан

Соңғы онжылдықтарда өндірістік қарым-қатынастардың өзгеруі, кәсіпорындардың жабылуы, қайта құрылуы, жекешелендірілуінен, жұмыссыздықтың белең алуынан техникалық және кәсіби білім беру оқу орындарының жаңа заман талаптарына сай бейімделуі талапқа сай болмады. Осыған байланысты көптеген мәселелер туындады. Кәсіптік білім берудегі мамандар дайындау ұзақ уақыт кеңестік жүйедегі жоспарлы шаруашылыққа бейімделген деңгейде қалып қойды. Оқу орындары қысқартылып, жабыла бастады. Бұған дейін кәсіптік оқу орындарының салалық бағытта болуы мамандар дайындауда қайталаушылықтың болуына және еңбек рыногында сұранысқа ие емес мамандар дайындауға әкеліп соқтырды. Ендігі кезекте жұмыс беруші мен оқу орындарының арасында тығыз байланыс орнату қажеттігі туындады.

Қазақстандағы экономикалық реформалардың алғашқы кезеңінде кәсіптік-техникалық оқу орындарын біріктіру, қысқарту (оптимизация) жұмыстары жүргізіле бастады. Мамандар даярлауды жақсарту мақсатында көпварианттылық, жаңа бағыттағы ізденістер оқу үрдісіне енгізіле бастады. Өтпелі кезеңде кәсіптік білім берудің құрылымы оқу мекемелерінің түрі жағынан ғана емес, оқу мерзімі, оқуға қабылдау, қаржыландырылу жағынан да түрліше болды.

1991жылы республикада 446 мемлекеттік кәсіби-техникалық оқу орындары болса, 2001жылы олардың саны 275-ке азайды. 1996жылдан бастап мемлекеттік емес кәсіби лицейлер ашылып, олардың саны 2001жылы 37-ге жетті. Сонымен қатар, мемлекеттік емес колледждер де мамандар даярлаумен айналыса бастады. 2001жылы 349 колледж жұмыс жасаса, олардың 175-і мемлекеттік, 174-і жеке меншік оқу орындары болды.

Нарық жағдайында жалпы орта білім және жоғары деңгейде кәсіби білім беретін бұл оқу орындарына негізгі мектеп (9-сынып) бітірген жастар көптеп келе бастады.

Жұмыс орындарынан босап қалған адамдарды, жұмыссыздарды жұмыспен қамту мақсатында көптеген оқу- курстық орталықтар, оқу орталықтарымен қатар кәсіби-техникалық мектептер, лицейлер, колледждер де мамандардың қайта даярлаумен, біліктіліктерін жетілдірумен айналыса бастады.

90-жылдардың аяғында орта арнаулы білім көлемінде мамандар даярлауда келеңсіз жағдайлар да бой алды. Жеке оқу орындары экономикалық, заңгерлік басқа да гуманитарлық бағыттағы мамандарды шамадан тыс көп дайындай бастады.

Техникалық және технологиялық бағытта дайындалып жатырған мамандардың сапасы жұмыс берушілердің талабына сай болмай қалған тұстары болды. Себебі оқу орындарының инженерлік-педагогикалық құрамы және материалдық-техникалық базасы бүгінгі күннің сұранысына сай келмеді. Мемлекет тәрпынан мамандарға деген сұраныс жыл сайын кеме берді. Көптеген колледждерде техникалық, технологиялық және ауылшаруашылық мамандықтары жабыла бастады. Бюджеттік қаржыландырудың болмауына байланысты Павлодар облысы машина жасау зауыты және химия-технологиялық, сондай-ақ Семей агробизнес колледждеріне тек ақылы негізде мамандар даярланды. Әлеуметтік жағынан аз қорғалуына байланысты оқытушы мамандар өндіріске кете бастады, педагог кадрлардың

картаюы, ер адамдардың ұстаздық қызметтен кетуі мамандар даярлаудың сапасын төмендеткені сөзсіз. Бұл кезде кәсіби-техникалық білім беру жүйелерінің оқу шаруашылықтарын, базаларын жекешелендіру белсенді түрде жүргізілді. 1991-96 жылдары республикада 42 училище жабылды, 95,6 мың оқушылар контингенті қысқарды.

1996жылы барлық кәсіби-техникалық және орта арнаулы білім беру жүйелерін ҚР-сы Халық ағарту министрлігінің құзіретіне берілді. Осы жылы « Қазақстанның кәсіби-техникалық мектептері», «Қазақстанның кәсіби-техникалық лицейлері» жөнінде Уақытша Ережелер қабылданды. Сол кездің әлеуметтік, экономикалық, заңдық жағдайларына сәйкес кәсіби-техникалық білім беруді жақсартудың жолдарын белгілейтін нормативті құжаттар қабылданды.

«Білім туралы» Заң қабылданғаннан кейін (1999ж.) ҚР-сы Үкіметінің «Бастауыш және орта кәсіби білім берудің жүйесін дамыту» туралы (2000ж.) Қаулысы қабылданды. Бұл кезеңдегі мемлекет белгілеген негізгі міндеттер:

- еңбек рыногындағы жағдайларға және экономикадағы жүйелік өзгерістерге байланысты бастауыш және орта кәсіби білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарын жасақтау және оқу процесіне енгізу;
- жастарға бастауыш және орта кәсіби білім алудың барлық жағдайын жасау;
- бастауыш және орта кәсіби білім берудің мемлекеттік емес секторына қолдау көрсету;
- орта деңгейдегі жұмысшы мамандарды даярлау және қайта даярлауды күшейту;
- бастауыш және орта кәсіби оқу орындарында мамандарды даярлау және қайта даярлауда халықаралық қарым-қатынасты күшейту.

Негізінен, мына мәселелер басты назарда болды:

- оқу орындарында мамандар даярлауда теориялық біліммен қатар нақты өнеркәсіп орындарында өндірістік практикалар негізінде практикалық дағдыны бірлікте беру,
- кіші, орта бизнеске жоғары білікті (разряд, класс, категория) мамандар даярлау.

Республикадағы экономикада болып жатырған қайта құруларларға сәйкес орта арнаулы оқу орындарын мамандармен қамтамасыз ету ,

бітірушілерді жұмыспен қамту маркетингтік қызметті күшейтуді қажет етті.

«Білім туралы» Заңның қабылдануымен бірге 2000 жылдан бастап «Бастауыш және орта кәсіби білім берудің мамандықтар классификаторы» анықталды. Тұңғыш бастапқы және орта кәсіби білім беру мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары жасақталып, іске қосылды. Бұл құжатта мамандық алушылардың білім мазмұны мен деңгейіне қойылатын мемлекеттік талаптар, біліктілік сипаттамасы, кәсіби қызметтің типтік міндеттері анықталды. Сондай-ақ, нақты мамандыққа қатысты пәндер жүйесі, практикалардың түрлері, кәсіби қызмет мазмұны, құзіреттіліктер түрлері ұсынылды. 2003жылы 178 мамандық бойынша кәсіби білім берудің мемлекеттік стандарттары бекітілді. (ҚР Білім және Ғылым министрлігі бұйрығы №3 03.01.2002, №654 14.02.2003ж.)

Білім беру стандарттары экономика мен өндірістік технологиялардың жаңаруына байланысты әр 5 жыл сайын толықтырылып, өзгеріп отырады. Осыған байланысты кезең-кезеңімен жаңа стандарттар тәжірибеден өткізіліп мамандар даярлаудың екінші стандарттары енгізілді. Жаңа стандарттар негізінде пәндердің типтік оқу бағдарламалары да жаңартылды. Бұл бағдарламалар ҚР Білім және Ғылым министрлігі оқу-әдістемелік кеңесінде қаралып, бекітіледі.

Дегенмен, еңбек рыногының қалыптасуы мен әрекет ету заңдылықтарының дұрыс зерттелінбеуі және кәсіби-техникалық оқу орындарын бітірушілерді қорғау жағдайларының болмауы; экономикалық дамуға сәйкес білікті мамандарға деген сұраныстың ескерілмеуі; оқу орындарындағы оқу құралдарының, өндірістік құралдардың жаңа заманғы технологияларға сәйкес келмеуі техникалық және кәсіби оқу орындарының жүйесінің дамуын біраз кешеуілдетті.

Жұмыс берушілер бітіруші мамандардың біліктілігінің төменгі дәрежеде екендігін өзекті мәселе етіп қойды. Тіпті жоғары технологиялық кәсіпорындардың өзінде жоғарғы деңгейлі білікті мамандар 15-20 пайызды құрады. Жұмыс берушілер жаңа заман талаптарына сай техникалық және кәсіби оқу орындарын бітірушілерден:

- техникалық дағдылар мен құзіреттіліктерді терең меңгеруін, еңбек ету процесінің дамуына сәйкес жылдам бейімделуін, кәсіби өсуін; европалық стандарт пен технологияға сай еңбек

ету дағдыларының болуын; шет тілін білуін; шет елдік компанияларда жұмыс істеу тәжірибесінің болуын талап етті.

ҚР-сы техникалық және кәсіби білім беруді дамытудың 2008-12 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында нақты мақсат-міндеттер белгіленген:

- техникалық және кәсіби білім беру орталықтарында қысқа мерзімді курстарда жастарға кәсіби білім беру; жұмыссыздарды қайта даярлықтан өткізу; шағын бизнес кәсіпкерлеріне, фермерлерге және басқа да өндіріс ұйымдастырушыларына кенестер ұйымдастыру;

- ауылдық кәсіби лицейлердің жөндеу орталықтарында фермерлердің ауыл шаруашылық техникаларын, автомобилдер жөндеу жұмыстарын жүргізу. Оқу орындарының материалдық-техникалық базаларын, лабораторияларды жабдықтауға қаржы бөлу.

Елімізді индустриальдық –инновациялық дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының қабылдануымен байланысты кәсіби-техникалық оқу орындарының маңызы артты. Бағдарламада көрсетілген индустриаландырудың Республикалық картасын, жобаларды және «2020 бизнес жол картасын» жүзеге асыруда жұмыс орындарының ашылуымен байланысты мамандар даярлау қажеттігі туды. 13 бағыт бойынша индустриальдық жобаларды және аймақтық дамыту картасын мамандармен қамту керек болды. 2010-14 жылдарға арналған ҚР-ның индустриальдық –инновациялық дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын іске асыратын мамандар даярлайтын әр аймақта базалық оқу орындары белгіленді. Бұл кезеңдегі талдау қорытындылары бойынша экономикаға қажетті кадрлар саны -108 мың адамды, оның ішінде техникалық мамандар саны -58,2 адамды құрады. Бұл кезде техникалық, технологиялық, ауылшаруашылық мамандарын дайындайтын 543 оқу орны оқу процесін жүргізді.

Облыстық білім беру басқармаларының есебі бойынша Алматы, Астана қалаларының кәсіби лицейлер мен колледждердің мемлекеттік сұраныс бойынша бітірген түлектерінің жұмысқа орналасуы -85,2 пайызды құраған.

Қазір елімізде 894 кәсіби және техникалық оқу орындары мамандар даярлаумен айналысады. Олардың 178-і ауылдық жерлерде орналасқан. Оқу орындарында 603,8 мың адам білім алуда, оның 36,3 пайызы мемлекеттік сұраныс бойынша дайындалуда. 185 мамандық және 495 біліктілік бойынша техникалық қызмет көрсету салалары бағдарламалары негізінде мамандар дайындау іске асырылуда.

Еңбек рыногы мен кәсіптік білім беру жүйелерінің арасын жақындастыру мақсатында Дүниежүзлік Банк «Техникалық және кәсіптік оқу орындарын модернизациялау» жобасын ұсынып отыр. Оның негізгі мақсаты - кәсіптік оқу орындарының арасында бәсекелестікті күшейту, Жобаны іске асыру үш бағыт бойынша жүргізіледі:

-ұлттық және салалық бағыттағы біліктіліктер, кәсіби стандарттар және сапа бағасы;

-кәсіби және техникалық білім беру жүйелерін қаржыландыру, басқару жүйесін модернизациялау;

-оқу орындарының жағдайын жақсарту.

Республиканың экономикасының тұрақты және үдемелі дамуы кәсіби және техникалық білім беру орындарында дайындалған мамандардың кәсіби сапасы мен бәсекеге қабілеттілігіне тікелей байланысты. Сондықтан аталған білім беру жүйелеріндегі білім мазмұны адам потенциалын дамытуға, еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған, ішкі және халықаралық еңбек рыногының сұранысын ескеруі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жарықбаев Ж. Жүсіпбек Аймауытұлының психологиялық көзқарастары: Студенттер мен мұғалімдерге арналған құрал.- А.:Білім,2000.-76 бет.
2. Көбесов А. Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі: көмекші оқу құралы.- А:Санат, 2002.-176
3. Педагогика профессионального образования –Под.ред В.А. Сластенина М.,2008
4. К.К. Борибеков, А.К. Кусаинов, Н.А. Шамельханова
Профессиональное образование
Қазақстана:опыт и перспективы-Алматы,2011

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТЫП-ҮЙРЕТУДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕСІ

Исхан Б.Ж. ф.ғ.к., доцент,
Оспанова Б.Р. ф.ғ.к., доцент,
Абай атындағы ҚазҰПУ
«Әдебиеттану және тіл білімі ҒЗИ» қызметкерлері,
Алматы қ., Қазақстан

Еліміздің өркендеп-дамуы білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани кемелденуіне, мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – білім беру орындары. Сол себептен білім деңгейін көтеру және онда ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану негізгі бағыттардың бірі болып отыр.

Қазіргі уақытта еліміздің білім беру саласы Еуростандартқа негізделген тың ұсыныстармен, тәжірибелермен толығып, жаңа сапаға көше бастады. 1990 жылдардан бастап ұлттық идеяға бағытталған бағдарламалар дүниеге келді. Бұл бағдарламалар білім беру саласына оң өзгеріс әкеліп, оның әлемдік кеңестіке енуіне мүмкіншілік беруде.

Технология шеберлік туралы ғылым. Шеберлікпен нәтижеге жету, кәсіби шеберлікті шыңдап, белгілі бір жоба моделмен оқытуға саяды. Ақпараттық технологияларды қолдану мәселесіне келгенде технология – білімдік ақпараттарды толықтырып, өңдеп, өзгертіп ұсынудың әдістері мен құралдарының жиынтығын, қажетті құралдарды оқу үрдісінде тиімді пайдалана отырып, оқушыларға жеткізе білудің тәсілдері туралы ғылым. Осыған орай белгілі зерттеушілердің ақпараттық технологияға қатысты ой-тұжырымдарын келтірсек, РФ РБА-ның корр. мүшесі, профессор Т.Лихачев: «Ақпараттық технология – оқытудың арнайы формаларын, әдістері мен педагогика-психологиялық нұсқауларының жиынтығын айқындайтын оқу үрдісін іске асырудың мазмұндық техникасы», – деп көрсетсе [1.12], ал профессор А.К. Колеченко: «Қойылған мақсатқа сәйкес білімді, білікті және дағдыны құрастыру, қалыптастыру мен бақылау бойынша операциялардың жиынтығы» [2. 15], – деген пікір білдіреді.

Дәстүрлі әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана отырып, оқу үрдісінің мазмұндық құрылымын үнемі жетілдіріп, тіл мен әдебиетті оқытуда ең ұтымды жаңа технологияларды пайдаланудың жолдарын іздестіріп, оңтайлы әдіс-тәсілдерді іріктеп алуды отандық зерттеуші ғалымдарымыз, әдіскер-ұстаздарымыз басты назарда ұстап келеді. Олар ақпараттық жаңа технологияларды сабақта қолдануды әр қырынан қарастырып, көптеген іс-шараларды жүзеге асыруда. Әр технология пәнді оқытуда өзінің ерекше сипатымен айқындала түсуде.

Жаңа педагогикалық технологиялар жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға оның өзіндік және шығармашылық қабеліен арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасауға мүмкіндіктерін туғызады. Зерттеуші ғалым М.М.Левин: «Педагогикалық технологияның негізгі қызметі – оқу үрдісінің білім беру мақсатын іске асыру және жек тұлғаны дамыту», - деп көрсетеді [3.24]]. Педагогикалық әдебиеттерде «педагогикалық технология» жайында үш жүзден аса анықтама бар. Ю. Фокиннің пікірінше, «Педагогикалық технология, бәрінен бұрын, іс-әрекеттің жоғары нәтижелігі. Кәсіптілік жоғарғы көрсеткіш: жүйелілік, бірізділік, ғылыми ұстанымдармен қатар сенімділік. Кәсіби біліктілік бұл қателер мен кемшіліктер жібермеу, шығармашылық қатынас жасау» [4.25].

Бүгінгі таңда дидактика мен оқыту әдістемесінің маңызды рөлін айқындайтын педагогикалық жаңа технологиялық әдіснаманы жетілдірудің орны ерекше болып отыр. Осыған орай, білім мазмұнын жаңарту мен оқытудың инновациялық әдістерін қолдана отырып, өнімді оқыту бүгінде өзекті мәселеге айналды. Қазіргі уақытта білім сапасы: білім – жүйе, білім – үдеріс, білім – нәтиже, білім – құндылық деген төрт сипатта қарастырылып жүр. Осыларды біртұтас құрылым десек, жаңа технологияларға негізделген әдіс-тәсілдермен оқытудың инновациялық жолдарының өзіндік тиімділігін анықтауға болады. Өйткені заманауи жаңа технологиялардың көмегіне жүгініп, филологиялық жоғары білім берудің әдіс-тәсілдері біліктілік аясында қарастырылатын барлық жағдаяттарды қамтиды және әдеби-тілдік материалдарды жаттап алып есте сақтауынан гөрі, барлық сезім мүшелерін белсендіріп іске қосып, яғни ұстап-көру, естіп-айту, танып-білу, тұшынып-қолдану сияқты т.б. мүмкіншіліктерді өзектендіреді. Бұл болса, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мәселелерін оқытып-үйрету мақсатындағы оқу-әдістемелік жұмыстарды қазіргі заманғы ғылыми-

техникалық прогресстің даму деңгейіне сәйкестендіріп, жетілдіріп, дәстүрлі оқыту әдістері мен жаңаша оқытуды бір-бірімен ұштастыра жүргізуді қажет етеді. Осыған байланысты жалпы еліміз бойынша қазіргі уақытта тіл үйретудің электронды оқу материалдарын интербелсенді тақта көмегімен пайдаланудың өзіндік тиімділігі басымдыққа ие бола бастады.

Ақпараттық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға мүмкіндік берумен қатар, оның әлемдік білімдік ортаға енуіне жағдай туғызады. Сол себептен АТ-ны дәрістер мен машықтық сабақтарда қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Ақпараттық технология электронды құрал-жабдықтармен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интербелсенді құралдарды қолдануға, ғаламторда жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар қатынастық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Ақпараттық технология жас ұрпақтың жан-жақты білім алып, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық оқу-әдістемелік амал-тәсілдердің жаңа түрі. Ғылым мен техниканың дамуына қарай филологиялық білім берудің де мүмкіншілігі артты, жаңа технологияларға негізделген жаңа әдіс-тәсілдер, оқытудың жаңаша жолдары мен амалдары пайда болып, оқулық, оқу құралдары ресурстары жоғары деңгейге жетті. Өзіне тән әдістемесімен бірге электрондық, ақпараттық, интербелсенді, мультимедиялық технологиялар қолданысқа енді. Қазіргі кезде оқу ақпараттының ең ауқымды кең тараған формасының бірі – ғаламтор жүйесі арқылы оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру болып отыр.

Қазіргі ақпараттық қоғамда өндірістің дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі көрінеді. Сондықтан да отандық білім беру салалары өзінің өркендеп дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты адамға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға керек жағдай жасай алатын оқытудың жаңа технологиялары пайда болуда. Қазіргі ақпараттық қоғамда ақпараттық технологиялардың пайдасы еліміз үшін маңызды.

XXI ғасыр ақпараттық-қатынастық жаңа технологиялар ғасыры болғандықтан, адамзатқа компьютерлік сауаттылығының жоғары деңгейде болуы өте қажет. Соңғы жылдары АҚТ-ны игеру әрбір жеке

тұлға үшін оқу және жазу қабілеті сияқты аса қажетті шартқа айналды. Себебі алынған білім мен дағдылар бұдан әрі көптеген жағдайда қоғамның ақпараттық даму жолдарын анықтайды.

Ақпараттандырудың негізгі бағыты ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділігін арттыру үшін заманауи технологияларға негізделген жаңа білім стратегиясына көшуді талап етеді. Осығай сәйкес қазіргі білім жүйесінің негізгі ұстанымы – кедергілердің алдын алу және жоғары сапаға қол жеткізудің мүмкіндіктерін ойластыру болып отыр.

Еліміздің қазіргі білім беру жүйесіне ақпараттық қатынастық технологиялар біртіндеп еніп, оның ажырамас құрамдас бөлігіне айнала бастады. Электронды құрал-жабдықтармен оқыту барлық деңгейлік білім беру ошақтарына айтарлықтай өзгеріс әкелуде. Бұл құрал-жабдықтарсыз сабақ жүргізуді қазіргі педагогтар елестете алмайтындай дәрежеге жетті. Алайда оған күдік-күмәнмен қарайтын педагогтар да жоқ емес. Әсіресе, қоғамдық-гуманитарлық пәндерді, соның ішінде филологиялық пәндерді оқытатын ұстаздар қауымының арасында АҚТ-ны пайдаланып оқытуға тартынышақтайтындар әлі де баршылық. Сол себептен көптеген білім ошақтарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің сабақтарының оқыту құралдары күні бүгінге дейін оқулық-оқу құралдары, көркем-әдеби кітаптар мен тақта, бор, одан қалса кестелер мен түрлі-түсті фото суреттер болып келе жатыр. Бұрыннан келе жатқан амал-тәсілдермен немесе ескі құрал-жабдықтармен оқытатын оқытушылар өздерінің бұл әрекеттерін өз пайып-түсінігі бойынша барынша қорғаштап-ақ бағады. Олардың ойынша, «әдебиет пен компьютердің басы бір қазанға симайды. Ауызбен айтып, құлақпен тыңдайтын сөзді жансыз техника еш уақытта алмастыра алмайды».

Шынында ада солай ма? Жоқ, біздің ойымызша, тек біздің ғана емес, әлемдік тәжірибе бойынша, қазіргі заман жастарының сапалы білім мен тағылымды тәрбие алуы да, базалық білім жинақтауы да, кәсіби орта, кәсіби жоғары оқу орындарындағы кәсіби-техникалық дайындығы да, білімді де білікті іскер маман болып шығуы да, ақыр соңында оларға сеніп тапсыратын еліміздің

жарқын болашағы да педагогтардың жаңашылдығына, жаңа технологияларды тиімді пайдалана алушылығына тікелей байланысты. Сол себептен қазіргі заманның электронды құрал-жабдықтарын қалай пайдаланып оқытудың, білім берудің, берілген білімді бақылап-бағалаудың жаңа әдіс-тәсілі ретінде қолдана білу, ең әуелі, педагогтардан талап етіледі.

ЖОО-да филологиялық білім алып жатқан жас ұрпақты сапалы оқыту, тағылымды тәрбиелеу беру – ежелден қалыптасқан дәстүрлі оқытуға негізделіп келген еді. Бұл жүйе ұзақ уақыт бойы дамып, өз уақытына лайықты қызметін мүлтіксіз атқарды. Соның негізінде еліміздің қазіргі білім беру жүйесі құралып, енді бүгін жаңа заман талаптары мен заңдарына сәйкес әрі қарай даму сатысында тұр. Алайда оны алдағы тәжерибелермен ұштастыра отырып жетілдіру, тың идеялармен толықтырып, яғни заманауи технологияларды тиімді пайдалана отырып дамыту қажет.

Осы мақсат-мүддеге сәйкес қазіргі уақытта отандық филологиялық білім беру жүйесінде оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінде жаңа технологияларды қолдану қолға алынып жатыр.

Филологиялық білім беру жүйесін ақпараттандырудың өзіне тән ерекшелігі бар. Олар: білім беру өрісіне белсенді түрде кіру, арнайы оқытатын ЖОО-ны құруға бағытталған оқытудың жаңа технологиясын пайдалану және дамыту, ақпараттық-қатыстық өнімнің жаңа тәсілдері мен құралдарын оқу үрдісінің заңдылықтарына сәйкес қолдану.

ЖОО-да филологиялық білім берудің басты мақсаты – әлеуметтік, экономикалық, қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуға дайын, құрзіретті тұлғаны қалыптастыруға ықпал ету болғандықтан, осы мақсатқа жету үшін әрбір оқытушы алдымен білім мазмұнының даму үрдісі (тенденциялары) мен оқу-тәрбие үдерісін (процесін) ұйымдастыруда қолданылатын білім берудің жаңа технологияларын (амал-тәсілдерін) меңгеруі керек. Қазіргі білім беру саласындағы басты мәселе ұйымдастыру тұрғысынан алғанда білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын болашақ мамандарды даярлау болып отырғандығы сондықтан.

Жаңа ақпараттық технологияның көмегімен орындалатын іс-әрекет өзінің кез келген нақты жұмыс түрі мен сатысында тиімдірек

орындалады, оқытушы мен студенттің уақытын үнемдеп, қажетті бағыт-бағдар бойынша пайдалануға мүмкіндік береді.

Компьютермен, тіпті кез келген электронды құрал-жабдықпен жұмыс істей алу – әрбір студенттің болашақ кәсіби білімдерін қалыптастырып қана қоймай, олардың кәсіби дағдыларын да дамытып, шығармашылық қабілетін де жетілдіріп, жалпы мәдени-рухани деңгейін де көтереді.

Соңғы кезде еліміздің білім беру жүйесінде ақпараттық технологияны пайдаланып оқыту белсенді түрде жүзеге асырылуда. Бұл орайда филологиялық білім берудің өзіндік әдіснамасы (көркем мәтіннің мазмұнан білу, оны тиімді пайдалана алу, өзіндік мәтін құрастыру т.б.) болатынын мұқият ескерген жөн. Қорыта келе, қазіргі филологиялық білім беру жүйесіндегі ақпараттық жаңа технологиялар дегеніміз – электронды оқу-әдістемелік материалдардың жинтығы, оқу-тәрбие үдерісіндегі және оқу-әдістемелік қызметіндегі ақпараттық технологиялар, сонымен қатар осы технологияларды меңгертетін құралдар, оқу үрдісіндегі ақпараттық технологиялық құралдарының рөлі мен орнын, білім беру үдерісін және студенттер мен оқытушылардың еңбектерін жүзеге асыру үшін қолданудың жаңа үлгілері (формалары) мен әдістері деген анықтама беруге болады. Яғни бір сөзбен айтқанда ақпараттық технология – білім беру мекемесі мамандарының заманауи техникалық құралдарды пайдалана отырып, өз іс-әрекетін жүзеге асырудағы әдіс-тәсілдерінің жиынтығы және студенттерге білім берудегі жаңа технологияға негізделген құралы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Лихачев Б.Т. Педагогика. Курс лекций. – М.: Издательский центр "Академия", 1993. – 237 с.
2. Колеченко А. К. Энциклопедия педагогических технологий: Пособие для преподавателей. – СПб.: КАРО, 2002. – 368 с.
3. Левина М. М. Л Технологии профессионального педагогического образования: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2001.
4. Фокин Ю.Г. Преподавание и воспитание в высшей школе: Методология, цели и содержание, творчество: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. Заведений – М.: Издательский центр "Академия", 2002. – 224 с.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Даутова С.Б. ф.ғ.д., профессор,
Абай атындағы ҚазҰПУ
«Әдебиеттану және тіл білімі ҒЗИ» директоры,
Алматы қ., Қазақстан

Білім беру саясаты мен оның жүйесі бойынша дүниежүзінің алдыңғы қатарлы дамыған елдерінің, сондай-ақ қазіргі уақытта біздің елдің де ұстанып отырған білім саясаты және отандық білім беру салаларына ендіріле бастаған жаңа технологиялар, ең алдымен, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыру және өткізу үшін қажет. Бұл – шәкірт пен ұстазға қолайлы жағдай туғызудың біріктірілген педагогикалық қарым-қатынасы кезінде қолдануға болатын барлық жағдайы қарастырылған оқытудың жаңа амал-тәсілі болып саналады. Оның негізгі ұстанымы – оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытатын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, тәрбиелеуші тұлға қалыптастыру болып табылады. Себебі еліміздің әрбір жас өркені ертеңгі күні дүниенің төрт түкпірінде өзінің қалаған, ұнатқан мамандығы бойынша өзіне және қоғамға пайдалы мақсатта еркін еңбек ете алатындай болуы қажет. Білім беру жүйесін ақпараттандыру - қоғамның маңызды бағыттарының бірі. Ал бұл өз кезегінде білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған үрдістің құралдары мен әдістерін, оқу - тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерін бір - бірімен тығыз байланыста өсіруге және олардың тиімділігі мен сапасын көтеруге, жас ұрпақты жаңа қоғам жағдайында өмір сүруге дайындауға пайдалану. Соған орай, білім беру саласындағы оң өзгерістер мен жаңашыл бағыттарды саралай отырып, оның халыққа қызмет етуін дұрыс ұйымдастырып, әлемдік талаптармен үйлестіру қажеттігі пайда болды.

Еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып дамуы әрі кең ауқымда ел қоғамына жан-жақты қызмет етуі ЖОО білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани кемелденуіне, мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – білім беру жүйесі мен білім беру орындары. Оладың дұрыс қызметі отандық білім саясатымен ұштасады.

Қазіргі уақытта еліміздің білім беру сапасын арттырып, оның оқу-тәрбие үдерісіне ақпараттық жаңа технологияларды енгізу арқылы тиісті деңгейге көтеру – отандық білім ошақтарының жүйелі басшылыққа алған саяси бағыты болып отыр.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте-мөте қажет» [1], – деп Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа сапалы білім, тағылымды тәрбие беру мақсатында ақпараттық технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы арта түсті.

Бүгінгі уақытта еліміздің білім беру саласы Еуростандарттықа негізделген тың ұсыныстармен, тәжерибелермен толығып, жаңа сапаға көше бастады. Бұл бағдарламалар білім беру саласына оң өзгеріс әкеліп, оның әлемдік кеңестіке енуіне мүмкіншілік туғызуда. Осыған орай, білім беруді ақпараттандыра отырып дамытудың негізгі нышандарын (индикаторларын) негіздеу, яғни нормативтік-құқықтық құжаттармен қамтамасыз ету қолға алынды.

1992, 1999, 2011 жылдары қабылданған және қайта өзгерістермен толықтырулар енгізілген «Білім туралы» заңға байланысты елімізде білім беру саласын ақпараттандыру, ізгілендіру, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгеруге байланысты тың мәселелер жылдан-жылға қолға алынуда. Мәселен, 2005 жылдан бастап Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2010-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

2011 жылы «Мемлекеттік білім берудің 2011-2020 жылға дейінгі дамыту бағдарламасы» бекітілді. Осы бағдарламада: «Білім беруді басқарудың мемлекеттік-қоғамдық жүйесін қалыптастыру; білім беру процесінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету» деген бағыт-бағдарлар атала келе: «Жоғары білім республика экономикасының барлық салалары үшін құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіби даярлауды қамтамасыз етуде, ғылым мен өндірісті біріктіруде маңызды рөл атқарады» [2], – деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен 2010 жылы 1ақпанында бекітілген Қазақстан Республикасын 2020 жылға дейін дамытудың стратегиялық

жоспарында барлық білім беру жүйесін одан әрі ақпараттандыру мен электрондық оқытуды жаппай енгізу бағдары анықталған болатын. 2011-2020 жылдарға арналған Білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында адамзаттық ресурстардың әлуетін арттыру мақсатында білім беруді түбегейлі жаңартудың басым бағыты болып электрондық оқыту аталған. Электрондық оқытуды 2015 жылға дейін республика мектептерінің 50%-ына, ал 2020 жылға дейін 90%-на енгізу жоспарланды.

2011 жылғы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, елімізде 148 жоғары оқу орны бар екен. Олардың 9-ы ұлттық, 2-і халықаралық, 32-сі мемлекеттік, 12-сі азаматтық емес, 92-сі жеке меншік. Олардың ішінде 16-ы акционерленген. Барлық ЖОО-да 595 мыңнан астам студент оқиды. Осы ЖОО-лардың профессор-оқытушы құрамы 38 мың адам, оның 14 мыңы ғылым докторлары мен кандидаттары екен.

Қазақстан Республикасы өзінің жоғары оқу орындарын әлемдік ЖОО-ның жетекші жүйесінің үлгісіне жақындастыру мақсатында 3 сатылы – бакалавриат-магистратура-докторантура /PhD/ мамандарын даярлау жүйесіне көшті. Білім беру саласында қайта құрудың ең басты кезеңі жалпы ЖОО білім жүйесін ақпараттандыру болып табылады. Осыған орай, электрондық оқу залдары мен кітапханалар жасақталып, қайта жабдықталуда. Еліміздің ХХІ ғасырға аяқ басуы, Евразиялық аймаққа кіруі, ел Президенті бастамасымен әзірленген «Қазақстан – 2030» атты стратегиялық бағдарламаға сәйкес жаңа техника мен технология үрдістерінің дамуы келешекте білім беру жүйесінің қандай бағытта өрбуі керек деген өзекті мәселені туғызды. Өркениетті елдер қатарына ену үшін еліміздің білім беру жүйесін заман ыңғайына қарай дамыту қажет. Сонда ғана біз өткенімізді тануға, қазіргі жағдайымызды еркін бағамдауымызға және келешегімізді болжап, соның негізін бүгіннен бастап қалыптастырумызға мүмкіндік аламыз. Тарихымызға көз салсақ, еліміздің тәуелсіздік алғанына аз ғана уақыт өтіпті. Соған орай, елдігімізді енді ғана әлемге таныта бастағанымызды байқаймыз. Еліміздің білім беру жүйесіне жаңа технологияларды ендіріп, ақпараттандыру, сол арқылы әлемдік білім кеңістігіне ену бүгінгі күннің басты мақсаты болып отыр. ЖОО-ғы студенттерді әлеуметтік және қоғамдық өмірдегі өзгерістерге икемдей отырып, ақпараттық-қатыстық технологияға негізделген қазіргі қоғам тірлігіне еркін енуіне дайындығын тың мазмұнды жаңашыл ЖОО-лар ғана қамтамасыз ететінін әлемдік тәжірибе көрсетуде. Мысалы, АҚШ,

Финляндия, Сингапур сияқты тағы басқа алдыңғы қатарлы дамыған елдердің АҚТ-ны білім беру жүйесінде кең қолдануы – жоғары нәтижелерге жетулерінің нақты дәлелі болып отыр. Біз де бүгінгі таңда әлемдік білім беру жүйесінің үздік үлгілеріне негізделген басым бағыттарын басшылыққа ала отырып, еліміздің білім беру жүйесін тың идеялармен, жаңа мазмұнмен, жаңа технологиялармен қамтамасыз етіп, білім беру салаларының барлығын ақпараттандыруға кірістік. Еліміздің келешегі ЖОО-ның қандай негізде құрылуына байланысты. Қазіргі дамыған технология жас ұрпақ таңдауына шексіз мүмкіндіктер беріп отыр. Бүгінгі білім алушы болашағына дұрыс таңдау жасай алатын, ұтымды шешім қабылдайтын, сондай-ақ өзінің өміріндегі өзгерістер ағымына икемделе білетін тұлға болып қалыптасуы керек. Сондықтан да жаңа мазмұнды білім беру жүйесінің алдында студентті ойлануға үйрету, қандай жағдайда болмасын алдынан шығатын түрлі мәселелерді алдын ала ойлап, шешуге қажетті іс-әрекет тәсілдерін үйрету міндеті тұр. Ол үшін білім беруді ақпараттандырудың негізгі міндеттерінің бірі – компьютерді оқыту, білім жинақтау құралы ретінде қолданып, оның мүмкіндіктерін жаңа материалды баяндауда (білімді виртуальды өмірде қолдану), үйрету программаларын қолдану арқылы виртуальды зертханалық жұмыстарды жүргізу, баяндалған материалды бекіту (тренинг), ғаламторлық технологияларды қолдануды тиімді ұйымдастыра білу қажет. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік сала мен экономиканың қажеттіліктерімен тығыз байланысты, білім беру және ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады» [3], – делініп атап көрсетілсе, «Мемлекеттік білім беруді 2011-2020 жылға дейінгі дамыту бағдарламасында»: «Білім беруді басқарудың мемлекеттік-қоғамдық жүйесін қалыптастыру; білім беру процесінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуді қамтамасыз ету» керектігі айтылған [2]. Ал ҚР «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау,

оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық, қатынастық желілерге шығу деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері жөнінде айтылған [4]. Бұл міндеттерді шешу үшін ЖОО ұжымдарының әр оқытушысының күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттілігі туындайды. Білім мазмұнының негізгі өзегі – қарқынды дамып келе жатқан қазіргі ақпараттық қоғамда өмір сүруге икемді, жеке басының пайдасына, сондай-ақ қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мен дамыту болып табылады. Отандық білім беру жүйесі дамудың негізгі үрдістері ретінде мына мәселелерді: қоғам дамуының қарқындылығына сәйкес ақпараттық қоғамға көшуді; мәдениетаралық өзара қатынас ауқымын кеңейтуді; халықаралық ынтымақтастық нәтижесінде шешілуі мүмкін ғаламдық проблемаларға назар аударуды қоғамның демократиялануын; экономиканың қарқынды дамуын; бәсекелестің өсуін; адам капиталы мәнінің артуын басшылыққа алып отыр. Әлбетте, білім беру жүйесі аталған мәселелерден басқа да бағыттарды қамтиды. Қазіргі кезеңде еліміздің білім беру жүйесінің барлық салаларын ақпараттандыруға баса назар аударылып отыр. Бұл – әлеуметтік-гуманитарлық және технологиялық, жараталыстану-математикалық, медициналық бағыттар бойынша жүзеге асырылуда. Осылардың ішінде филологиялық білім беру жүйесінің оқу-әдістемелік үдерісінің сапасын үнемі арттырып отыру талап етілуде. Сол себепті де филологиялық білім берудің жаңа технологиялармен қамтамасыз етілуі, яғни ақпараттануы маңызды мәселе болып отыр. Қазіргі ақпараттық қоғамда өндірістің дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі көрінеді. Сондықтан да отандық білім беру салалары өзінің өркендеп дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты адамға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға керек жағдай жасай алатын оқытудың жаңа технологиялары пайда болуда. Қазіргі ақпараттық қоғамда ақпараттық технологиялардың пайдасы еліміз үшін маңызды. XXI ғасыр ақпараттық-қатынастық жаңа технологиялар ғасыры болғандықтан, адамзатқа компьютерлік сауаттылығының жоғары деңгейде болуы өте қажет. Соңғы жылдары АҚТ-ны игеру әрбір жеке тұлға үшін оқу және жазу қабілеті сияқты аса қажетті шартқа айналды. Себебі алынған білім мен дағдылар бұдан әрі

көптеген жағдайда қоғамның ақпараттық даму жолдарын анықтайды. Ақпараттандырудың негізгі бағыты ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділігін арттыру үшін заманауи технологияларға негізделген жаңа білім стратегиясына көшуді талап етеді. Осығай сәйкес қазіргі білім жүйесінің негізгі ұстанымы – кедергілердің алдын алу және жоғары сапаға қол жеткізудің мүмкіндіктерін ойластыру болып отыр.

ЖОО-да филологиялық білім алып жатқан жас ұрпақты сапалы оқыту, тағылымды тәрбиелеу беру – ежелден қалыптасқан дәстүрлі оқытуға негізделіп келген еді. Бұл жүйе ұзақ уақыт бойы дамып, өз уақытына лайықты қызметін мүлтіксіз атқарды. Соның негізінде еліміздің қазіргі білім беру жүйесі құралып, енді бүгін жаңа заман талаптары мен заңдарына сәйкес әрі қарай даму сатысында тұр. Алайда оны алдағы тәжірибелермен ұштастыра отырып жетілдіру, тың идеялармен толықтырып, яғни заманауи технологияларды тиімді пайдалана отырып дамыту қажет. Осы мақсат-мүддеге сәйкес қазіргі уақытта отандық филологиялық білім беру жүйесінде оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінде жаңа технологияларды қолдану қолға алынып жатыр. Филологиялық білім беру жүйесін ақпараттандырудың өзіне тән ерекшелігі бар. Олар: білім беру өрісіне белсенді түрде кіру, арнайы оқытатын ЖОО-ны құруға бағытталған оқытудың жаңа технологиясын пайдалану және дамыту, ақпараттық-қатыстық өнімнің жаңа тәсілдері мен құралдарын оқу үрдісінің заңдылықтарына сәйкес қолдану. ЖОО-да филологиялық білім берудің басты мақсаты – әлеуметтік, экономикалық, қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуға дайын, құрзиретті тұлғаны қалыптастыруға ықпал ету болғандықтан, осы мақсатқа жету үшін әрбір оқытушы алдымен білім мазмұнының даму үрдісі (тенденциялары) мен оқу-тәрбие үдерісін (процесін) ұйымдастыруда қолданылатын білім берудің жаңа технологияларын (амал-тәсілдерін) меңгеруі керек. Қазіргі білім беру саласындағы басты мәселе ұйымдастыру тұрғысынан алғанда білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын болашақ мамандарды даярлау болып отырғандығы сондықтан. Жаңа ақпараттық технологияның көмегімен орындалатын іс-әрекет өзінің кез келген нақты жұмыс түрі мен сатысында тиімдірек орындалады, оқытушы мен студенттің уақытын үнемдеп, қажетті бағыт-бағдар бойынша пайдалануға мүмкіндік береді. Компьютермен, тіпті кез келген электронды құрал-жабдықпен жұмыс істей алу – әрбір

студенттің болашақ кәсіби білімдерін қалыптастырып қана қоймай, олардың кәсіби дағдыларын да дамытып, шығармашылық қабілетін де жетілдіріп, жалпы мәдени-рухани деңгейін де көтереді. Соңғы кезде еліміздің білім беру жүйесінде ақпараттық технологияны пайдаланып оқыту белсенді түрде жүзеге асырылуда. Бұл орайда филологиялық білім берудің өзіндік әдіснамасы (көркем мәтіннің мазмұнан білу, оны тиімді пайдалана алу, өзіндік мәтін құрастыру т.б.) болатынын мұқият ескерген жөн. Қорыта келе, қазіргі филологиялық білім беру жүйесіндегі ақпараттық жаңа технологиялар дегеніміз – электронды оқу-әдістемелік материалдардың жинтығы, оқу-тәрбие үдерісіндегі және оқу-әдістемелік қызметіндегі ақпараттық технологиялар, сонымен қатар осы технологияларды меңгертетін құралдар, оқу үрдісіндегі ақпараттық технологиялық құралдарының рөлі мен орнын, білім беру үдерісін және студенттер мен оқытушылардың еңбектерін жүзеге асыру үшін қолданудың жаңа үлгілері (формалары) мен әдістері деген анықтама беруге болады. XXI ғасыр – ақпараттық қоғам дәуірі. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Олай болса, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы. Ақпараттық – коммуникациялық технология электронды есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Ақпараттық - коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан - жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін тигізер пайдасы зор. Қазіргі заманғы білім беру технологияларын іске асырудағы механизмнің бірі - интерактивті тақтамен сабақ өткізу. Интерактивті тақтамен өткізген сабақ

оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырып, интеллектуалдық шығармашылық белсенділігін, дарындылығын дамыту факторларының бірі болса, мұғалім үшін шеберлік пен сауаттылығын арттыратын, уақытын үнемдейтін, эстетикалық талғамға сай безендірілген көрнекілік құралы болып табылады. Жаңа ақпараттық технологиялар педагогтік мүмкіндіктерін күшейтетін құрал, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Компьютерлік мүмкіндіктер психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылу керек. Соның негізінде оқытудың тиімді әдіс - тәсілдерін мұғалімнің өзі анықтап алу қажет. Білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаттары: Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру болып табылады. Олай болса, білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияны пайдалануға, Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыруға мүмкіндік береді. XIX ғасырда өмір сүрген белгілі шығыстанушы Әбубәкір Диваев былай деген екен: «Білімнің нұры себілмейінше, бірде - бір озық ел бола алмайды». Егемен Қазақстанның гүлденген өркениетті ел болуы, бүгінгі жастардың көзі ашық, білімді азамат болып жетілуіне байланысты. Әр мұғалімнің алдындағы сәулелі мұраты - өз пәнінен білім беріп қана қоймай, әр баланы шығармашылыққа шыңдау, баланың өзіне деген сенімін туғызу. Жаңа формация мұғалімі – рухани – адамгершілігі, рефлексияға қабілетті, ақпараттық – коммуникативтік, әлеуметтік – тұлғалық және басқа да құзырлылықтары қалыптасқан, шығармашыл ұстаз.

Өркениетке бет бұрған еліміздің қазіргі жастары – елдігіміздің ертеңгі тірегі, егемен еліміздің кемел келешегінің жасампаздары. Кез келген мемлекеттің ең басты ұстанымы мен қажеттілігі – барша бұқараның ертеңіне деген сенімі мен үмітін берік қалау деген қағидатқа сүйенсек, қазақстандық жас ұрпақтың да ертеңге деген оптимізі жоғары көңіл-күйде болуы қажет екені кімге де болсын түсінікті. Сол сенім мен үміт нық та берік болуы үшін әлемдік бәсекеге қабілетті мамандар дайындау үдерісі бала бақшалардан бастау алып, орта және арнаулы орта мектептерде, кәсіби орта және кәсіби жоғары оқу орындарында жалғасын таппақ. Сондықтан да бұл мәселелер оның нәтижелі болып орындалуының іргетасы және елдігіміздің келешегі болып саналатын жас ұрпақты оқытып-тәрбиелеуге, оларды одан әрі дамытуға сеп болатын педагог кадрларды дайындайтын, олардың

білім-біліктілік, кәсіби шеберлік деңгейінің жоғары болуын қадағалайтын және осы мамандарды қайта даярлап жетілдіретін педагогикалық колледждер мен жоғары оқу орындарының негізгі міндеттерінің бірі болып қала бермек.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан // Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы. - 8-14 наурыз, №10, Ана тілі. – 2007 жыл.
2. «Мемлекеттік білім беруді 2011-2020 жылға дейінгі дамыту бағдарламасы».
3. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы

МЕСТО И РОЛЬ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Т.Ф.Даулбаев- кандидат политических наук, старший преподаватель образовательного центра инновационных технологий и толерантности
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г.Алматы, Казахстан

В начале XXI века человечество вошло в новую стадию своего развития - ученые и политики, предприниматели и педагоги, все чаще говорят о наступившей информационной эре. Информационная парадигма сегодняшнего дня предполагает широкое использование информационных и телекоммуникационных технологий в образовательном процессе.

Уровень профессиональной подготовленности современного педагога в большей степени определяется тем, насколько грамотно он умеет использовать достижения телекоммуникационных технологий в своей профессиональной деятельности. Мировые тенденции в сфере образования определяют необходимость выработки у студентов системного, образного и гибкого мышления, экологической, рефлексивной и информационной культуры, творческой активности и чувства нового, чувства толерантности. **Формированию**

педагогических компетенций способствует применение интерактивных технологий и методов. Ориентация на новые цели образования – компетенции - требует не только изменения содержания изучаемых предметов, но и методов и форм организации образовательного процесса, активизацию деятельности обучающихся в ходе занятия, приближения изучаемых тем к реальной жизни и поисков путей решения возникающих проблем.

В Послании Президента Республики Казахстан - Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства», Президент особо подчеркнул, что: «Нам предстоит произвести модернизацию методик преподавания и активно развивать онлайн-системы образования, создавая региональные школьные центры. Мы должны интенсивно внедрять инновационные методы, решения и инструменты в отечественную систему образования, включая дистанционное обучение и обучение в режиме онлайн, доступные для всех желающих. Необходимо избавиться от устаревших либо невостребованных научных и образовательных дисциплин, одновременно усилив востребованные и перспективные направления. Изменить направленность и акценты учебных планов среднего и высшего образования, включив туда программы по обучению практическим навыкам и получению практической квалификации.

Создать ориентированные на предпринимательство учебные программы, образовательные курсы и институты»[1].

Инновационность в системе образования Республики Казахстан предполагает воспитание инновационной ментальности через образование, науку и профессиональное обучение. Сегодня главная цель системы высшего образования заключается не только в процессе обучения знаниям, но и в привитии учащимся навыков и компетенций, необходимых для инновационной деятельности.

В образовании одними из таких методов являются информационные технологии.

Российский исследователь Максименко Н.В. считает, что информационная технология обучения предполагает:

1. Компьютерную и информационную грамотность. К компьютерной грамотности можно отнести умение работать с вычислительной техникой. Информационная грамотность подразумевает знания основных правил получения, хранения и

обработки информации, а также умение пользоваться конкретными приемами ее реализации. Очевидно, что без использования компьютерных технологий обучения добиться решения задачи формирования информационной культуры невозможно.

2.Применение компьютера в учебном процессе. Как правило, компьютер применяется для выполнения домашних заданий, курсового или дипломного проектирования, а также в научно-исследовательской работе. В этих формах учебного процесса применяются математические модели простейших вариантов задач, достаточно хорошо известных. Вычислительные работы в компьютерных технологиях обучения должны обеспечиваться с помощью пакетов, которые реализуют модели, соответствующие данной задаче, и сопровождают наборы вычислительных программ. Такая схема позволяет студентам не только осваивать различные алгоритмы и методики решения конкретных задач, но и развивать исследовательские навыки.

3.Моделирование. Визуализация математического моделирования реальных процессов стала возможной только с применением компьютера (раньше были макеты, стенды, схемы). Благодаря этому будущие специалисты могут за годы учебы получить навыки проектирования на базе современных информационных технологий.

4.Компьютерные обучающие программы. Компьютерная обучающая программа содержит теоретический материал и блоки, позволяющие определить качество его усвоения учащимися. Несомненный интерес представляют электронные справочники и энциклопедии.

5.Дистанционное образование. Внедрение дистанционного обучения в практику вузов стало возможным в связи с высоким уровнем современной вычислительной техники и развитыми телекоммуникационными системами[2].

Возможности современных компьютерных средств обучения можно представить в виде следующей схемы.

Классификация компьютерных средств обучения (КСО), реализованных на ЭВМ



Схема классификации компьютерных средств обучения, предлагаемая А.И. Башмаковым, подразделяется на четыре класса:

Средства теоретической и технологической подготовки:

- компьютерный учебник (КУ) – компьютерное средство обучения для базовой подготовки по определенному курсу (дисциплине), содержание которого характеризуется относительной полнотой и представлено в форме учебника;

- компьютерная обучающая система (КОС) – компьютерное средство обучения для базовой подготовки по одному или нескольким разделам (темам) курса (дисциплины);

- компьютерная система контроля знаний (КСКЗ) – компьютерное средство обучения для определения уровня знаний обучаемого (тренируемого) по данной дисциплине, курсу, разделу и его оценивания с учетом установленных квалифицированных требований.

Средства практической подготовки:

- компьютерный задачник (КЗ) – компьютерное средство обучения для выработки умений и навыков решения типовых

практических задач в данной ПО, а также развития связанных с ними способностей;

- компьютерный тренажер (КТ) – компьютерное средство обучения для выработки умений и навыков определенной деятельности, а также развития связанных с ней способностей.

Вспомогательные средства:

- компьютерный лабораторный практикум (КЛП) – компьютерное средство обучения для поддержки автоматизированных лабораторных работ, в рамках которого изучаемые объекты, процессы и среда деятельности исследуется с помощью экспериментов с их моделями;

- компьютерный справочник (КС) – компьютерное средство обучения, содержащее справочную информационную базу по определенной дисциплине, курсу, теме и обеспечивающее возможности ее использование в учебном процессе;

- мультимедийное учебное занятие (МУЗ) – компьютерное средство обучения, основным содержанием которого является мультимедийная запись ре-ального учебного занятия или мероприятия (лекции, семинара, демонстрации).

Комплексных средства:

- компьютерный учебный курс (КУК) – компьютерное средство обучения, для подготовки по определенному курсу (дисциплине), в котором интегрированы функции или средства для решения основных задач теоретической, технологической и практической подготовки;

- компьютерный восстановительный курс (КВК) – компьютерное средство обучения, для восстановления знаний и умений в рамках определенного курса, в котором интегрированы функции или средства, поддерживающие разные этапы процесса повышения квалификации [3].

Сама же специфика применения инновационных методов и информационных технологий в образовательном процессе предполагает использование следующих информационных технологий:

1. Интерактивные методы обучения - это методы обучения, при которых сам процесс передачи информации построен на принципе активного двустороннего взаимодействия преподавателя и студента. Он предполагает большую активность студента, его творческое переосмысление полученных сведений. Основные критерии

интерактивной модели обучения – это возможность неформальной дискуссии, свободного изложения материала, сокращение лекционных часов при одновременном увеличении семинарских и/или практических занятий, наличие групповых заданий, которые требуют коллективных усилий, инициативность студента, постоянный контроль во время семестра, выполнение письменных работ. Интерактивные методы включают: метод проблемного изложения, презентации, дискуссии, кейс-стади, групповую совместную работу студентов, метод мозгового штурма, метод критического мышления, викторины, мини-исследования, деловые игры, ролевые игры, метод Insert (или метод индивидуальных пометок, когда студенты пишут 7-10-минутное ассоциативное эссе), метод блиц-опроса, метод анкетирования и др.;

2.Интерактивные учебные курсы – курсы построенные, с использованием средств компьютерной техники и телекоммуникаций, предполагающие интерактивное общение (в т.ч. если курс автоматизирован – с компьютером).

3.ИНТЕРНЕТ (INTERNET) – глобальная сеть отдельных сетей, которые взаимодействуют друг с другом при помощи линий связи общего пользования. Все эти сети для коммуникаций используют протокол TCP/IP. При соединении двух сетей мы получаем Интернет;

4.Интернет-обучение – это обучение, при котором студенты непосредственно связаны с источником информации или друг с другом через сеть Интернет. Специфические приемы, применяемые при Интернет-обучении следующие: 1. Проведение семинаров несколькими преподавателями в режиме онлайн. 2. Взаимное посещение студентами занятий ведущих преподавателей параллельных групп. 3. Индивидуальная психологическая работа с обучающимися. 4. Виртуальная защита выпускных работ. 5. Индивидуальные классы-лаборатории (портфолио). 6. Летучки и индивидуальные вопросы к слушателю. 7. Проведение семинаров несколькими преподавателями в режиме офф-лайн.;

5. Интернет технология обучения-это сетевая технология обучения, основанная на информационно-коммуникационных технологиях Интернет. Доминирующую роль в этих технологиях играют веб-технологии;

6. Интерфейс-технология (от англ. interface – сопряжение, взаимодействие) – способ представления компьютером информации, важной для пользователя, и способы передачи информации (команд)

от пользователя к компьютеру; в настоящее время - это то, что пользователь видит на экране компьютера с помощью аппаратного и программного обеспечения, включая тексты, графику и другую информацию. Это делает взаимодействие с программными и аппаратными средствами более удобным и позволяет пользователю работать с компьютером, а компьютеру - представлять информацию пользователю. Дизайн интерфейса должен быть удобен для пользователя;

7. Интранет (Intranet) – внутренняя сеть организации или корпорации (корпоративная сеть), построенная с использованием базовых Интернет-технологий (сеть сетей организации). Основополагающей технологией Интранет является веб-технология. Интранет может быть подключена к Интернету.

Главной задачей при подготовке педагогических кадров на современном этапе является подготовка специалистов, способных нестандартно, гибко и своевременно реагировать на изменения, которые происходят в мире. Поэтому для образовательного процесса важно использование инновационных методов обучения. К таким методам принадлежит проблемное обучение, предусматривающее формирование навыков для решения проблемных задач, которые не имеют однозначного ответа, самостоятельной работы над материалом и выработку умений применять обретенные знания на практике. Также инновационные методы обучения предусматривают интерактивное обучение. Оно направлено на активное и глубокое усвоение изучаемого материала, развитие умения решать комплексные задачи. Интерактивные виды деятельности включают в себя имитационные и ролевые игры, дискуссии, моделирующие ситуации. Одним из современных методов является обучение через сотрудничество. Он используется для работы в малых группах. Этот метод ставит своей задачей эффективное усвоение учебного материала, выработку способности воспринимать разные точки зрения, умение сотрудничать и решать конфликты в процессе совместной работы. Применяемые на современном этапе инновационные методы обучения в вузе предусматривают и метод, приоритетом которого являются нравственные ценности. Он способствует формированию индивидуальных нравственных установок, основанных на профессиональной этике, выработке критического мышления, умения представлять и отстаивать собственное мнение.

Помимо использования инновационных методов и информационных технологий в современном образовательном процессе, педагог не должен забывать о применении исследовательского метода обучения, который предполагает организацию обучения на основе поисковой, познавательной деятельности студентов путем постановки преподавателем конкретных познавательных и практических задач, которые требуют индивидуальной работы студента. Основные этапы организации учебной деятельности при использовании исследовательского метода: 1) определение общей темы исследования, предмета и объекта исследования; 2) выявление и формулирование общей проблемы; 3) формулировка гипотез; 4) определение методов сбора и обработки данных в подтверждение выдвинутых гипотез; 5) сбор данных; 6) обсуждение полученных данных; 7) проверка гипотез; 8) формулировка понятий, обобщений, выводов; 9) применение заключений, выводов.

Новации в системе образования Казахстана предполагают внедрение систем электронного обучения (e-Learning), которые определяются такими терминами, как электронное обучение, дистанционное обучение, обучение с применением компьютеров, сетевое обучение, виртуальное обучение, обучение при помощи информационных, электронных технологий. В самом общем виде, e-Learning, по определению ЮНЕСКО, – это «обучение с помощью Интернет и мультимедиа». В других источниках электронное обучение определяется: как обучение при помощи информационно-телекоммуникационных технологий (Комиссия европейских сообществ, 2000); как использование новых мультимедийных технологий и Интернета с целью улучшения качества обучения путем обеспечения доступа к ресурсам и услугам, а также к удаленному обмену данными и сотрудничеству [4]. Анализируя отечественный и зарубежный опыт внедрения систем электронного обучения (e-Learning), можно сделать вывод, что, поэтапное внедрение e-Learning в образовательный процесс Казахстана способствует укоренению в нем наиболее актуальной информационно-коммуникационной среды и создает наилучшие условия интеграции образовательного контента, расширению технологий обучения, роста профессиональных компетенций преподавателей, формированию компетенций у студентов, а так же усовершенствованию имеющихся моделей обучения.

Таким образом, применение информационно-коммуникативных технологий в современном образовании является одним из важнейших условий модернизации учебного процесса.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» от 14.12.2012 года. см. http://www.akorda.kz/ru/page/page_kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti---elbasy-n-a-nazarbaevtyn- Официальный сайт Президента РК Н.А. Назарбаева

2. Максименко Н.В. Информационно-коммуникационные технологии как источник повышения качества образования. Всероссийская научно-методическая конференция Университетский комплекс как региональный центр образования, науки и культуры Оренбург, 29 — 31 января 2014 г. с.912-915.

3. Башмаков, А.И., Башмаков, И.А. Разработка компьютерных учебников и обучающих систем. – М.: Информационно-издательский дом «Филинъ», 2003.- 616 с.

4. E-Learning: Designing Tomorrow's Education. / Комиссия европейских сообществ (2000). «Электрон-ное обучение: создавая образование завтрашнего дня» – на 8 января 2012 г. ресурс доступен по адресу: [http://europa.eu.int/ISPO/docs/policy/docs/COM\(2000\)318/en.pdf](http://europa.eu.int/ISPO/docs/policy/docs/COM(2000)318/en.pdf).

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚУ БАРЫСЫНДА ИНТЕРАКТИВТІК ӘДІСІН ПАЙДАЛАНУ

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің
«Инновациялық технологиялар және толеранттылық білім беру
орталығының» магистрі, аға оқытушы Г.Б.Бакауова, Қазақстан

Инновациялық оқу жұмысы оқу процесіне нәтижелі білім алуға бейімдейтін, жаңа технологияларды орынды енгізумен тұжырымдалады. Бұлар – кабельдік және спутниктік теледидарлар, бейнеконференциялар, телефорумдар, телемарафондар, партфолио сияқты инновациялық технологиялар, оқудағы және тәрбиелеудегі, өмірлік дағдыларды қалыптастыру жөніндегі тренингтер, соның ішінде әлеуметтік тәлімдегі және т.б. жеке-дара жетістіктер. Инновациялық тәсіл оқу процесіне – тіршілік және әрекет етудің даму динамикасы ерекшелігіне, дистанциялық оқудың өзгешелігіне және жеке тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің талаптары мен әлеуметтік пайдалы білім алуына, сеніміне, мінез-құлықтың сапасы мен өзгешелігіне, тәлім тәжірибесі мен қатынасына негізделген жаңалық енгізуге бағыттайды.

Бүгінгі таңда жеке тұлғаны емес, оның даму процесін басқару қажеттігі айқындалып отыр. Ал бұл, педагог жұмысындағы артықшылық жанама педагогикалық ықпал жасауға берілетіндігін білдіреді: тікелей жасалатын әдістерден, лозунгтардан және үндеулерден бас тартылады, артық дидактизммен, ғибаратты сарыннан тежелуді; оның есесіне бірінші орынға қарым-қатынас жасаудың сұхбаттық әдістерін, шындықты бірлесіп іздеуді, сан алуан шығармашылық әрекетті тәрбиелеуші шарттарды жасау арқылы дамытуды білдіреді. Негізгі әдістемелік инновациялар бүгінгі таңда оқытудың интерктивті әдістерін қолданумен байланысты. «Интерактив» сөзі бізге ағылшын тілінің «interact» деген сөзінен келген. «Inter»- бұл «өзара», «act» - әрекет ету дегенді білдіреді. Интерактивті сөзі - өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлде немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Демек, интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында оқытушы мен оқушының өзара әрекет етуі жүзеге асырылады. Бұл өзара әрекеттестіктің ерекшелігі мыналардан тұрады:

- білім субъектілерінің бір мағыналық кеңістікке келуі;
- күрделі мәселелер өрісінде шешілетін тапсырмаларды бірігіп көтеру, яғни бірыңғай шығармашылық кеңістікке қосылу;
- тапсырмаларды шешуді жүзеге асыратын әдістер мен құралдарды таңдауда келісушілік;
- жақын эмоциялық жағдайларда онсол күйге бірге түсуі, тапсырмаларды қабылдау мен жүзеге асыруда бойда болатын үндес сезімдерді бастан кешуі.

Интерактивті оқытудың мәні мынада, оқу процесі іс жүзінде барлық оқушы таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылуы тиіс, олардың осыған байланысты не біледі, нені ойлайды түсінуге және рефлекскеуге мүмкіндігі болуы тиіс. Таным процесінде оқушылардың біріккен іс-әрекеті, әркім өзінің жеке-дара үлесін қосатын, оқу материалдарын меңгеруді білдіреді, білімдерін, идеяларын, іс-әрекет тәсілдерін алмасу жүргізіледі. Және де бұл мейірімділік пен өзара бір-біріне қолдау көрсету аясында болады, ол тек қана жаңа білім алуға мүмкіндік беріп қоймайды, таным әрекетінің өзін де дамытады, оны қызметтестік пен кооперацияның әлде қайда жоғары нысандарына ауыстырады. Интерактивті әдістердің мәндік ерекшелігі, сипаттамасы – бұл субъектілердің өзара әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысушылардың өзара әрекеттестігі, эмоционалды, рухани бірігуі.

Интерактивті әдістерді пайдалану кезінде оқушылар түсіну процесіне толық қанды қатысушылар болады, оның тәжірибесі оқу танымының негізгі қайнар көзі қызметін атқарады. Оқытушы дайын білімді бермейді, бірақ оқушыларды өз бетімен ізденуге үйретеді. Білім берудің дәстүрлі нысандарымен салыстырғанда, интерактивті оқытуда оқытушы мен оқушының өзара әрекеттестігі ауысады: педагогтың белсенділігі оқушының белсенділігіне орын береді, ал педагогтың тапсырмалары олардың инициативасы үшін жағдай жасаушы болады.

Педагог өзі арқылы оқу ақпаратын жіберетін, өзіне тән фильтр рөлінен бас тартады, және жұмыста ақпарат көздерінің біреуінен көмекші рөлін атқарады.

Интерактивті оқыту интенсивті оқытуда да кеңінен қолданылады.

Бұл әдістерді игеру және қолдану үшін, оқытушыға топтық өзара әрекеттердің әр түрлі әдістемелерін білу қажет. Интерактивті оқыту

өзара түсінікті, өзара әрекеттестікті, өзара байытуды қамтамасыз етеді.Интерактивті әдістер ешқандай жағдайда да дәрістік материалдардың орнын ауыстырмайды, бірақ оны жақсы меңгеруге септігін тигізеді, және ең маңыздысы: пікірді, қатынастарды, мінез-құлық машығын қалыптастырады.Интерактивті оқыту әдістеріне білім алу және оны дамыту процесіне белсенді ат салысуға тарту жатады:

«Ми штурмы» (шабуыл)

- Шағын-лекциялар
- Топтардағы жұмыс
- Бақылау парағы немесе сынақ
- рөлдік ойын
- ойын жаттығулары
- жобаны әзірлеу
- жағдайлық тапсырмаларды шешу
- Сапаршыны (визитерді) шақыру
- Сарапшы топтарының пікірсайыстары
- Сұхбаттар
- Сахналау
- Жағдайдан жеңілу
- Оқушының рөліне ену
- Сюжеттік суреттерді талқылау
- Сұрақ – Квиз (бақылау) және т. б.

Интерактивті әдіске сондай-ақ әр түрлі көмекші құралдарды пайдалана отырып: тақта, кітаптар, бейне материалдар, слайдылар, флипчарттар, постерлер, компьютерлер және т.т. таныстырулар жатады. Сонымен қатар, оқу процесіне топтық пікірсайыстар, жазбаша мазмұндамалар және шығармалар, сұхбаттар, жастарды «тең – теңімен» қағидаты бойынша құрдастарымен жұмыс істеуге оқыту, бейнефильмдер мен бейнесюжеттерді қарап шығып талқылау, әртүрлі науқандар мен акцияларды өткізу.**Оқудың интерактивті әдістері үлгілері:**«Ми шабуылы»,«ми штурмы» («дельфи» әдісі) – бұл әдіс, берілген сұраққа кез-келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек. **«Ми шабуылы»** хабарландыруды анықтау керек болғанда және/немесе

қатысушылардың белгілі сұраққа қатынасы кезінде қолданылады. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады.

Өткізу алгоритмі:

1. Қатысушыларға талқылау үшін белгілі бір тақырып немесе сұрақ беру.
2. осы мәселе бойынша өзінің ойын айтуға ұсыныс жасау.
3. Айтылғандардың барлығын жазу (олардың бәрін қарсылықсыз қабылдау керек). Егер сізге ол түсініксіз болатын болса, айтылғандарды қайталап анықтауға жол беріледі (кез-келген жағдайда идея қатысушының аузынан қалай шықса, солай жазылады).
4. Барлық идеялар мен талқылаулар айтылып біткеннен кейін, берілген тапсырма қандай болғанын қайталау керек, және қатысушылардың сөзінен сіз не жазып алдыңыз соның барлығын тізіп шығу керек.
5. Қатысушылардан, олардың пікірі бойынша алынған нәтижеден қандай қорытынды жасауға болатынын және тренингтің тақырыбымен байланысты оның қалай болатынын сұрай отырып жұмысты аяқтау қажет.

«Ми шабуылы»аяқталғаннан кейін (көп уақытты алмай, орташа 4-5 минут), жауаптың барлық нұсқаларын талқылау керек, бастыларын және келесілерін таңдау қажет. «Ми шабуылы» қажеттілігіне қарай тиімді әдіс болып табылады:

- даулы мәселелерді талқылау
- талқылауға қатысуға онша сенімді емес қатысушыларды ынталандыру;
- қысқа мерзім ішінде идеяны көптеп жинау;
- дәрісханалардың дайындығы мен хабарландырылуын анықтау.

Шағын топтардағы жұмыс-Алдын ала сақтандыру оқуы процесін оқушыларға шамамен жобалап құру қажет. Аталған жағдайда ең тиімдісі топтарда жұмыс істеу. Мұндай жағдайда оқытушы диагностика мен мониторингті қамтамасыз етеді, оқу-жаттығу ортасын ұйымдастырады, алғашқыда басқа ресурстар болмаса қолдау (кеңес, нұсқаулар береді) көрсетеді.

Ұқсастығын немесе белгілі бір құбылыстардың айырмасын жариялау қажет болса, жұмыстың мұндай нысаны қолданылады, қатысушылардың әр түрлі топтарының бір және сол мәселеге қатынасын анықтайды.

Білім процесінің субъектісі ретінде топтың интерактивті режимін енгізу не береді? Бұл, ең алдымен:

- Қарым-қатынас жасау және өзара әрекет ету машығын дамытады.
- Топтың бағалық-бағыттаушылық бірлігін қалыптастырады.
- Жағдайға байланысты әлеуметтік рөлдер сменасының икемділігін кеңейтеді.

Тарих сабағында тестпен жұмыс сынағы:Тест сынағы әдісінің көмегімен жастардың хабарландырылу деңгейін немесе олардың талқыланатын тақырыпқа қатынасын анықтайды. Тест сынағын дұрыс жасау әдісі орынды болуы тиіс: олар сауатты, анық, ұғынықты тілде жасалуы қажет және оқушылардың сезімін қорғауы керек.

Тест сұрақтарын ала отырып оқушылар оларды назар сала оқулары және тиісті графада өздерінің жауап нұсқаларын: «дұрыс», «дұрыс емес», «білмеймін» деп белгілеулері тиіс.

Содан кейін, егер тест жасырын болмаса, жауаптары сабақтарда немесе топтарда талқыланады. Жасырын тест сынағы қорытындысын оқытушылар (тренерлер) шығарады. Ал кәдімгі тест сынағы қорытындысын – жауаптарын оқушылармен бірге талқылағаннан кейін оқытушылар (тренерлер) шығарады.

Рөлдік ойын:Рөлдік ойын - бұл өмірлік жағдайлардың белгілі бір мінез-құлық немесе эмоционалдық жақтарын меңгеру ниетінде алдын-ала бөлінген рөлдер арқылы қатысушы топтардың сахналап ойнауы.Рөлдік ойындар шағын топтарда (3-5 қатысушы) жүргізіледі. Қатысушылар карточка арқылы (тақтада, қағаз парақтарда және т.б.) тапсырма алады, рөлдерді бөледі, жағдайды ойнайды және барлық топқа ұсынады (көрсетеді). Оқытушы балалардың мінез-құлқын ескере отырып рөлді өздері бөледі.

Бұл әдістің артықшылығы сол, әрбір қатысушы өзін ұсынылған рөл жағдайында көрсетеді, сол не басқа жағдайды айтарлықтай шынайы байқайды, сол не басқа әрекеттердің салдарларын сезінеді және шешім қабылдайды.

Жұмыстың аталған нысаны ойын жағдайларын құрастыру жолымен, тапсырылған шарттармен алдын ала белгіленген мінез-құлқын, сол немесе басқа жағдайларда адамдардың мінез-құлқы мен эмоционалдық реакциясын бейнелеу үшін қолданылады.

Шағын лекциялар:Шағын лекциялар теориялық материалды ұсынудың тиімді материалдарының бірі болып табылады. Оны бастар алдында алдыда тұрған тақырыппен байланысты, ми штурмын немесе рөлдік ойынды өткізу қажет, ол қатысушылар үшін оның маңызын

арттырады, оларды ақпараттандыру дәрежесі мен тақырыпқа қатынасын анықтайды.

Материал қатысушылар үшін ұғынықты тілде мазмұндалады. Әрбір терминге анықтама беру қажет. Теорияны «жалпыдан жекеге» қағидаты бойынша түсіндірген дұрыс. Келесі сұраққа көшер алдында айтылғандардың бәрін жинақтау және сіздің дұрыс түсінгеніңізге көз жеткізу керек. Беделді қайнарларға сүйену маңызды және айтылғандардың бәрін – сіз ойлап таппағаныңызға, оны осы саладағы мамандар зерттеп және сипаттағанына назар аудару керек. Ойын аяқталғаннан кейін қатысушыларда пайда болған барлық сұрақты талқылау керек, содан кейін, аталған ақпаратты тәжірибеде қалай қолдануға болады және мұны қандай нәтижемен жүргізуге болады, соны сұрау керек. Шағын лекцияларды интерактивті режімде өткізу ұсынылып отыр: қандай да бір ақпаратты хабарлар алдында тренер қатысушылар бұл туралы не білетінін сұрайды; қандай да бір бекітуді ұсынғаннан кейін тренер бұл мәселе бойынша қатысушылардың ой-пікірін талқылауға ұсыныс жасайды. **Жобаны әзірлеу:** Бұл әдіс қатысушыларға ойша аудиториялардан шығып, талқыланатын мәселе бойынша өз әрекетінің жобасын жасауға мүмкіндік береді. Ең бастысы, топ немесе жекелеген бөлімшелердің өз жобасын қорғайтын, басқалардың алдындағы өзінің артықшылығын дәлелдейтін және достарының пікірін білуге мүмкіндігі болады. Қатысушылардың мамандандырылған мекемелерден кеңес алуға, кітапханалардан әдебиеттер алуға және т.б. алуға мүмкіндіктері бар.

Резюме

В этой статье показано применение интерактивных методов и инновационных технологий в преподавании исторических дисциплин.

Тарихты оқыту жүйесіндегі жаңашылдық пен ақпараттық-технологияларды дамытудың кейбір мәселелері

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «Инновациялық технологиялар және толеранттылық білім беру орталығының» магистрі, оқытушы Г.М.Көккөзова, Қазақстан

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген. Бұл міндеттерді шешу үшін әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәрбиеге, жаңа қарым-қатнасқа өту қажеттігі туындайды. Сондықтан да, әр мұғалім өз әрекетінде қажетті өзгерістерді, әр түрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды, жаңа әдіс тәсілдерді кезінде қабылдап, дұрыс пайдалана білуі керек. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы барысында орта білім берудің жүйелі реформалануы қоғамдық тұрғыдан үлкен маңызға ие. Білім беруді реформалауды жүзеге асырудың және бір маңызды сипатты қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттігінен тауып отыр. Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп өміріне енгізіліп отыр. Ал, жаңа педагогикалық технологиялар оқушының шығармашылық қаблеттерін арттыруға өз үлесін қосады.

Жаңа технологияны қолдану төмендегідей кезеңдер арқылы іске асады.

- I кезең-оқып үйрену
- II кезең- меңгеру
- III кезең-өмірге ендіру
- IV кезең-дамыту

Жаңа технология мен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғы шарттар қажет:

-оқу үрдісін интенсивтенттіруді жаппай қолға алу;

Электрондық әдістемелік жүйені жасаудағы жүйелік әдіс жүйені біртұтас етіп көрсететін жалпы, өзгермеуші сапа арқылы жүзеге асырылады. Мұндай сапаларға икемділікті, қозғалмалылықты, әр түрлілікті, бейімділікті, тұрақтылықты, болжаушылықты, тұтастықты жатқызуға болады (Б.С. Гершунский).

Өзгермеушілік сапалардың болуы жалпы электрондық әдістемелік жүйені басқарумен қатар оның шағын жүйелерінде (психология, педагогика) басқару мүмкіндігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Колледждің практика жұмысына ЭӘЖ-ді енгізу әдістемелік жұмысты басқарудағы білім беруді ұйымдастыруда басқарушылардың қызметтік жүктемесін едәуір өзгертері хақ.

Әдебиеттер:

1. Курманалина Ш.Х. Методология и технология создания электронной методической системы в условиях информатизации образования. – Алматы, Алем, 2002.
2. Нургалиева Г.К. Методология информатизации начального и среднего профессионального образования // Қазақстан кәсіпкері, 2002, № 4.
3. Нургалиева Г.К., Тажигулова А.И. Опыт и перспективы информатизации образования. // Вестник НЦП им.Абая, № 27.
4. Тажигулова А.И. Педагогические принципы конструирования электронных учебников в условиях информатизации профессионального образования: Дис... к.п.н.: 13.00.08. - Алматы, 2000.
5. Зенкина С.В. Информационно-коммуникационная среда, ориентированная на новые образовательные результаты. Москва, 2007.
6. Лукичева Е.Ю. Информационно-образовательная среда как фактор профессионального и личностного развития педагога [Электрондық ресурсы] / <http://rois.loiro.ru/>

Резюме

В статье на основе теоретического анализа конкретизируется термин “электронно-методическая система” и осматриваюся его сущность в образовании. Рассматриваются сфера использования электронно-методической системы в учебном процессе.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. “Қазақстан - 2030” дейінгі “Қазақстанның даму шараларын іске асыру стратегиялары туралы” Президент жарлығы 28.01.04 1998
2. Доклад Конференции организации объединенных нации по окружающей среде и развитию. ООН, Нью-Йорк, 1993.
3. Международная Конференция ООН по окружающей среде РИО - 1982
4. Қазақстан Республикасында 2004-2015 жылдарға арнаған экологиялық қауіпсіздікті сақтау туралы тұжырымдамасы. Астана. 2003.
5. “Қоршаған орта туралы заңдарды қолдану” Алматы 2000, 7 б.
6. Қазақстан Республикасында үздіксіз кәсіби педагогикалық білімді дамыту тұжырымдамасы. Астана, 2004.
7. Мұқанова Б.Ы. Тәрбие мақсатының әлеуметтік негіздері. Педагогика оқулығы. Алматы, 2003, 8-9 Б.
8. Шілдебаев Ж.Б. Экологияны мектепте оқыту әдістерін өзекті мәселелері “География және Табиғат”, Алматы №1,2004, 25-30 Б.
9. Шыңғысбаева Ш. Экологиялық білім беру жолдары. Қазақстан географиясы және экология. 10-11 Б.
10. Аймағамбетова Қ. Педагогикалық үрдісті экологиялық білім мен тәрбие беру негізінде ұйымдастыру. “Бастауыш мектеп” №10, 2003 ж, 16-17 Б.

БІЛІМ БЕРУДЕ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Сралиева А.А.
№42 «Ақ ниет» гимназиясы
Орал қ., Қазақстан

«Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі
үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет».

Шоқан Уәлиханов

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында педагог мамандардың біліктілігін көтеру – бігінгі күннің негізгі міндеттерінің біріне айналып отыр. Сондықтан педагог мамандардың біліктілігін көтеруді ақпараттандыру туралы тұжырымдама, стандарт және оқу – тақырыптық жоспарларын жасақтау қажет. Аталған қажеттілікті шешу барысында педагог мамандардың біліктілігін ақпараттық технологияны өз қызметтеріне пайдалану саласы бойынша тұжырымдама, модульдік жұмыс бағдарламалары жасалынады. Қоғамда ақпараттандыру, есептеу техникасы құралдары кеңінен таралуымен байланысты, оқу процесін ұйымдастыруға, сол сияқты білім берудің мазмұнын өзгертуге де елеулі ықпал етеді. Білім беру жүйесіндегі қайта құрулардың негізгі субъектісі – мұғалім.

АҚТ – педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек. Оқыту бағдарламасының тек сыртқа емес, ішкі тиімділігіне көп көңіл бөлген жөн.

АҚТ

мақсаты:

- ақпараттық – коммуникациялық технологияны оқу процесіне енгізу жағдайында тұжырымдамалық негізін жасау және оны жүйелеу;
- білім беруді ақпараттандыру кезеңіне педагог мамандардың біліктілігін көтеру.

Бұл қойылған мақсаттарды шешу үшін келесі міндеттерді қарастырамыз:

- білім беруді ақпараттандыруды дамыту тенденцияларын зерттеу және оған сәйкес мазмұнын анықтау;
- педагог мамандарды ақпараттық – коммуникациялық технологияны өз қызметтеріне енгізуге байланысты ұйымдастыру жүйесін жасау;

Ақпараттық – коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында : «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» - деп көрсетілген. Солардың бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады. Сондықтан кез – келген білім беру саласында мультимедиялық электрондық оқыту құралдары барлық пәндерді оқытуға пайдаланады. Бұл бағытта ақпараттық технологияны оқыту үрдісіне екпінді түрде енгізу бағытында және қолданылатын жаңа құралдардың бірі – бағдарламалық – техникалық кешен болып саналатын «Активті экран» болып табылады.

Бағдарламалық – техникалық кешеннің құрамына кіретін интерактивтік тақтаны мұғалімге сабақты қызықты және динамикалық түрде мультимедиялық құралдар көмегімен оқушылардың қызығушылықтарын тудыратындай оқуға мүмкіндік беретін визулды қор деп те атауға болады. Сабақты түсіндіру барысында мұғалім тақта алдында тұрып, бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне құжаттарды DVD, CD-ROM және Интернет ресурстарын қолдана алады. Бұл кезде мұғалім қосымшаны іске қосу, CD-ROM, Web- түйін мазмұнын қарастыру, ақпарат сақтау, белгі жасау тышқанды ауыстыратын арнайы қалам арқылы жазу және т.б. әрекеттерді жеңіл орындай алады.

Елбасы атап көрсеткендей «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» - жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісіне оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Сабақ материалы Power Point презентациясы немесе мәтіндік ақпарат түрінде беріледі. Сонымен қатар, материалдың құрамына кесте, диаграмма, сурет, басқарушы батырмалар, гиперсілтемелер, графиктер болады. Түсіндіру барысында мұғалім тақтаның алдында тұрып жасырулы ақпаратты және объектілерді көрсете алады және өзгертеді. Сабақтың соңында қолданылған материалды есте сақтап, қажет жағдайда қайталап қолдана алады. Интерактивтік тақтамен жұмыс істеу барысында жасалған файлдар белгілі бір форматпен сақталады, сонымен қатар PDF форматында да сақтап, оқушыға электрондық пошта арқылы жіберуге болады. Мұғалім алдын – ала дайындаған сабақты оқушының білімін, біліктілігін, дағдысын бақылауға бағытталған тапсырмаларды орындауға береді. Сабақтың барысында тапсырманы орындау бойынша ауызша түсіндіру жүргізіледі, интерактивтік тақтаны пайдалану арқылы теориялық материал қайталанады. Қажетті жағдайда, мұғалім тақта арқылы мысал есепті шығаруды, графиктерді құруды, құрал – саймандарды қолдануды көрсетіп түсіндіреді. Мұғалім оқушыны тақтаға шығарып, оқушыға жеке тапсырма береді, оған қалғандардың көңіл бөлу үшін бағыт береді және бақылап отырады.

Сонымен, интерактивтік тақта сабаққа қатысушылардың барлығының ойын бір ортаға жинақтап, қажет ақпаратты өңдеу арқылы жалпыланған ақпараттық біліктілікті қалыптастыратын тиімді құрал болып табылады. Алдын ала дайындалған оқу материалдары – презентациялар, мәтіндік, графикалық ақпараттық объектілер – сабақтың жақсы өтуін және барлық ақпарат түрлерін қолдануды қамтамасыз етеді. Сонымен «Активті экран» кешенін қолдану арқылы оқыту үрдісінде жаңа дидактикалық мүмкіншіліктерді ашуға мүмкіндік береді.

Орта білім беру жүйесін ақраттандырудың негізгі мақсаты оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Осы мақсатты орындау барысында оқушылардың мәдениетін қалыптастыруда жаңа әдістерді қолдану қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр : компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, интерактивті құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасы көтеру.

Компьютер және интерактивті құралдар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстармен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашу керек. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағында, оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологияларды ғана тиімді деп санауға болады.

«Е - Learning» - жаңа ақпараттық коммуникациялық технологиялармен бірге әлемнің барлық елдерінің білім беру жүйесіне енгізіліп отырған электронды оқыту жүйесі, бүгінгі таңда оның көмегімен экономика мен қоғамның бірде-бір саласының ілгерілеуі мүмкін емес. Электронды оқыту жүйесі оқушыларды алдағы уақыттарда болады деп күтіліп отырған барлық қызмет түрі электронды түрде жүзеге асырылатын, ал кәсіби қызметтің барлығы Интернет, компьютерлер мен желілік әлеуметтік және кәсіби қоғамдастықтар арқылы ғана жүзеге асырылатын жаңа өмірге дайындайды. Бұл үшін мектептер мен колледждерге арналған басқару жүйесінің технологиялық инфрақұрылымы әзірленген, онда мектеп - (SMS), сынып (CRMS), оқыту (LMS), тестілеу (TMS), әлеуметтік көзқарас (CMS), психологиялық – педагогикалық мониторинг (MPcMS) және білім беру саласындағы пәндік электронды әдістемелік жүйелер (MMS) қарастырылған. Аталып өтілген қсы құрамдас бөліктердің барлығы компьютерлік бағдарлама ретінде әзірленген, мұғалімдер мен оқушылар, директорлар және олардың орынбасарлары, медицина қызметкерлері және кітапханашыларға арналған функционал ретіндегі электронды оқыту жүйесінің ортақ платформасы болып табылады. Әрбір жүйе бойынша келіп түсетін ақпараттар ағыны оны басқарып отырған кез – келген білім деңгейіндегі тұлға үшін туындаған жағдайды толық меңгеруге, білім беру ұйымының рейтингін және олардың даму перспективаларын анықтауға мүмкіндік береді. Электронды оқыту жүйесімен бірге білім беру мазмұны да жаңа цифрлық форматқа көшетін болады. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ойындар арқылы білім мен тәрбие беруге негізделген компьютерлер, орта мектептерде электронды оқулықтар.

Ақпараттық және коммуникациялық технологияны сабақта қолдану барысында оқуға деген қызығушылығы қалыптасып көзқарасы кеңейеді. Ақпараттық және коммуникациялық

технологиялар мен бірге білім саласында, оқу әрекетінде және шығармашылық жұмыста жаңа мүмкіндіктер ашылады. Ақпараттық және коммуникациялық технологияны пайдалану арқылы тұлғаның – танымдық, адамгершілік – құлықтық, шығармашылық және эстетикалық потенциалды жүзеге асыруға тырысады. Бұл потенциалды жоғары деңгейде жүзеге асыру үшін педагогикалық құзыреттілікпен қамтамасыз ету қажет. Ақпараттық және коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құрманалина Ш.Х. Педагоганың логикалық-құрылымдық курсы. – Алматы, 1996.[656 бет]
2. Мұхамбетжанова С.Т. «Ақпараттық технология және қашықтан оқыту» п,ғ,к., ББЖКБАРИ
3. Нургалиева Г.Қ. Педагогиканың логикалық-құрылымдық курсы. – Алматы, 1995.[80 бет]
4. Сабиров Т. Оқушылардың белсенділігін арттыру жолдары.- Алматы.1978-[216 бет]
5. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы
6. Қазақстан Республикасының жоғарғы педагогикалық білім концепциясы. Астана, 2005ж
7. Қазақстан халқына Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жолдауы «Қазақстан-2050:Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Егемен Қазақстан 29 қаңтар 2014 ж
8. Электронды жүйені оқытудың тұжырымдамасы 2010-2015 ж
9. «Әдіскер жаршысы» №5, 2006 ж [44,45 бет]
10. «Информатика негіздері» №4 2004 ж [2 бет]

ИНФОРМАТИКАДА СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫ ӨТКІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Арыстанова А.Б. аға оқытушы,
Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық
университеті, Орал қ., Қазақстан

Қазіргі кездегі жүргізіліп жатқан білім беру жүйесін қайта құру әлеуметтік, экономикалық өзгерістерге бейімделе алатын, психологиялық, педагогикалық негіздері тұрақты, байыптауға қолайлы жаңа сипаттағы үлгілерді қалыптастыруға сипатталған. Яғни, оқушыларға тек белгілі бір білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оқытудың әдістері мен құралдарын пайдалана отырып, жастарды жан-жақты тәрбиелеу, олардың жеке тұлғасын, рухани әлемін, ынтасы мен қабілетін басты орынға қою қажет.

Информатиканы оқыту әдістемесіндегі өзекті мәселелердің бірі – сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру болып табылады. Олай дейтін себебіміз оқушылардың шығармашылық қызметінің дамуы көбінесе сыныптан тыс жұмыстар барысында жүзеге асады. Оқыту барысындағы оқушылардың танымдық белсенділігі мен ізденімпаздық шығармашылығы, оны арнайы басқарудың маңыздылығын кезінде Сократ та атап көрсеткен. ХХІ ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан мектепте, арнаулы оқу орындарында оқытылатын информатика пәнінің орны ерекше және оны сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру барысында жүзеге асады. Дәстүрлі оқыту пәндерінен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыс түрлерін информатика пәнінен де ұйымдастырылады.

Бүгінгі ақпараттандыру заманында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту мәселесі білім берудің ең жоғарғы мақсаттарының бірі болып отыр. Информатикадан сыныптан тыс жұмыстар компьютер мен ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндіктерін беретін пәнаралық байланыс түрінде ұйымдастырылады. Компьютерді қолданып басқа пәндерден сыныптан тыс шаралар өткізу оқушылардың дүниетанымы мен қызығушылықтарын арттыра түседі. Себебі, оқушылар ақпараттық технологиялар мүмкіндіктерімен жұмыс жасауда өздеріне қажет мағлұматтарды өз бойларына игеріп, шығармашылық қабілетін дамытады. Ақпараттық технологиялар мектеп пен ақпараттық қоғамды

өзара байланыстырады. Оқушылар ақпараттық технологиялар туралы нақты білімге негізделе отырып, олардың ғажайып сырларын ашады, ал аталған технологиялар оқушылардың білімге, еңбекке деген құштарлығын арттырады, ақпараттық қоғамға, өз еліне аз да болса пайда келтіруге ынталандырып, ақпараттық технологиялар жайлы түсінігін кеңейтеді.

Ақпараттық технологиялар оқушылардың сабақтан немесе оқулықтан дайын білімді алуын ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің басшылығымен оқушылардың өзіндік жұмыстарын, ізденіс-зерттеу әдістерін қамтиды. Бүгінгі таңда жас ұрпақты шығармашылық қабілеті дамыған тұлға етіп тәрбиелеуде және оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруда сабақтан тыс жұмыстардың маңызы зор. Сыныптан тыс жұмыстар оқушының жеке тұлға болып қалыптасып, жан-жақты білім алуының, шығармашылық қабілетінің дамуының негізгі жолдарының бірі [1].

Әр адам бала кезден өмірде үлкен жетістікке жетуді армандайды. Көпшілігі ерте кезден бастап белгілі бір іс-әрекетке қабілеттілік байқатады (сурет салады, билейді, өлең айтады, белгілі бір музыкалық құралда ойнайды, мүсін салады). Бірақ, бұл қабілеттілікті қалыптастырып, жүйелі дамытып отырмаса, ол қасиет жас өскен сайын жойыла бастайды, жас жеткіншектің болашақ кәсіби өміріне бағыт-бағдар бере алмайды. Қазіргі әлеуметтік – экономикалық жағдайда кәсіби жетістікке жалпы және арнайы қабілеттілік, білімділік, шығармашылық арқылы ғана жетуге болады.

Сабақтан тыс жұмыстарында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін ақпараттық технологияларды пайдалану оқушылардың ерік-жігерін тәрбиелеп, пәнге деген қызығушылығын арттыра түсіреді, берілген тапсырманы дұрыс орындап, жауапкершілікпен қарауға, алдына қойған мақсатқа жетудегі табандылық, тапқырлық, шыдамдылық, байқағыштық секілді мінездің сапаларына дағдыландырады.

Информатика курсы бойынша жүргізілетін дәстүрлі сыныптан тыс жұмыс түрлеріне: үйірме, факультативтік курстар, экскурсия, олимпиада, әртүрлі қызықты кештер мен сайыстар, ғылыми жұмыстарды жатқызуға болады. Оқушылардың информатика пәніне қызығушылығын арттыру, ой-өрісін және танымдық қабілеттің дамыту, шығармашылыққа баулу, өз ойын еркін жеткізе білу және

өткенді шапшаң еске түсіру дағдыларын қалыптастыру мақсатында сыныптан тыс өтілетін сайыстардың маңызы зор.

Сыныптан тыс жұмыс ұғымы өте кең. Ол мазмұны, бағыты, әдісі, тағайындалуы, формасы мен жолдары жағынан білімділікті қажет етеді. Мысалы, үйірмелер отырысы, қосымша сабақтар, мерекелік шаралар мен кештер өткізу осы сыныптан тыс жұмыстарға жатады. Бірақ кей жағдайларда оқушы белсенділігі мен басқаруында болады.

Сыныптан тыс жұмыс – бұл оқытушылар мен оқушылардың сыныптан тыс уақыттағы әртүрлі «іс-әрекеттері мен іс-шараларын» ұйымдастыру болып табылады. Сыныптан тыс жұмыс-сыныптан тыс уақыттағы өткізілетін және оқу жоспарына кіретін әртүрлі оқу-тәрбиелік іс-шаралар. Тәрбие жұмысының негізгі бөлігі болып саналатын сыныптан тыс жұмыстар-баланың өмірге қажетті әлеуметтік ортадағы тәжірибесі мен қоғамдық құндылықтарды қабылдауын қалыптастырады.

Түрлі формадағы сыныптан тыс жұмыстар оқушының күнделікті сабақта байқала бермейтін жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашады. Сыныптан тыс жұмыстың әр түрлі болуы оқушының өзіне сенімділігін, өзін дұрыс бақылауын қалыптастырады, сонымен қатар әртүрлі жұмыстар оқушының іс-тәжірибесі мен дағдысын, Адам қызметінің әртүрлілігі туралы білімі мен біліктілігін арттырады. Сыныптан тыс жұмыстарда оқушылар бір-бірімен барлық жағынан қарым-қатынаста болады. Әртүрлі сыныптан тыс жұмыстарда оқушылар өзінің жаңа қабілеттерін ашып қана қоймай, ұжымдасып жұмыс істеуге үйренеді. Әр түрлі сыныптардың оқушыларын біріктіре отырып жүргізілген сыныптан тыс сабақтар бүкіл мектеп ұжымының топтаса түсіуіне себепші болады. Әр түрлі сыныптардың оқушыларын біріктіретін үйірмелерде ересектеу балаларын өзінен кішілерге қамқорлық жасауларына, жолдастық өзара көмекті өрістетуге жақсы жағдай туғызылады. [2].

Информатикадан факультатив сабақтарының негізгі мақсаты оқушылардың білімдерін тереңдету кеңіту, пәнге деген оқушының қызығушылығын дамыту, қабілетін дамыту, информатикамен өз бетінше жұмыстар атқаруға талғамдары мен қызығушылықтарын ояту, шығармашылықтары мен белсенділіктерін тәрбиелеу мен дамыту болып табылады.

Информатикадан сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру әдістемесіне жүргізілген талдаулар факультативтік сабақтар мен олимпиадалар өткізу мәселесімен ғана шектеледі. Бүгінгі ақпараттық қоғамда өмір сүруге лайық, жан – жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру үшін мектепте оқытылатын пәндер бойынша оқушының шығармашылық қабілетін дамытатын әртүрлі сабақтан тыс жұмыстар ұйымдастыру қажет екені белгілі. Осындай жұмыс түрі информатика курсы бойынша жүргізілетін сабақтан тыс жұмыстардың бірі – оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру болып табылады. Информатика пәні бойынша сабақтан тыс жұмыстарды зерттеуге арналған еңбектер өте аз, тіпті жоқтың қасы деуге болады. Бұл мәселе оқушылардың түрліше ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытатын информатика пәнінен ғылыми – зерттеу жұмысын ұйымдастыру әдістемесін жасау информатиканы оқыту әдістемесі теориясындағы негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін информатиканы оқыту процесінен тыс оқу жұмыстары ұйымдастырылуы тиіс. Информатика пәнінен өткізілетін оқушылардың ғылыми – зерттеу жұмысының мазмұны мен өткізілу формасын оқытушылар қадағалауы тиіс.

Егер информатикадан ұйымдастырылған ғылыми – зерттеу жұмыстарын өткізу әдістемесі оқу процесіне енгізілсе, қоғамдағы және табиғаттағы процестерді зерттеу элементтері мен ғылыми көзқарасы қалыптасып, информатика пәніне деген қызығушылығы артады; оқушының оқу мүмкіндігі мен қажеттілігі, оқуға мүдделілігі толық іске асырылуы негізінде тұлғалық даму мүмкіндігі пайда болады; өзіндік шығармашылық ойлау жүйесі қалыптасып, білім деңгейі жоғарылайды. өзіндік шығармашылықты жүзеге асыру төмендегідей міндеттердің шешілуін талап етеді.

Біріншіден, информатика пәнінен өткізілетін ғылыми – зерттеу жұмысының мазмұны мен құрылымын анықтау алдыңғы кезекте қарастырылатын негізгі мәселе болып табылады. Екіншіден, информатика пәні бойынша өткізілетін сабақтан тыс жұмыстардың құрылымына дамытушы компоненттерді енгізу тәсілін анықтау қажет екені көрінеді. Сабақтан тыс кездегі информатикадан шығармашылық қабілеттіліктің даму тәсілдері осы салада жинақталған педагогикалық тәжірибеге, нақты педагогикалық материалдарды ұйымдастыруға,

оқыту тұжырымдамасына, дидактикалық принципке байланысты екені көрініп тұр. Осы саладағы жүргізілген зерттеулерден, біріншіден, оқушының шығармашылық қабілетінің тайыздығы немесе мүлдем жоқтығы, екіншіден шығармашылық қабілеттіліктің даму қорытындысы мен оған педагогикалық тұрғыдан әсер етудің арасындағы қиыншылық байқалады. Информатика пәнінен оқушыларды ғылыми – зерттеу жұмыстарына бейімдеу ақыл-ойды сатылап қалыптастыру теориясына сай жүргізілген жағдайда оқушылардың стандарт талаптарын қанағаттандыратын оқу жұмысына қол жеткізуге болады. [3].

Ақпараттық технологияларды енгізу және ақпараттық ортаны қалыптастыру еліміздегі білім беру жүйесінің түбірлі өзгерістеріне негіз болды. Ақпараттық технологиялардың білім беру жүйесінде кеңінен қолданылуы – дәстүрлі сабақтың аясында тұрып қалмай, оқушылардың өзіндік қызметінің түрлі формаларын жан-жақты қарастыратын сыныптан тыс жұмыстар, зерттеу, жобалау және мәселелік әдістерді тәжірибе жүзінде кеңінен қолдануға міндеттейді. Ал, бұл міндетті шешуде қазіргі ақпараттандыру жағдайында оқушының жеке тұлғалылығын қарастырып, ақпараттық қоғамда өмір сүруіне, сонымен қатар, оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім табуына қажет ақпараттарды технологияларды таңдап алу және оларды қолдану қабілеттілігін қалыптастыруда информатика пәнінің маңызы зор. Информатика пәнін оқыту барысындағы сыныптан тыс жұмысы компьютерлік технология негізінде ұйымдастырылған әдістемеге сай жүзеге асырылса, онда қоғамдағы және табиғаттағы процестерді зерттеу мен ғылыми көзқарасы қалыптасып, информатика пәніне деген қызығушылығы артады, өзіндік шығармашылық ойлау жүйесі қалыптасып, білім деңгейі жоғарылайды және шығармашылық қабілеттері дамиды. Информатика пәнінің көп жақтылығын ескере отырып, оқушыларға тек қана дәрістік тәрбие беріп қана қоймай, сонымен бірге сыныптан тыс уақытта әр түрлі ғылыми жаңалықтарды пайдалану арқылы білім деңгейін көтеруге болады.

Сыныптан тыс жұмысты жоспарлауды оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудан бастау қажет. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытатын информатика пәнінен ғылыми – зерттеу жұмысын ұйымдастыру әдістемесін жасау информатиканы оқыту әдістемесі теориясындағы негізгі мәселелердің

бірі болып табылады. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін информатиканы оқыту процесінен тыс оқу жұмыстары ұйымдастырылуы тиіс. Информатика пәнінен өткізілетін оқушылардың ғылыми – зерттеу жұмысының мазмұны мен өткізілу формасын қытушылар қадағалауы тиіс.

Қазіргі қоғамды ақпараттандыру жағдайында оқушының жеке тұлғалығын қарастырып, ақпараттық қоғамда өмір сүруіне, сонымен қатар, оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім табуына қажет жаңа ақпараттық технологияларды тандап алу және оларды қолдану қабілеттілігін қалыптастыруда информатика пәнінің маңызы зор.

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік демократиялық өзгерістерге сәйкес компьютерлік техника мен ақпараттық технологиялардың қарқынды даму салдарынан информатика курсын оқытуға қойылатын талаптар күн сайын ұлғаюда. [4].

Информатика пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруды зерттеуге арналған еңбектер өте аз, тіпті жоқтың қасы деуге болады. Информатика және оның қолданулары бойынша жүргізілетін факультативтік курстар және программалау тілдерінен факультативтік курстар ұйымдастырудың орны ерекше және информатика пәнінен оқушылардың ғылыми – зерттеу жұмысын ұйымдастыру қажет. Оқушылардың информатикадан алған теориялық білімдері мен біліктерін тексеру мақсатында – сыныптан тыс жұмыстарды, сайыс сабақтарын көп дайындау керек. Сонда ғана біздің оқушыларымыз ғылыми сайыстар мен олимпиадаларда жоғары жетістіктерге жететіндігіне сенуге болады

Қорыта келгенде айтарым, информатикадан ұйымдастырылатын сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыра отырып, тұлға ретіндегі танымдық белсенділіктерін арттырудың және шығармашылық қабілетін дамытудың маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Білім беру жүйесінде коммуникациялық технологиялардың көмегімен оқушылардың дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыру //Вестник КазНПУ им.Абая. – Алматы, 2005. №2(13). – Б.161-165.

2. Халықова К.З Информатиканы оқыту әдістемесі. Алматы, 2000.
3. Даулеткулов А.Б. Олимпиады по информатике. Алматы, 1999.
4. Кудинова В.И. Внеклассная работа по информатике. М., 2001 N 1. Информатика и образование.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ОҚУ ІС - ӘРЕКЕТІНДЕГІ ОЙЫННЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ

М.А. Буентаева оқытушы
Орал гуманитарлық колледжі
Орал қ., Қазақстан

«Ойын – бала үшін өмірлік тәжірибе»

(М.Жұмабаев)

«Қазіргі жас буын, бүлдіршіндер – мемлекетіміздің мығым тірегі»
- деп

Елбасы Н. Ә. Назарбаев атап көрсеткендей, жас өспірімдердің жан - жақты даму негіздері – мектепке дейінгі мекемеден бастау алады.

Қазіргі уақытта балаларды оқытуға арналған әдістемелер соның ішінде ойын технологиясы кеңінен пайдалану үстінде. Яғни, ойындарды игеру балаларды жан - жақты болуына зор ықпалын тигізеді. Балалардың оқу іс - әрекетін арттыру үшін ойын элементтерін тиімді пайдалану керек. Ойын арқылы бала қоғамдық тәжірибені меңгереді, сондықтан әр оқу іс - әрекеті барысында қандай ойын түрлерін қолдануға болатынын оқу іс - әрекетінің мазмұнына, мақсатына, жас ерекшелігіне сәйкес таңдалуы керек екендігі назарға алынғаны дұрыс. Яғни, бала тілін дамыту барысында ойын элементтерін қолдана отырып, құзіреттілік тапсырмалар арқылы балалардың өздігінен дамуға, жетілуге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға арналған бірден - бір таптырмас технология.

Ұлы педагог А. С. Макаренко ойынға үлкен мән бере отырып, өзі басқарған мекемелерінде ойынды тәрбиеленушілер өміріне міндетті түрде енгізіп отырады. Ойын баланың өмірін қызыққа, қуанышқа бөлеуін қамтамасыз ету үшін ол балалардың ойынға деген

сүйіспеншілігі мен қызығушылығын тәрбиелейді – деп қарастырады. Ойынның технологиялық негізгі ерекшелігі – балалар үн - түнсіз ойнамайды. Тіпті жалғыз болғанның өзінде де сөйлесіп жүреді. Ойын барысында сөйлесу қарым - қатынасы үлкен рөл атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алысып, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Ойынның негізгі құрылымдық элементтері мыналар: ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе тәрбиешілер ұсынатын ойын ережесі.

Ойынның түпкі ниеті – бұл балалардың нені және қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы. Мысалы: сюжетті – рөлдік ойындар «Почта», «Дәріхана», «Дүкен», «Аурухана», «Кітапхана», «Отбасы», «Балалар бақшасы» болып ойнайды. Сол сияқты ойындарда топта жас ерекшелігіне сай жүргізіледі: ойын балаларға сабақта да, серуенде де өте қажет, тіпті бала жай демалып отырғанның өзінде де ойын үстінде болады. Өмірдегі түсінігі еліктеуі, бақылауы осы ойын үстінде көрініс табады. Көбінесе бұл ойындар күннің 2 жартысында ойнатылады.

Ойын дегеніміз - жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл - күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын - төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденімпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігінің, көп білуді, сондай - ақ, басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттердің қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық, тиімді әдістерінің бірі.

В. А. Сухомолинскийдің сөзімен айтар болсақ, «Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуы жоқ» және болуы да мүмкін емес.

Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады.

Ойын дегеніміз – ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты.

Психологиялық тұрғыдан алып қарағанда мектепке дейінгі балалар белсенді және өте қозғалмалы болып келеді. Бұл жастағы балалар өздерін еркін ұстап, ойынға аса қызығумен қатысады, өзінің айналасындағы нәрселерді көріп, соны бейнелеуді ұнатады. Рөлдік ойындарды табысты және қарқынды жүргізе біледі. Сөйлеу әрекетінде қозғаушы күш - ырғақ. Сөйлеу ырғағын құру тәрбиешілердің рөлдік ойындарды ұйымдастырудағы ең қиын іс - әрекеті. Балалардың қызығуын арттыру мақсатында тәрбиеші ойынға

қатысушының өзіндік сөз ырғағын бейнелеп көрсетіп, тапсырманы дұрыс құра білуі керек.

Тақырыптық «рөлдік - ойындар», «қимылды ойындар», «дидактикалық ойындар» жас өспірімдердің сөйлеу дағдысының қалыптасуын дамытады.

Ойын іс - әрекеті зерттеуші, дамытушы, үйретуші болып тәрбиешінің негізгі іс - әрекетін құрайды.

Ойын түрлері:

Дидактикалық ойыны, Шығармашылық ойыны, Сюжеттік рөлдік ойыны, Қимылды ойындар, Ұлттық ойындар, Педагогикалық ойындар Тәрбиеші балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын) үш түрлі етіп өткізуіне болады. «Заттармен ойыны», «Үстел үсті ойыны», «Сөздік ойыны», «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да, атын ата», «Қай ағаштың жапырағы», «Бірдей ойыншықты тап», «Қайсысы көп, қайсысы аз», «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?» «Қай сурет тығылды?» «Бір сөзбен ата», «Кім байқағыш». «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «4 - ші не артық?» , «Есінде сақта , «Сөз ойла», «Сөз құра» «Жұмбақ ойла», «Жақсы - жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата»

Бұл аталған жаттығулар, тапсырмалар балалардың сөздік қорын дамыта отырып, бір — бірімен достығын арттырып және саусақ бұлшық етін дамытады. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізу дайындығын көрсетеді. Ойындар: дидактикалық, қимылды, сергіту, сюжетті - рөлдік, жарыс, Балаларды ойынның мазмұнымен таныстыру ойынды өткізу процесінде

жас өспірімнің тілін дамыту, сөздік қорын көбейту жолында төмендегі тәсілдер ұсынылады:

Көрнекі құралдар: түрлі түсті суреттер, түрлі түсті қағаздар, ойыншықтар, тәсілдер

Сонымен қатар баланың құзыреттіліктерін дамытатындай рөлдік, сюжеттік ойындарға үлкен мән берілуі тиіс. Ойын үстінде бала сұранысы мен тәрбиешісінің тапсырмасы өзара ұштасады.

Мысал: Сюжеттік — рөлдік ойын: «Менің сүйікті кейіпкерім!». Баланың сүйікті кейіпкерлері болатыны, өзінің соған ұқсағысы келетіні белгілі, ол баланың сол кейіпкер рөлін атқаруы оның моральдық танымы мен түсінігіне әсер етеді де, баланың жеке ойын

кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері өрістейді, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиы, мұның бәрі баланың творчестволық талантын кеңейтеді.

Қазақтың халқы мәдени мұраларға бай халық екендігіне сөз жоқ. Сондай бір қомақты дүниелер қатарына ұлттық ойындарды да жатқызамыз. Ұлттық ойындар атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып отырған көне халықтың дәстүрлері, шаруашылық мәдени, өмір тіршілігінің жиынтық белгісі болған.

Әрине, ойын өнер ретінде әдебиет пен мәдениеттің сан алуан түрлерімен қабысып, астасып келіп, бірін бірі толықтырып байыта түседі.

Баланың бойында ана тілін, ата - баба салтын бойына сіңірген, оны қастерлей білетін азамат өсіруде ұсынатын ең басты құралымыз – ұлттық ойындар. Жас өспірім ойын арқылы дүниені танып, түсінігі арқылы қабылдап, ересектерге еліктей жүріп үйренеді, өз бойына қабылдайды.

Таңдалған ойынды өткізуге қойылатын талаптар төмендегідей:

- Ойынды тақырыпқа сәйкес алу.
- Ойынның мақсаты нақты қойып, керекті көрнекіліктерді балалардың қызығушылығына сәйкес дайындау.
- Ойнар алдында балаларға жүргізілу барысын әбден түсіндіру.
- Ойынға балалардың барлығын қатыстыру.
- Ойын барысында балалардың қатысуын қадағалау, білмеген жерлеріне көмек, жәрдем беру.

Қазіргі балабақшадағы ойынды қолданар алдында ақпараттық құралдарды жетік меңгеру, Power Point, Microsoft office, Paint бағдарламаларымен жұмыс істеп қана қоймай үнемі интернет жүйесіндегі жаңалықтар мен өзгерістерді өзінің кәсіби шеберлігіне қолдана білу, білім кеңістігін кеңейту, ашу бағытындағы өзгерістер мен әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге талпындырады. Интернет жүйесінің балаға тәрбие беру барысына қосар үлесі көп.

Мысалы: Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру үшін **«Біреу және көп» дидактикалық ойыны № 1**

Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. Тәрбиеші балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді. Мысалы: сағат біреу-ойыншық көп; тақта біреу-парта көп; бір аквариум-көп гүл.

Үшбұрыш үйшікке кіріп, жарықты жағып, сонда тұра бастады. Бір уақытта біреу есікті қағады. Үшбұрыш: «Бұл кім?» деп сұрайды. Шаршы көрінеді. Балалар оны атайды, егер балалар атын атауға қиналса, тәрбиеші өзі атайды. Бәрі бірге оның бұрыштарын санайды, барлық қабырғаларының бірдей екендігін атап өтеді

«Шаршы құрастыр» дидактикалық ойыны № 2

Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. Балалар ақ шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі-түсті шаршыны құрастырып қояды. Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды. Балалар қиналған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі. Шаршының қанша бөліктен тұратынын санайды, құрастырылған шаршының түсін айтады.

1-нұсқа: әрбір бала өзі жеке жинайды.

2-нұсқа: шаршыны топ болып жинайды (қайсысы жылдам?).

3-нұсқа: жеке немесе топпен, кім тез бітсе, күрделірек түрін беру.

«Зат неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны № 3

Мақсаты: Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту.

1-нұсқа.

Тәрбиеші геометриялық пішінді немесе геометриялық денені балаларға көрсетеді, ал балалар оның қоршаған ортадағы қандай затқа ұқсайтындығын табады немесе естеріне түсіреді. Іс-әрекеттің осы түрлерін ғана дамыту арқылы тәрбиелеу білім беру міндеттерін шешуге, бала дамуын дұрыс жолмен бағыттап отыруға мүмкіндік туады. Осы аталып өткен іс-әрекеттің әрқайсысы бала дамуына өзіндік, өзіне тән үлесін қосады.

Бала өзін-өзі көрсетсе ойын, оқуда адамгершілікке тәрбиеленеді деген сөз. Осылар арқылы біз балаларға белгілі бір тұрғыда ықпал жасай аламыз. Біз іс-әрекеттер ойын, еңбек, оқыту өзара ұштасқан жағдайда ғана баланың жеке басын дамытуда толық нәтижеге жете аламыз.

Педогогикалық процесс белгілі бір құралдар мен әдістер көмегімен жүзеге асырылады. Балабақшадағы тәрбие –қазақы ұлттық сана, ұлттық психология қалыптасқан парасатты, адамгершілік қадір-қасиеті мол, моральдық жоғары белсенді жеке адамды қалыптастырып шығару процесі болып табылады.

Ойнау, еңбек ету және оқу барысында ақыл –ой адамгершілік физикалық және көркем тәрбие, даму процесі қатар жүреді. Балаға білім мен тәрбие балабақшада тек ойын арқылы беріледі.

Қорытындылай келе, ойындар балалардың таным белсендігін жандандыратын, өздігінен ойлауын дамытатын тәсілдердің бірі. Олар кез - келген оқу материалын қызықты да тартымды қылып, балалардың көңіл - күйін көтеруге, өздерінің жұмыстарына қанағаттануға және өтілген тақырыпты жеңіл меңгеруге көмектеседі. Тақырыпты ашу барысында ойын арқылы дамытуға арналған тапсырмалар жүйелі қолданылып, ұйымдастырылып отырса сонда ғана тәрбиешінің тақырып мақсатын ашуына мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1) Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы, Алматы – 1981 жыл
- 2) Журнал «Балабақша» 2012 жыл
- 3) Балабақшадағы балалардың тілін дамыту әдістемесі, Алматы – 1985 жыл

ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Сундетова С.И.
Орал гуманитарлық колледжінің
математика пәнінің оқытушысы
Орал қ., Қазақстан

Білім берудегі оқытушылар алдындағы басты мақсат жас ұрпақтың білім деңгейін көтеру және жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесіндегі ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі-оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз-білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі.Бұл процесті

іске асырудың негізі компьютер болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бірі-интерактивті тақта, мультимедиялық және онлайн сабақтары.

Ақпараттандыру технологияның даму кезеңінде осы заманға сай білімді әрі білікті жұмысына мамандықтарын дайындау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру үрдістерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» - деп Елбасы атап көрсеткендей, оқытудың жаңа технологияларының бірі-ақпараттық технологияның оқу үрдісінде қолдану тиімділігі зор.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді.

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қазақстан Республикасы да ғылыми – техникалық прогрестің негізгі белгісі-қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді.

Қазіргі уақытта заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттерінің бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады. Сондықтан кез – келген білім беру саласында мультимедиялық электрондық оқыту құралдары барлық пәндерді оқытуға пайдаланылады. Бұл бағытта ақпараттық технологияны оқыту үрдісіне екпінді түрде енгізу бағытында және қолданылатын жаңа құралдардың бірі – бағдарламалық – техникалық кешен болып саналатын интерактивті тақта болып табылады.

Жаңа технологиялар мұғалімнің жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Ақпаратты оқыту технологиясының бүгінгі күні интерактивті тақта ерекше

орын алып отыр. Оқушы интерактивті тақтамен жаңа материалдарды арнайы программа мүмкіндігін пайдалана алады. Ондағы мақсат – оқушының өзінше ойлау қабілетін арттыру және интерактивті тақтамен жұмыс жасауға үйрету. Жаңа технологиялар оқушының

шығармашылық белсенділігі мен өзіндік танымдық қызметін ұйымдастырушы бола алады.

Қарапайым тақта және компьютер проекторына қарағанда, интерактивті тақта сабақ мазмұнын кеңінен ашуына мүмкіншілігі өте зор. Интерактивті тақтаны пайдалану кезінде үлкен жетістікке қол жеткізу үшін, тек қана сауатты сабақ жоспарлап, керекті материалдарды дайындау керек.

Сабақта оқытушы интерактивті тақтаны бір емес бірнеше рет пайдалана алады, қарапайым тақтаға қарағанда интерактивті тақта пайдалануға ыңғайлы, әрі уақыт үнемдейді.

Оқытушының көрсетуінше интерактивті бағдарлама олардың жартылай жұмысын атқарады, мысалы: белгілі бір материалды интерактивтік тақтада орындау арқылы файлдағы белгілермен өзгерістерді сақтап қалуға болады, бұны сабақта болмай қалған оқушыларға қайта түсіндіруге немесе келесі жолы тағы да қолдануға болады.

Интерактивті тақтада бір уақытта бірнеше материалдарды қолдануға болады: бейне, дыбыс, сурет, мәтін, және т. б. Сабақ соңына дейін логикалық үздіксіз түрде болса, сонда ғана сабақ қойылған мақсатына жетеді; Сабақ кезінде сақталған файлдар оқушыларға беріледі: сондай - ақ бұл файлдарды келесі сабақта өтетін материалдарды қайталау және толықтыру үшін қолданылады.

Осы орайда өз сабақтарымда ақпараттық технологияны қолдану мақсатында интерактивті тақтаның мүмкіншілігін тиімді пайдаланып жүрмін.

Математика сабақтарында интерактивті тақтаны, тестировщик құралын пайдалану оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасалынады және оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды.

«Алғашқы функция. Анықталмаған интеграл.» тақырыбындағы сабақта интерактивті тақтаның мүмкіншіліктерін пайдаланып, қайталау, пысықтау сұрақтарын слайд арқылы тексерсем, «Квадраттық түбір» тақырыбындағы сабақта тест тапсырмаларын тестировщик құралы арқылы тексердім.

Интерактивті тақтамен жұмыс істеудің мұғалім үшін артықшылығы: 1. Мұғалімге жаңа материалды сынып ортасында тұрып түсіндіруге мүмкіндік береді;

- 2.Кез-келген қосымшалардың үстіне сурет салуға және жазба жазуға мүмкіндік береді;
- 3.Артық уақыт, күш-жігер жұмсамай тақтадағы кескінді, сабақ уақытында жасалған жазбаларды сақтауға және баспаға беруге, және материалды қабылдау деңгейін тексеруді жеңілдетеді.
- 4.Мұғалімдерді оқытудың жаңа түрлерін іздеуге, кәсіби шеберлікке ынталандырады
- 5.Оқушылар үшін интерактивті тақтамен жұмыс істеудің артықшылығы:
- 6.Сабақты қызықты етеді және оқушы мотивациясын дамытады;
- 7.Ұжымдық жұмысқа қатысуға, жеке және әлеуметтік дағдыларын дамытуға көп мүмкіндік береді.
- 8.Оқыту материалының түсінікті, тиімді және өзгермелі берілуінің арқасында оқушылар қиын сұрақтарды жеңіл және тез қабылдайды.
- 9.Оқушылар шығармашыл түрде жұмыс істей бастайды және өздеріне деген сенімі арта түседі.

Сонымен интерактивті тақтамен жұмыс істеудің ерекшелігі оқушы оқыту үрдісінің пассивті тыңдаушысы емес, белсенді қатысушысы, керек қажетті материалмен тікелей жұмыс істеуші. Бұған қазіргі оқытудың жаңа технологиясы мүмкіндік беріп отыр. Ал басты мақсаты оқушының ойлау, табу, шешу қабілеттерін дамыту болып табылатын математика пәні үшін озық технологияның орны ерекше. Сондықтан да математиканы оқыту әдістемесі жаңа әдіс, амалдармен толығуда. Бұл әдістерді қайталау, бекіту, жаңа тақырыпты түсіндіру сабақтарында еркін пайдалануға болады.

Математиканы оқытудағы негізгі талап-оқушыға есептер шығара білу жолдары мен тәсілдерін үйрету.Интерактивті тақтамен сабақ барысында мұғалім, оқушы және интерактивті тақтамен қарым-қатынас жүргізіледі.

Мұнда компьютер ойына үрдістер арқылы қозғау салып, оқушылардың күзиреттілігін дамытуға әсер етеді.Ең алдымен, оқушының ойлау қабілеті мен білімін артыруға үйретемін.Сонан соң оқушы кейінгі және бүгінгі өмірді салыстырмалы түрде тани білуге тырысады.

Математика сабағында оқушылар өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын дамыту, баға жетпес құндылықтардың бірі.Жаттығуларды өз бетінше тексеріп, қорытынды жасай білетін тұлға қалыптастыру мақсатында жаңа технологиялар әдістерін кеңінен қолдану қажет деп білемін.

Математика сабағында ақпараттық технологияны тәжірибеде қолданудың екі бағытын айқындауға болады.

1. Жаңа тақырып өту барысында формулаларды, дәлелдеулерді, сызбаларды, графиктерді слайдқа жазып көрсету уақытты үнемдесе, әрі оқушылардың қызығушылықтарын арттырады.

2. Тапсырманың қаншалықты процентке дұрыс орындағанын оқытушының көмегімен өздері көре алады.

«Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялары» ұғымының пайда болуы білім беру саласында компьютердің қолданыла бастауымен тығыз байланысты. Көптеген электрондық оқулықтар мен бағдарламалары, мультимедиялық оқу бағдарламалары жасалды және жасалып жатыр.

Қазіргі оқу орны шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан оқытушыны қажет етеді. Ол педагог, психолог және оқу процесін ұйымдастырушы технолог бола білуі керек. Сондықтан оқытушылар жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне еркін қолданып, оқыту құралы ретінде пайдалануы керек.

Қазіргі заман талабына сай, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде адамдардың қарым-қатынас жасауы үшін ақпараттық қоғамды қалыптастырудың қажетті шартына айналып отыр. Осы орайда келешек қоғамымыздың мүшелері-жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру-қоғамның алдында ең басты міндет.

Ақпараттық орта кең ауқымды әрі өте бай. Қазіргі заманда ақпарат көздерінен мына мәліметтерді алуға болады:

-интернет көздерінен: кітапханалар, энциклопедиялар,сөздіктер,анықтамалар, авторлар, белгілі адамдар,табиғат құбылыстары, т.б.туралы;

-электронды оқыту бағдарламалары, электронды кітапханалар, сөздіктер, анықтамалар, бейне және DVD фильмдер;

-кітаптар(әдеби шығармалар,өмірбаяндар, очерктер, мақалалар);

-музыкалық және бейнелеу өнері шығармалары.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8-бап, 7-тармағында: «Оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді акпараттандыру халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндеті қойылған.

Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертенгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағат-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

Қорыта айтқанда, жаңа мазмұнды білім беру жүйесіндегі ақпараттық технологияның алатын орны ерекше. Осы технологияларды сауатты қолдана білсек, әрқайсымыздың білім беру үрдісіміз нәтижелі және сапалы болады. Тек сонда ғана жеке тұлғаның білім, білік дағдысын қалыптастырып, өздігінен даму бағдарын анықтап, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп дамытатын тұлға тәрбиелей аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы
2. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
3. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011 жыл
4. «Қазақстан мектебі» журналы №1, 2014 жыл
5. «Қазақстан мектебі» журналы №1, 2014 жыл

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТТІҢ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЛЫПТАСУЫ

Ж.С.Куанышкалиева магистрант
М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университеті,
Орал қ., Қазақстан

Жұртшылықтың жұмысын жеңілдететін «электрондық үкіметке» қолжетімділік артып келеді.

Ақпараттық ғасырдың жұртшылық үшін ең тиімді тұсы - мемлекет пен қоғам арасындағы байланысты одан сайын жақындастыруында болып табылады.

Тез құбылып, шапшаң өзгеріп жатқан жылдам даму дәуірінде қарапайым, жеңіл және ыңғайлы тәсілмен, қазіргі заманғы технологияларды белсенді қолдана отырып мемлекеттің қоғам үшін барлық бағытта ұтқыр қарым- қатынас жасай білуі бұқара жұртшылықтың өміріне ғана емес, тұтастай елдік бәсекелестікке де өз әсерін тигізбек. Халықтың сұраныс-талаптарын қанағаттандыру, оларға көрсетілетін қызметтер сапасын жақсарту да мемлекеттің қаншалықты ақпараттық технологияны игергендігін көрсетіп, заман көшіне қаншалықты ілесе алғандығын айғақтайды.

Осы тұрғыдан алғанда халыққа нақты қызметтерді сапалы жүргізудің көрінісі «электрондық үкімет» арқылы жүзеге асатыны да белгілі. Осыдан оншақты жыл бұрын әлемнің технологияға қарыштаған елдерінде пайда болған «электрондық үкімет» ұғымы ақпараттық технологияларды кеңінен қолдануға негізделіп, азаматтар мен ұйымдарға барынша кең ауқымда қызмет көрсетуге бағытталып отыр. Қысқаша айтқанда, «электрондық үкімет» дегеніміз мемлекет атқаратын барлық қызметтер мен функцияларды электронды формат бойынша сапалы түрде жүзеге асыру дегенді білдіреді. Қазіргі таңда әлем елдері арасында осындай қызметті аса белсенді пайдаланатын «электрондық үкіметке» қол жеткізген көшбасшы ел болып Сингапур саналса, бұрынғы кеңестік кеңістікте Эстонияның жетістігін сарапшылар жоғары бағалайды.

Ал Қазақстанда алғаш рет 2006 жылдың 12- сәуірінде «электрондық үкімет» порталы өз жұмысын бастаған болатын. Осы күннен бастап елімізде ақпараттық қоғамды орнатудың негізі қаланды

десе де болады. Содан бергі кезеңде атқарылып жатқан жетілдіру шараларын жүргізу нәтижесінде қазіргі уақытта 70-тен астам электрондық және 2000-нан астам ақпараттық қызмет көрсетулерді ұсынып отырған портал мемлекеттік қызметтерге қолжетімділік тұрғысынан негізгі бастау болып табылады. Бұған дейін веб-порталды құру мен дамыту үш кезең бойынша: ақпараттық кезең (2005-2006 жылдары), интерактивтік кезең (2006-2007 жылдары), транзакциялық кезең (2008-2009 жылдары) жүзеге асырылған болатын. Порталды іске қосу барысында Білім және ғылым министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Индустрия және жаңа технологиялар, Әділет, Қаржы, Денсаулық сақтау, Мұнай және газ министрліктері мен Мемлекеттік қызмет істері агенттігі және Ұлттық банктің қызметтерін қамтыған 377 ақпараттық қызмет көрсетулер ұсынылды. Ақпараттық қызмет көрсетулерден басқа, «Электрондық пошта», «Байланыстар», «Күнтізбелік жоспарлау», «Жазылу» секілді сервистер де қосымша жүзеге асып келді. Ал соның ішінде ең алғашқы электрондық қызмет түрі порталда 2007 жылы пайда болған еді. Бұл ретте Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне қарасты Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығындағы салымшылардың зейнетақылық салымдарының есеп-шотқа түсуі туралы ақпарат берілген болатын. Дәл осы қызметтің түрі күні бүгінге дейін порталдағы ең көп сұранысқа ие қызмет түрі болып саналады.

Тоқтала кететін жайт, Қазақстанда осыдан бес жылға жуық бұрын жүзеге аса бастаған электронды түрдегі қызмет көрсетудің жағымды жақтары ауыз толтырып айтарлықтай. Ең алдымен биліктің халық алдындағы қызмет сапасы жақсара түсті. Екіншіден, шенеунік пен қарапайым халық арасындағы байланыс бойынша жекелеген адамдардың қатысуы шектеледі. Бұл сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, талаптанушы, өтініш жасап, сұрау салушы тұлғаға тікелей билікке ортадағы делдалсыз шығуына мүмкіндік туғызады. Үшіншіден, жұртшылықты қағазбастылықтан арылтып, қарапайым халықтың уақытын ғана емес, қалтасындағы қаржысын да үнемдеуге зор ықпалы бар. Мәселен, бұған дейін қызмет көрсетудің 74 түрін жүзеге асыру үшін 164 түрлі құжат қажет болатын. Бұл шамамен алып есепке салсақ, 2013 жылы бойына азаматтардың 92 миллион құжаттардың көшірмелері мен түпнұсқаларын ұсыну қажеттігі болғандығын білдіреді. Әрине, аталған сома қарапайым жұртшылық үшін айтарлықтай шығын болса, мемлекеттік органдар үшін де ауыр

салмақ болатыны даусыз. Соған орай, электронды үкімет болашақта да қағаз жүзінде құжат алмасуды барынша қысқартуға алып келеді және қызметтердің көп бөлігін біртіндеп электронды форматқа аудару көзделеді. Яғни, түптеп келгенде «электрондық үкімет» шынайы көрініс бергендегі артықшылықтар: үнемді түрде әкімшілік басқаруды жүзеге асырады; қоғам мен Үкімет арасындағы қарым-қатынасты түбегейлі өзгертеді; биліктің халық алдындағы жауапкершілігі артып, қоғам дамуында демократия жетіле түседі.

Ал алдағы мақсат - қоғам назарын «электрондық үкіметті» барынша пайдалануға аудару, азаматтардың е-қызметтерді пайдалануға деген қызығушылығын арттыру болып табылады. Расында, жұртшылықты «электрондық үкімет» арқылы мемлекеттік қызметтердің ұсынылатын жеңіл жолы туралы ақпараттандырудың маңызы зор. Бұл бағыттағы жұмыстар да қарқын ала бастады десе болады. Мәселен, өткен жылдың нәтижелері бойынша электронды үкімет порталында 15 мемлекеттік қызмет және жергілікті атқарушы органдардың 20 мемлекеттік қызметі электронды форматқа көшіріліп, «e-gov» порталын пайдаланушылардың саны бір жылда бес есеге артқан. Ал 2011 жылы алынған анықтамалардың саны 50 мыңнан астам болса, 2012 жылы 2,5 миллионға жуық анықтама алынды. Сондай-ақ осы 2013 жылдың тек алты айында 3,5 миллионнан астам анықтама алынып отыр. 2012 жылы бұл порталға 50 мыңдай адам тіркелген болса, биылғы жылдың алты айында ғана 86 мыңдай адам тіркеліп үлгерді. Күніне 40 мыңдай адам осы порталдан анықтама алады. Яғни күн өткен сайын еселеп өсуде. Жалпы, электрондық үкімет порталында 70-тен астам электрондық және 2000 ақпараттық қызмет түрлері ұсынылған болса, тағы 15 қызмет түрі қосылатынын айтқан едік. Бұның ішінде жергілікті әкімшіліктермен қызмет түрлері, Ішкі істер министрлігінің қызметтері сынды ерекше маңызды мәселелер ескеріледі. Портал арқылы 8 миллионнан астам электрондық анықтама берілген. Өткен жылы еліміз электронды үкіметті дамыту бойынша 192 елдің ішінде 46-орынға табан тіреді (2009 жылы 81-орында тұрған). Ал биылғы 2013 жылғы көрсеткіш сарапқа салынса, Қазақстан тағы да он сатыға өрлейді деген үміт бар. Қазіргі таңда қызметтерді электронды үкімет порталы, электронды үкімет төлем шлюзі арқылы төлеуді іске асыру мәселелері бойынша екінші деңгейлі банктермен белсенді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар баж

салығын төлеуге байланысты төлем терминалдары операторларымен, кедендік бақылау комитетімен белсенді жұмыс жүргізуде.

Бүгінгі күні «электрондық үкіметтің» шлюзі жасалып, оған Салық комитеті мен Ішкі істер министрлігінің жүйесі қосылды. Осының арқасында тұрғындар салық төлеу мен жолда жүру ережесін бұзғаны үшін салынатын айыппұлды онлайн режимінде өтеу мүмкіндігіне ие болды. Сонымен қатар, кең көлемді PR-кампания мен Қазақстанның барлық аймақтарында «электрондық үкімет» жұмысы туралы оқыту-семинарларының жұртшылық үшін маңызы зор. Мәселен, биылғы жылы еліміздің төрт қаласында (Астана, Алматы, Қарағанды және Петропавл) «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ, Байланыс және ақпарат министрлігі және «Зерде» ұлттық инфокоммуникациялық холдингі» АҚ Ішкі істер министрлігінің қолдауымен автокөлік иелеріне айыппұлды кезексіз төлеуді үйрету акциясын өткізген болатын. Акция барысында ІІМ Жол полициясы басқармасының тіркеу-емтихан бөлімдеріне келген автокөлік иелері жол жүру ережесін бұзғаны үшін салынған айыппұлды Интернет арқылы төлеу мүмкіндіктері туралы ақпарат алып, «электрондық үкімет» порталының көмегімен айыппұл төлеудің жолдарымен танысады. Естеріңізге сала кетсек, жол қозғалысы ережесін бұзғаны үшін жол полициясы қызметкерлері белгілеген айыппұлды «электрондық үкімет» арқылы төлеу қызметі өткен жылдың қараша айынан бастап еліміздің барлық аймағының тұрғындары үшін қолжетімдіге айналды. Айыппұлды «онлайн» тәртібінде төлеу үшін жүргізуші куәлігі не болмаса әкімшілік бұзушылық туралы хаттама мәліметтерін (бланк сериясы, нөмірі, ЖҚЕ бұзған күні) www.egov.kz порталындағы арнайы жолақта көрсету қажет. Осындай қарапайым шаралар жұртшылықты біршама әуре-сарсаңнан құтқаратыны да белгілі. Білікті мамандар көмегімен алдағы жетіліп, жаңғырып отырудың арқасында «электрондық үкіметтің» көптеген жаңа сервистер мен жаңалықтарға толығы түсетіні даусыз. Соның арқасында бұндай қызметтегі үкімет қазіргіден де қолжетімді бола түспек. Сөз соңында «электрондық үкіметтің» игіліктерін, e.gov.kz порталы арқылы жүзеге асырылатын қызметтер түрін тағы еске сала кеткіміз келеді:

- жеке тұлғаның жылжымайтын мүлкінің жоқ (бар) екендігі жайлы анықтама алу, баланың туылуын тіркеу, ӘЖК алу және т.б.;

-коммерциялық қызмет көмегін алу, мысалы: теміржол немесе әуебилеттерін броньдау, ұялы байланыс қызметтеріне ақы төлеу және т.б.;

-өтініш беру және лицензия алу;

-бюджеттік төлемдерді төлеу, мысалы: төлқұжат алғаны үшін, жол жүру ережесін бұзғаны үшін айыппұл, жылжымайтын мүліктің заңдастырушы құжаттарының көшірмесін алғаны үшін төлем және т.б.; - мемлекеттік органдардың басшыларына блогтары арқылы тікелей хабарласу;

-мемлекеттік органдардың жұмысы жайлы ақпарат алу;

-электрондық цифрлық қолтаңба (ЭСК) рәсімдеу;

-кез келген мемлекеттік органнан ҚР заңнамасын түсіндіру, мемлекеттік қызмет көрсету процедурасының түсіндірмесі, қайсыбір жағдайда лауазымды тұлғаның әрекеттерінің заңдылығы және т.б сұрақтар бойынша On-line кеңес алу.

Электрондық Үкіметтің call-орталығының телефондары арқылы азаматтар өздерін қызықтыратын сұрақтар бойынша ақпарат ала алады: 8-800-080-7777, 1414.

Ресми мәліметке сүйенсек, еліміздің жалпы ішкі өнімдегі ақпараттық технология секторының үлесі соңғы кезеңде 5,72 пайызға жеткен. Бұл жоғары көрсеткіш. Бұдан бөлек еліміздегі интернетті пайдаланушылар тығыздығы да артып келеді. Ендеше алдағы уақытта да осы саладағы қызмет жандана түсетін сөзсіз.

Бүгінгі күні «Электрондық үкімет» порталында 22 әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

«Бұрын заңды тұлғаны тіркеу үшін азаматтар бестен артық құжат жинап, мемлекеттік органдарға жіберуге тура келетін. Бұл рәсім үшін кей кезде 30 күннен артық күн қажет болатын. Ал қазір үйден шықпай-ақ ешбір құжат жинамай, заңды тұлғаны бір күн ішінде тіркеуге болады. Бар болғаны электрондық қолтаңба қажет», - дейді «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ басқарма төрағасы Руслан Еңсебаев.

Биылғы жылдың екі айында ғана «Электрондық үкімет» порталында 3 мыңға жуық бизнесмен өз кәсіптерін тіркеген.

2014 жылдың аяғына дейін тағы 10 әлеуметтік маңызы бар қызмет электрондық форматқа көшірілмек. Осылайша бұл көрсеткішті жүз пайызға жеткізу жоспарланып отыр.

«Биыл білім және ғылым, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерімен жұмыс жасауды көздеп отырмыз. Атап айтарлығы,

қазірде бала тууды тіркеу, жәрдемақы төлеу, балабақшаға кезекке тіркеу қызметтері жеке көрсетіледі. Биыл бұл қызметтерді біріктіру жоспарланып отыр», - деді ол.

Барлығы порталда 162 мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Мамандардың айтуынша, «Электрондық үкіметке» жүгінушілердің қатары жыл сайын артып келеді. Мәселен, 2012 жылы порталда 2,5 миллион қызмет көрсетілсе, өткен жылы бұл көрсеткіш 12,7 миллионға жеткен.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Назарбаев Н. Стратегия становления постиндустриального общества и партнерство цивилизаций. –Москва: Экономика, 2008. -398 с.

2 Назарбаев Н. Лайықты болашаққа сенімді болайық // Ақиқат. 2009. № 10. -Б. 12.

3 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан - 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. -Алматы: Білім, 1998. -256 б.

4 Назарбаев Н. Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс // Егемен Қазақстан. 14 қазан 2009 жыл. 1-2 б.

5 Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген “Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары” // Ана тілі. 2010 жылғы 12-19 ақпан. –Б. 4-7.

6 Есім Ғ. “Бесінші жол” – елдік рух философиясы // Егемен Қазақстан. 21 қазан 2009 жыл. -3 б.

7 Электрондық дерек көзі:
<http://www.russianlaw.net/law/acts/28htm>.

8 БҰҰ е-дайындық туралы 2008 жылғы есебі // www.un.e-readyreport.com

Punctuation in English.

Исанова Л.А., ст. преп. кафедры
филологии.

It is very important to learn how to use punctuation correctly because it helps to make the meaning of a sentence clear for the reader. If we use punctuation marks wrongly, it can make the sentence confusing and cause misunderstanding. Look at the difference between these two examples:

He wanted to change his name, which was ridiculous. (with comma)

He wanted to change his name which was ridiculous. (without comma)

The first sentence is saying that the fact that he wanted to change his name is ridiculous. The second sentence is saying that he wanted to change his name because he thought his name was ridiculous. A single comma completely changes the meaning of the sentence.

Punctuation marks used in English are full stop (period), comma, colon, semicolon, dash, question and exclamation marks, inverted commas, brackets.

In English you cannot normally use a comma to join two main clauses. You must either re-phrase the sentence using a conjunction, or separate the two main clauses by using a full stop or semicolon.

e.g. We are left with the same questions we had before but now they are even reinforced. People don't understand him. He lives apart from them.

In English no punctuation is used between the subject and the verb in a sentence, or between the verb and its object. This is true even when the subject or the object of the sentence is a clause (clauses are shown underlined in the following examples).

In these two sentences the clauses are the subject of the sentence:

Someone who is rich is powerful.

The etymology of the name can explain the importance of Chiavenna.

In these two sentences the clauses are the object of the sentence:

Faith has always kept people together, and it is said in the Bible that all men are equal.

I would like to mention that any idea or invention, even in the sphere of science and technology, is a product of one's imagination.

Subordinate clauses (which begin with words like **when, although, if, or because**) are usually followed by a comma if they come at the beginning

of the sentence, before the main clause. If they come after the main clause, the comma is usually not necessary.

e.g. If one lets money become the goal of one's life, it will bring nothing but misery.

As national surveys show, women still earn only 70% of male wages.

Because there is no real communication, there are no real relationships.

If the same sentence has the subordinate clause after the main clause, no comma is needed:

There are no real relationships because there is no real communication.

The rule about commas also applies to subordinate clauses that start with a verb in the **to** + infinitive form or the **-ing** form:

To conclude, we could say that Denis eventually frees himself of his obsession.

Instead of believing in God as a symbol of love, people started to respect these man-made rules called religion.

If a subordinate clause is inside another clause, it is enclosed by commas:

e.g. Because, as Joe Rogaly says in his article, it is difficult to place restraints inside people's heads.

We cannot have a legal system where, if you are a rich person, you can pay for your freedom.

This rule also applies to the expressions **that is** and **that is to say**:

e.g. We are like parallel straight lines, **that is**, lines that never meet.

We should use commas with relative clauses. There are three types of relative clause: a) **defining** relative clause

b) **non-defining** relative clause

c) **sentential** relative clause

In order to decide whether a comma is needed, we first have to know what type of relative clause is being used.

A **defining** relative clause (sometimes also called a 'restrictive' clause) modifies a noun by identifying which person or thing is being referred to. Never use a comma between a defining relative clause and the rest of the sentence.

A **non-defining** relative clause (sometimes also called a 'non-restrictive' clause) modifies a noun by giving additional information about the person or thing that is being referred to. The information in a non-

defining clause is not essential; if it is dropped we still know exactly which person or thing is being referred to. Always use a comma to separate the non-defining clause from what comes before it and from anything that comes after it.

Compare the following two sentences:

1. My sister who lives in Scotland is coming to visit me at the weekend. (=defining clause)
2. My sister, who lives in Scotland, is coming to visit me at the weekend. (=non-defining clause)

Both sentences are correct, but the meaning is different. In sentence 1 the writer or speaker has more than one sister, and the relative clause identifies which sister is being referred to, namely the sister who lives in Scotland. In sentence 2 the writer or speaker has only one sister, so it is clear who is being referred to. The fact that she lives in Scotland is not important, and could be omitted without changing the meaning of the sentence: e.g. My sister is coming to visit me at the weekend.

We can't help wondering what is the value of an ideology which has to be maintained by oppression. (=defining clause)

One of these substances is lead, which is found in petrol. (=non-defining clause)

Sentential relative clauses refer to the whole sentence that comes before them.

e.g. They decided against buying a Ferrari, which was a wise decision.

This gives the writer's opinion on what has just been said, and the whole sentence could be rewritten as:

They decided against buying a Ferrari, and I think this was a wise decision.

There is always a comma before sentential relative clauses, and they always start with **which**, not **that**:

Those razor blades are not even sterilized, which is dangerous to other patients. (=sentential clause)

When an adverb, or an adverbial phrase, is used at the beginning of a sentence, it is usually followed by a comma. When it is used inside a sentence, it is enclosed by commas.

The following adverbs are used mainly at the beginning of a sentence. In this position they are usually followed by a comma: besides, similarly, likewise, in the same way, on the contrary, conversely, in other words.

The following adverbs can be used in both positions in a sentence. When used inside a sentence, they are always enclosed by commas. however, nevertheless, nonetheless, moreover, furthermore, in addition, by contrast/in contrast, by comparison/in comparison, on the other hand, first, for example, for instance.

e.g. There are, **however**, still enough options left for people to travel freely.

I mean that it is assumed that you, **for instance**, know who Jack Nicholson is.

Furthermore, young people have too many problems to deal with.

Besides, only 3% of university professors and 8% of business managers are women.

The same rules apply to sentence adverbs, which express the speaker's attitude to what is being said in the rest of the sentence. Common sentence adverbs

include: fortunately, admittedly, surprisingly, and frankly:

e.g. Unfortunately, too many interests are involved, and the situation may be more complex...

Those against the death penalty are not, surprisingly the intellectuals but the less educated Afro-American women.

Adverb phrases of time and place can be used with or without a comma. We tend to use a comma when these phrases are fairly long, and to omit the comma when they are short.

Cr: In 1964 we spent our holidays at the seaside.

In the hot and long summer of 1964, we spent our holidays at the seaside.

When a list consists of only two items, use **and** or **or** to separate them. You shouldn't use a comma.

e.g. Because of such little events and remarks, James hates his father.

The reality is that some men always try to dominate and control other men who are not so strong or so powerful.

In a list of three or more items, use **and** or **or** before the last item, but use a comma between the other items. You can also use a comma directly before **and** or **or**, and this is especially common in American English:

We bought some olives, some bread, and a kilo of tomatoes.

We bought some olives, some bread and a kilo of tomatoes.

He said he had met a woman who was honest, sensitive, intelligent, and extremely beautiful.

Exclamation marks are typical of informal writing and are not usually appropriate in more formal contexts such as academic or professional writing. Learners often overuse exclamation marks in formal writing, where it is usually better to end the sentence with a full stop.

e.g. Whatever we do, we never have complete freedom. We are ‘slaves of the system’.

Writers sometimes use a set of three full stops in order to show either that some words from a quotation have been omitted, or – especially in fiction – to show hesitation. These three full stops are called ellipsis dots (or sometimes suspension points).

Cr: The report concludes that, for environmental and economic reasons, insulation standards must be improved. (complete sentence)

The report concludes that... insulation standards must be improved. (incomplete sentence, with ellipsis dots in place of ‘for environmental and economic reasons’, which has been omitted)

However, as the graph below shows, learners often overuse ellipsis dots in academic writing. A common error is to use the dots after lists, or in order to add effects such as irony or humor.

e.g. Of course, we should not forget organizations such as Greenpeace and WWF ... who fight on many different fronts at the same time. (wrong)

Of course, we should not forget organizations such as Greenpeace and WWF, who fight on many different fronts at the same time. (correct)

Literature:

1. Crystal D. The Cambridge Encyclopedia of Language. Second Edition. New York: Cambridge University Press, 2007. 480 p.
2. Crystal D. The Penguin Dictionary of Language. Second Edition. Penguin Books, 1999. 391 p.
3. Macmillan English Dictionary for Advanced Learners. Second Edition, 2010.
4. The New Encyclopedia Britannica: Macropedia. Volume 29. Chicago: Encyclopedia Britannica, 1994. 1051 p.
5. Знаки препинания [Электронный ресурс] // Избранные труды по общему языкознанию: В 2 т. М.: Изд-во Акад. наук СССР, 1963. Т.2. С. 238-239.

6. Кобрина Н.А. Английская пунктуация. М.: Изд-во лит-ры на иностран. языках, 1961. 118 с.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ БАЛАБАҚШАҒА БЕЙІМДЕЛУІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭМОЦИЯНАЛДЫҚ СФЕРАСЫНЫҢ ӨЗГЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

*Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясының аға
оқытушысы Б.Қ.БАЙМУХАНОВА*

Қазіргі заманда жас ұрпаққа сапалы білім мен сапалы тәрбие беру әлеуметтік құрылымның ең маңызды міндеттерінің біріне айналды. ҚР-ның 2015 жылға дейін білім беруді дамыту тұжырымдамасында «Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Ол баланың жеке бас ерекшелігін ескере отырып дамытатын орталық» - делінген. Егемендік алған Ұлы Қазақстандықтардың болашағы жас бүлдіршіндердің қолында. Сондықтан азаматтық пен адалдық, отансүйгіштік пен мейірімділік рухында тәрбиелеу әр отбасының, балабақшаның және барша халықтың міндеті.

Елімізде білім саласындағы реформаларға сай мектепке дейінгі балалар құзіреттілігіне қойылатын талаптар артуда, балабақшаға баланың бейімделуін педагогикалық-психологиялық қолдау шаралары ұйымдастырылса, онда әр баланың жеке тұлғасының дамуына оңды ықпал етуге мүмкіндік береді, өйткені бейімделу үрдісі әр бала үшін күрделі, ересектер қолдауы маңызды болып табылады.

Кіші жастағы баланы тәрбиелеудегі ең басты міндеттердің бірі баланың денсаулығын сақтау, тілін дамыту, ойын әрекеті, сенсорлық дамуын қалыптастыру. Сондықтан мектепке дейінгі балалар ұйымының негізгі міндеті:

- кіші жас кезеңінің балаларының бейімделулерін жеңілдету;

- балабақшада болған кезде балаға жағымды жағдай жасау;
- әр баланың эмоционалды амандығын қамтамасыз ету;
- кіші жас тобының балалардың ата-аналарына медико-педагогикалық көмек көрсету;
- баланың толыққанды дамуы үшін отбасымен өзара әрекеттесе жұмыс істеу.

Қазіргі психологиялық-педогогикалық теорияда м.ж.д.балалардың жағымды эмоцияларын дамыту тек кәсіби мамандыққа ғана емес тәрбиешінің жеке дербес қасиеттеріне байланысты деп тұжырымдаған. Мектепке дейінгі ерте жас шамасындағы балаларға ерекше қарым-қатынастар талап етіледі Олар өте мейірімді, нәзік, өте сенгіш келеді.Сондықтан бұл жас шамасындағы балдырғандарды қамқорлыққа алу, жараламай тәрбиелеу өте маңызды.Топта балаларға жақсы және жайлы болу қажет.

Ерте жас шамасындағы сәбиді тәрбиелеуде ешкім де анасын алмастыра алмайтыны туралы ұмытпау керек. Сондықтан, ұстаз - психолог оларды ананың тұлғасындай жұмыс істей білу керек. Мысалы, шығармашылық жұмыстарды сәбимен бірге анасына көрсету үшін істеу.Ата-ананың сенімділігі арта түсіп балаға деген анасынан басқа да сүйіспеншіліктер оятады.Сәбидің эмоционалды көңіл-күйі саласының психологиялық диагностика әдістері өте көп. Бірақ бұл әдістердің барлығын пайдалану мүмкіншілігі бола бермейді.

Біріншіден, тәрбиешілер тестеудің нәтижелерін дұрыс түсіндіріп беру үшін жеткілікті психологиялық дайындықта болу қажет. Екіншіден, тәрбиешіге тестің нәтижелері жиі үрейлі немесе қияңқы балалардың тобы көрсеткішінде жеке балаға деген қарым - қытынаста әрекетсіздікке әкеп соғады. Диагностиканың нәтижесі осы жағдайда үлкен қателікке әкеліп соқтырады..

Эмоционалдық көңіл-күй пайда болуын бағалауда Г.Степанова баланың іс-әрекет реакцияларын ескере отырып бес балдық шкала жасаған. Бұл шкала бойынша баланың эмоциялық күйін бағалауға болады.

Ата-аналардың алдында баланы 1,5 жасқа толғаннан кейін балабақшаға орналастыру туралы сұрақ туады. Психологиялық тұрғыдан қарастыратын болсақ, мұндай батыл талап осы жастағы балаларға қолайлы кезең емес. Бұл жастағы балалар анасына ерекше жақын болады, анасының жоқтығы оған қатты әсер етеді. Балабақшадағы тәрбиешілердің қолына барғанда, олар өзіне жаөсы

камқорлық жасалғанның өзінде мазасыздықты сезінеді. Баланың алғашқы белсенділігі біраз уақыттан кейін эмоционалдық және танымдық процестің тоқтап қалуына ауысады, яғни баланың дамуына әсер етеді. Эмоционалдық жағынан қарағанда үлкен алаңдаушылыққа әкеледі, ол тез үрейленгіш және басқа жүйке белгілерімен анықталады. Кіші топ жастағы балалардың көпшілігі де өзінің өміріндегі мұндай өзгеріске нашар бейімделеді. Көптеген балалар алғашқы күндері үйренбеген ортаға мазасызданып, сонан соң сылбыр және көп сөйлемейтін жағдайда болады. Бұл анасынан бөліну, таныс емес адамдармен кездесуі, өміріндегі барлық іс-әрекеттің өзгеруі кезіндегі өткір эмоционалдық жағдайдың негізінде болады. Балаларда аурулардың жиі болуы байқалады. Бұл ортаның ауысқанымен түсіндіріледі. Ал негізгі себеп ағзаның қорғаныс қабілетін тез төмендететін эмоциялық жағдай. Екі жастағы балада анасына тәуелділік сақталмаған, ал таныс емес үлкендерді жатсынбайды.

Эмоционалдық көңіл- күй пайда болуын бағалауда Г.Степанова баланың іс-әрекет реакцияларын ескере отырып бес балдық шкала жасаған. Бұл шкала бойыншы баланың эмоциялық күйін бағалауға болады. Өз эмоцияларымен басқара білу мектепке дейінгі жастағы балалардың ең басты жетістігі. Сондықтан эмоцияналдық функция ол мектеп жасына дейінгі баланың орталық психикалық функциямен болып табылады.Л.С.Выготскийдің айтуынша мектепке барғанша баланың эмоционалды реакциялары баланың мінез құлқына тікелей үстемшілдік етуін жоғалтады. Сәби өз эмоцияларымен басқаруды үйренеді.

Мамандар балалардың балабақшаға бейімделуін үш негізгі түрін анықтады:

1. Жеңіл бейімделуі - балабақшаға келудің алғашқы күнінен бастап баланың тәбеті төмендеп, балалармен ойнауға ниеті жоғалады, бірақ бұл бастапқы 10-20 күндей болады. Ата-аналар баласының бірінші айда кенеттен ауыратынын есте сақтауға керек, бірақ ауру зардапсыз 7-10 күннен аспайтын түрде өтеді.

2. Орташа ауырлау бейімделуі -балалардың эмоционалдық ккңіл-күйі нормада (20-40 күндерден кейін) ұзақ мерзімнен астам келеді. Алғашқы екі ай бойы балада тілдік немесе физикалық белсенділіктің нақтылы өзгерістері байқала алады. Бұдан басқа, балаларда 30-40 күндерде салмақтың ептеген жоғалтуы байқалады.

3. Баланың ауыр бейімделуі - (пневмония, бронхиттер, құлақтың қабынуы және тағы басқалар) кедергілермен ағатын көп ауруларда (бала көп жылайды, анасынан ажырағысы келмейді, отыруға арналған жағдайда ұйықтайды, бұғады, мінез-құлықтағы табанды өзгерістері болады. (өсу, салмақ) физикалық көрсеткіштер де, зерделі дамыту да ауыр формасы бар балалардың бейімделулерінде балабақшада кенет баяулайды. Егер баланың күйі 60 күннен астам бір ыңғайланбаса ата-аналар шара қолдану керек.

Психологтар баланың бейімделуін жеңілдету үшін бірнеше негізгі жаттығуларды қабылдауына көңіл бөлу керек.

Баланы бақшаға баруға алдын ала әзірлеуі, және үйрету (горшокпен қолдану қасықтар, шыны аяқ, пайдалану, жуыну) өзіне қызмет көрсетудің дағдыларын балдырғандар сөзсіз жасайды.

Сәбидің ата-аналарымен бірге алдын ала мектепке дейінгі мекемеге кіріп-шығуы, топ бөлмесімен және тәрбиешілермен, бақшаның тәртібімен танысуы керек. Балабақшаға баласын беретін, ата-аналардың алдында бақша туралы тек қана жағымды сәттерді балаға айтуы, сонымен бірге баланың жанында аз уақыт қалуға мүмкіндік беруге болады. Ата-анасы баласын бақшаның ауласында серуенге шығарып балаларды бақылатады.

Балабақшада баланың машықтануы 1-2 сағаттан бастауға керек, бір жұмадан кейін түскі тамақ және ұйқыға қалдыруға талаптануға болады. Ата-аналар қашан бала күні бойы қалдыруға мүмкін болатынына көз жеткізгенде қалдырады.

Балабақшаға бейімделудің бірнеше кезеңдері бар: дайындық кезеңі, бақылау кезеңі, кезеңдерді талдау және нәтежеге жету.

Дайындық кезеңі баланың ерте жас тобына келу ата аналардың педагогикалық құзыреттілігін көтеруден басталады. Бұл үшін алдын-ала ата-аналармен кездесулер жүргізу керек. Балабақша әкімшілігі, педагогтар, медбике, ата-аналарды балабақшадағы жұмыстармен, күн тәртібімен, тамақтану, гигиеналық процедуралармен, ойын әрекеттері жайлы ақпараттар береді. Ата-аналар жиналысында осы жастағы балалардың ерекшеліктерімен, даму көрсеткіштерімен, бейімделу кезіндегі ерекшеліктермен таныстырылады. Ата-аналармен сауалнама жүргізіледі.

Ең соңғы кезеңде (талдау мен қорытынды) нәтеже талданып бейімделу парағының қорытындысы шығады. Бейімделу кезеңіндегі балаларға арналған ойындар.

Бейімделу кезеңіндегі балаларға арналған ойындардың негізгі міндеті-эмоционалдық байланыс пен тәрбиешіге деген балалардың сенімін қалыптастыру. Бала тәрбиешіден әрқашан адамға көмекке келетін және ойын кезіндегі мейірімдіде қызықты серіктесті көруі керек. Эмоционалдық қарым-қатнас күлкімен интонациямен әр балаға деген қамқорлықпен сүйемелденген біріккен іс әрекет негізінде туады. Алғашқы ойындар бірде бір бала назардан тыс оқшау қалып қоймас үшін жаппай түрде өткізілуі тиіс. Мысал ретінде алатын болсақ, «Маған келе ғой» ойыны. Ойын барысы: тәрбиеші баладан бірнеше қадам алысырақ кетіп, оны өзіне жылы сөздер айтып тарта бастайды. Мысалы: «Келе ғой менің ботам!». Бала келгеннен соң тәрбиеші: «Оу, менің Айдарым қандай жақсы, өзі келді!» деп құшақтайды. Ойын осылайша қайталанады және де «Алдар Көсе келеді», «Сабынды көпіршіктерді үрлеу», «Менің қолымнан келеді» т.б.

Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың бойында неғұрлым көбірек психологиялық көмек көрсетіп, ойындар ұйымдастыру арқылы олардың сеніміне кіріп кері әсерден арылуға көп мүмкіншілік жасау маңызды. Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық күйінде көрінетін жағымды және жағымсыз эмоция түрлерін анықтап, олармен жұмыстану қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика.-Астана. Фолиант,2008.
2. Менжанова А.К. Мектепке дейінгі педагогика.-Алматы:Рауан, 1992.
3. Ядешко В.И. Мектепке дейінгі педагогика.- Алматы:Мектеп,1981.

САБАҚТЫ МОДЕЛДЕУ-КӘСІБИ ӨСУ МҮМКІНДІГІ РЕТІНДЕ.

*Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университетінің
аға оқытушысы Калкенова Г.Б.*

Орал қаласы

Мұғалімдер сабақ жоспарын жасамас бұрын әдістемелердің қолайлы стратегиясымен танысулары қажет. Әдетте мұғалімдермен жұмыс істеген кезде жиі мынандай сұрақтар туады:

«Оқыту тәсілі менің оқушыларыма қандай әсер тигізетінін көз алдыма елестете алмаймын. Бұл іс-жүзінде сыныпта қалай жүзеге асады?»

«Бұл оқыту әдісін менің оқушыларыма қалай қолданатынын басқа біреудің көрсеткенін қалар едім».

«Жаңа материалдарды қолданудан қанағаттанбас бұрын, мен оқушыларымның нәтижесін көруім керек».

Осы түсініктер мұғалім педагогикалық стратегияларды апробациялағаннан кейін жылдам нәтижеге жетуін қалатады. Әрине, сабақ жоспарлар кезінде мұғалімдер үнемі ізденісте болып, көптеген материалдарды тауып, даму үстінде болулары қажет, алайда мұғалімдердің басым бөлігі оңтайлы шешімнің табылғанын қалайды. Оқушыларға деген қарым-қатынасын, олардың тәртібін, берілген материалдарды оңтайлы пайдананатынын, әр оқушының пәнге деген қызығушылығын оятатын, олар әр түрлі тапсырмаларды беретін, тақырыптың жетімділігін тексеріп, түсінбеген тақырыпқа қайталау сабағын жүргізетін мұғалімді көргіміз келеді. Ол үшін сабақ моделін сауатты әрі мазмұнды құру қажет. Сабақтың моделін құрастырудың маңыздылығы - мұғалімге сапалы сабақ жоспарын құрастыруға көмектеседі, ал бұл өз кезегінде тімді әдістемені қалыптастырады. Сабақты моделдеу тиімді сабақты сипаттайтын алты принципті ескеруді қажет етеді:

1. **Оқушылардың барлығын бүкіл уақыт аралығында белсенді жұмысқа жұмылдыру.** Мұндай сабақ ерекшеліктері олардың өміршеңдігі, оқушыға уақыт, орын, ой беретін зерттеу әдістері болуы керек.
2. **Оқыту орынды, ақпарат беретін, мақсатқа бағытталған.** Өте қызықты сабақ міндетті түрде сәтті сабақ болып табылмайды. Іс-әрекет үйренудің мақсатына сәйкес келіп,

қалаулы нәтижеге жетумен аяқталуы тиіс. Кейбір берілген ерекше тапсырмаларда оқып білуге қажетті, жақсы нәтижеге жету мүмкіндігі болмаса, онда олардың мәні болмайды. Үздік сабақтар әркез ақпарат береді.

3. **Оқушыларға сабақтың ұнауы мен оларды өздерінің оқулары қызықтыруы.** Оқушыларды сабақ үдерісіне тарту тек сыртқы қызығушылықтың танытуымен ғана сипатталмайтыны белгілі. Оқушылардың сабаққа араласуы ең үздік нәтижеге қол жеткізу мен белгілі бір уақыт аралығында осы жетістіктерді қолдап отыру құлшынысымен байланысты.
4. **Оқушылардың табыстарға қол жеткізуі.** Қызығушылық білдірген және белгілі мақсатты көздеген оқушылар табыстарға қол жеткізеді, бұл фактінің өзі бұдан да қызығып, мақсатқа ұмтылуға итермелейді. Осылайша шеңбер пайда болады. Егер оқушы сабақ барысында қандай да бір нәтижелерге қол жеткізсе, өз сұрақтарына зияттарын қолдану арқылы жауап іздесе, зерттеу жүргізсе, өз қателіктерінен үйренсе, сол сабақ сәтті болды деп пікір таластыруға болады.
5. **Бағалау сабақ беру мен оқытуға тиімді әсер етеді.** Бағалау сабақ беру барысында оқытуға қаншалықты дәрежеде әсер ететінімаңызды мәселе. Оқушыны оқыту үшін және оның оқуын назарға алып қолдау үлкен педагогикалық серпін береді.
6. **Мұғалім сауалнамасы оқушылардың ойлау қабілетін ашады, айқындайды, кеңейтеді.** Сабақ барысында ұсынылатын кері байланыс сұрақтарының сапасы үздік сабақ кепілі. Сұрақтарды қоя білу стратегиясынсыз үздік прогресс пен сабаққа етене кіріп кету, бағалау болуы мүмкін емес.

Сабақтың сәтті болу құпиясы мұғалімнің өз назарын іс-әрекет пен нәтижелерге шоғырландыруына байланысты:

Көрнекі құралдар пайдалану арқылы сабақты өткізу.

Көрнекі құралдарды қолданудың тиімділігін арттыру үшін оларды үнемі әр сабаққа қолдану қажет, сабақта өткізілген әр жаттығу уақытпен шектелу қажет, өйткені сабаққа қатысып отырған оқушылардың қызығушылығы артып, сабаққа белсенді түрде қатысады, сонда ғана оқушылар берілген оқу материалын жетік меңгереді. (Дарлинг Хаммонд және Мак Лолин, 1995). Мүмкіншілік болса, көрнекілік құралдары қолданылған сабақты бір мұғалімге көрсеткеннен гөрі, бір топ мұғалімге көрсеткен тиімді болар еді. Ол

кеңес көмекші сабақ, қателердің алдын алу кеңесі ретінде ұйымдастырылғаны абзал. Сабақты талқылау барысында, мұғалімдер қандай көрнекі құралдарды қолданғанын қалайды және аталған көрнекі құралдың қолданылу себебі неде деген сұрақ төңірегінде кеңескен жөн. Кейде қашықтықтан кеңесу де жүргізу қолданады.

Алдын ала ойлау

Сабақта жаңа тақырыпты өткізбес бұрын, оқушыларға ойлануға мүмкіндік беріңіз. Қалай дейсіз ғой? Оқушыларға сабақтың тақырыбын беріп, бүгінгі сабағымыз не туралы, неге оны оқимыз деген сұрақтарды қойып алдын ала оқушыларды ойландырыңыз. Бұл өте тиімді.

Бақылаушы мұғалімдерді де сабаққа араластыру

Зерттеу жұмысы кәсіби тұрғыдан дамуға қажетті материалдан тұрады (Дарлинг Хаммонд және ричардсон, 2009). Сабақтың моделін қарастырған кезде, сабаққа басқа да мұғалімдердің қатысатындарын ескеру қажет. Оның бірнеше тәсілі бар, соларға назар аударыңыздар!

Бақылау және белгілер жасау үшін жоспар-тор парағын құрыңыз

Мұғалімдермен бірігіп жоспар-тор парағын құрыңыз, қадағалау кезінде оқытушылар оған ескертулерін жаза алады.

Оқушылардың назары не нәрсеге аударылу қажет екенін анықтауға бағалауды қолданыңыз. Мұғалімдер сыныпта қосымша, сырттай көмекті қажет ететін оқушыларды үнемі назарда ұстайды. Ал аталған оқушыға таптырмайтын көмекші ретінде бақылаушының ескерту парағы келеді, яғни аталған балаға қажетті көмек түрлерін жазып алып, көмекті барынша жасау қажет.

Мұғалімдерді «оқушылардың» орнына қою.

Біздің жұмысымыздың мақсаты оқушылар белгілі бір тақырыпты өтер кезде қандай әсерде отырады, өйткеннен кейін қандай әсер алады, соны анықтап білу болып табылады. Сол себепті біз мұғалімдерді оқушылардың орнына қойып, мұғалімдердің дербес оқушы ретінде белгілі бір тақырыпты қалай меңгергенін өзі арқылы түсінуді көздейміз. Сабақ аяқталғаннан кейін алған әсерлерін ортаға салып талқылау да көздеген мақсатымыздың бір бөлігі болып табылады.

Мұғалімдердің сабаққа араластыруға арналған «Ынта үзіліс».

Сабақтың басында қатысушы мұғалімдермен пікір алмасу үшін сабақтың барысында үзілістер жасаймын деп оқушыларға ескертіп қойып. Аталған ынта үзілісін пікір алмасу, сыныпта отырған мұғалімдерден кеңес алу үшін, яғни тақырыпты одан әрмен нәрлендіру

үшін, оқушылар білмейтін ақпараттармен, жаңалықтармен алмасу үшін де қолдануға болады.

Бейнетаспаға түсірілген сабақ

Мұғалімдердің өткізген сабақтарын айқын көрудің тәсілі- бейнетаспаға түсірілген сабақ түрі болып табылады. Сабақтың өзіне қатысқаннан көрі бейнетаспаға түсірілген сабақты бақылау әлдеқайда тиімді. Себебі, сабақты кез-келген жерін талқылауға мүмкіншілік бар. Қорыта келгенде бейнетаспаға түсірілген сабақтың көптеген жағымды жақтарын көруге болады.

А және Б таспаларын жазу

Сіз өзіңіздің жаңа оқыту материалын әріптестеріңіздің ескі оқыту материалымен салыстыру үшін оларға көрсетесіз бе? Бұл тәсіл А және Б таспасы деп аталады. Бұл екі таспада сабақтың екі түрлі дәрежесі жазылған. Осы арқылы мұғалімдер өздерінің жұмыстарын салыстыра алады. А таспасында сіз өзіңіздің сынып сағатын түсіресіз. Бұл өте тиімді тәсілдердің бірі. Осыдан кейін Б таспасын түсіріңіз. Бұл таспада сіз өзіңіздің жоғарғы кәсіби деңгейіңізді көрсетуге тырысыңыз. Сіз бұл жерде А таспасында сабақ берген сыныбыңызды да, аталған сыныбыңызда қандай тақырып өттіңіз сол тақырыпты қайтадан өрбітуіңізге болады, бірақ кәсіби, жоғарғы деңгейде өткені абзал болады.

Тәжірибелерді көп өткізу арқылы үйрену

Мұғалімдерге жаңа тәсілді көрсетпестен бұрын, оны оқушылармен бірнеше мәрте қайталап өткізу қажет. Басқа білікті мұғалімдердің әр түрлі әдістемелік тәсілдерін өз сабағыңызға пайдалануыңызға болады. Сіз өзіңіздің сабағыңызды бейнетаспаға түсіру арқылы өзіңіздің қателеріңізді жөндеуге немесе толықтыруға мүмкіншілігіңіз бар.

Мұғалімдер мен оқушылардың өскенін көрсету

Бірнеше тақырыпты бір сыныпқа берген кезде немесе бір тақырыпты бірнеше сыныпқа берген кезде, әр қайсысын жеке бейнетаспаға түсіріп алуға тырысқан жөн. Сөйтіп кеткен кемшіліктерді жөңдей аласыз. Сонымен қатар оқушылардың қай сабақта белсенді, қай тақырыпта белсенді емес екенін анық бақылап, сыныптарды бір-бірімен салыстыруға болады. Әр сабақ барысында бір оқушыны қайта-қайта бейнетаспаға түсіру арқылы оның кейінгі сабақтарда өскенін немесе төмендегенін көре аласыз және сіз аталған баланың іс-әрекетін басқа мұғалімдермен талқыға сала аласыз.

Жалпы түсінік

Көптеген мектептер мен оқу орындары білім сапасының ең жоғарғы деңгейін көрсетуде. (Вагнер, 2003). Сабақтың моделін жасау арқылы сабақтың өту деңгейін ең жоғарғы сатыға көтеруге болады, сабақтың әр түрлі нұсқаларын қолдану арқылы нәтижелі сабақ түрін жасап шығаруға болады, яғни аталған шараларды қолдану арқылы сабақтың жалпы түсінігін қалыптастыруға болады, ал түсінік дегеніміз-бірлескен жол картасы іспеттес, кәсіби дәрежеде дамудың нәтижесін көрсетеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Л. Дарлинг Хаммонд және М. У Маклолин, 1995, Реформа дәуіріндегі профессионалды түрде дамуды қолдайтын саясат. *Phi Delta Kappan*, 76(8), 597-604.
2. Л. Дарлинг Хаммонд және Н. Ричардсон, (2009). Мұғалімнің кәсіби дамуы: Қалай оқытамын? *Educational Leadership (Білім көшбасшысы)* 66(5), 46-53.
3. Т. Вагнер. (2003). Сынақтан кейін: Нұсқаулықты бекіту үшін қолданылатын жеті түрлі тәртіп. *Education Week (Білім аптасы)*, 23(11), 28, 30.
4. Дж. Д. Вильгельм. (2001). Алдын ала ойлау стратегиясын қолдану арқылы жалпы түсінікті қалыптастыру. Нью-Йорк: Схоластикалық.

РЕФЛЕКСИЯ КАК ОСНОВНОЕ ПСИХИЧЕСКОЕ НОВООБРАЗОВАНИЕ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

**Султаниязова Н.Ж. магистр психологии, ст.преподаватель
кафедры «Педагогика и психологии»**

Развитие рефлексивной психологии связано с именем А.Буземана, который впервые выделил ее в качестве самостоятельной дисциплины в начале 20-го века. Само слово "рефлексия" происходит от позднелатинского "reflexio", что буквально означает "обращение назад, отражение".[1]

В настоящее время складываются традиции исследования рефлексивных процессов в отдельных областях психологии. Для раскрытия психологического содержания различных феноменов рефлексия рассматривается в рамках подходов к исследованию *сознания* (Выготский Л.С., Гуткина Н.И., Леонтьев А.Н., Пушкин В.Н., Семенов И.Н., Смирнова Е.В., Сопиков А.П., Степанов С.Ю. и др.), *мышления* (Алексеев Н.Г., Брушлинский А.В., Давыдов В.В., Зак А.З., Зарецкий В.К., Кулюткин Ю.Н., Рубинштейн С.Л., Семенов И.Н., Степанов С.Ю. и др.), *творчества* (Пономарев Я.А., Гаджиев Ч.М., Степанов С.Ю., Семенов И.Н. и др.), *общения* (Андреева Г.М., Бодалев А.А., Кондратьева С.В. и др.), *личности* (Абульханова-Славская К.А., Анцыферова Л.И., Выготский Л.С., Зейгарник Б.В., Холмогорова А.Б. и др.).[2]

В личностной сфере человека рефлексия охватывает как коммуникативные процессы, так и процессы самоосмысления, самосознания:

- рефлексия является гарантом позитивных межличностных контактов, определяя такие партнерские личностные качества, как проницательность, отзывчивость, терпимость, безоценочное принятие и понимание другого человека и др. (С.В.Кондратьева, В.А.Кривошеев, Б.Ф.Ломов);

- рефлексия обеспечивает взаимопонимание и согласованность действий партнеров в условиях совместной деятельности, кооперации (В.А.Лефевр, Г.П.Щедровицкий);

- рефлексия как способность человека к самоанализу, самоосмыслению и переосмыслению стимулирует процессы самосознания, обогащает "Я-концепцию" человека, является важнейшим фактором личностного самосовершенствования (А.Г.Асмолов, Р.Бернс, В.П.Зинченко);
- рефлексия способствует целостности и динамизму внутренней жизни человека, помогает стабилизировать и гармонизировать свой эмоциональный мир, мобилизовать волевой потенциал, гибко управлять им (В.В.Столин, К.Роджерс).[3]

В связи с отсутствием единого подхода к пониманию и изучению рефлексии, существует множество различных классификаций этого понятия.

И. Степанов С.Ю. и Семенов И.Н. выделяют следующие типы рефлексии и области ее научного исследования:

1.**Кооперативная рефлексия** имеет прямое отношение к психологии управления, педагогике, проектированию, спорту. Психологические знания данного типа рефлексии обеспечивают, в частности, проектирование коллективной деятельности и кооперацию совместных действий субъектов деятельности. При этом рефлексия рассматривается как «высвобождение» субъекта из процесса деятельности, как его «выход» во внешнюю, новую позицию как по отношению к прежним, уже выполненным деятельности, так и по отношению к будущей, проектируемой деятельности с целью обеспечения взаимопонимания и согласованности действий в условиях совместной деятельности

2.**Коммуникативная рефлексия** рассматривается в исследованиях социально-психологического и инженерно-психологического плана в связи с проблемами социальной перцепции и эмпатии в общении. Она выступает как важнейшая составляющая развитого общения и межличностного восприятия, которая характеризуется А.А.Бодалевым как специфическое качество познания человека человеком.

3.**Личностная рефлексия** исследует собственные поступки субъекта, образы собственного Я как индивидуальности. С.Ю. Степанов и И.Н.Семенов выделяют несколько этапов осуществления личностной рефлексии: переживание тупика и осмысление задачи, ситуации как не решаемой; апробирование личностных стереотипов (шаблонов действия) и их дискредитация; переосмысление личностных стереотипов, проблемно-конфликтной ситуации и самого себя в ней заново. На взгляд Ю.М.Орлова, личностный тип рефлексии несет функцию самоопределения личности. Личностный рост, развитие индивидуальности, как сверхличностного образования, происходит именно в процессе осознания смысла, который реализуется в конкретном сегменте жизненного процесса. Процесс же самопознания, в виде постижения своей Я-концепции, включающей воспроизведение и осмысление того, что мы делаем, почему делаем, как делаем и как относились к другим, и как они относились к нам и почему, посредством рефлексии ведет к обоснованию личностного права на изменение заданной модели поведения, деятельности, с учетом особенностей ситуации.

4.Предметом **интеллектуальной рефлексии** являются знания об объекте и способы действия с ним. В настоящее время работы в данном направлении явно преобладают в общем объеме публикаций,

отражающих разработку проблематики рефлексии в психологии. Интеллектуальная рефлексия рассматривается преимущественно в педагогической и инженерной психологии в связи с проблемами организации когнитивных процессов переработки информации и разработки средств обучения решению типовых задач.

В последнее время, помимо этих четырех аспектов рефлексии, выделяют экзистенциальную, культуральную и саногенную. Объектом исследования экзистенциальной рефлексии являются глубинные, экзистенциальные смыслы личности. Рефлексия, возникающая в результате воздействия эмоциогенных ситуаций, ведущих к переживанию страха неудачи, чувства вины, стыда, обиды и т.п., приводящая к уменьшению страдания от негативных эмоций, определяется Ю.М.Орловым как саногенная. Ее основная функция заключается в регуляции эмоциональных состояний человека.[4]

II. Отечественные ученые С.В.Кондратьева, Б.П.Ковалев предлагают виды рефлексии в процессах педагогического общения:

1.Социально-перцептивная рефлексия, предметом которой является переосмысление, перепроверка педагогом собственных представлений и мнений, которые у него сформировались об учащих в процессе общения с ними.

Ақмаржан Таубаева лирикасы, ондағы жанрлық көркемдік ерекшеліктер, тың тақырып, тосын сурет – көріністер, ұлттық тіл мен өзгеше бояу өрнектер, адам әлемі мен еңбегіне қатысты көзқарастар, жастық – достық тұрады. Өмір өнегесі мен өрнектерін, ұлттық болмыс пен уақыт бедерін, замандас тұтастар тағылымын, табиғат пен махаббат мәселесін талант қуаты, шабыт шалқары биігінде жырлады, тіл мүмкіндіктерін бар қырынан жарқырата көрсетеді, ең негізгісі қазақ өлеңін өзіндік өзгешеліктеріне сай сыр – сипаттарымен жеткізуді – ақындық мұратқа адалдық, талант табиғатына тән құбылыстардың бірі.

ПРОФЕССОР О.БҮРКІТ ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ СИНТАКСИСТІК ПАРАЛЛЕЛИЗМ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әжгіалиев М.Қ.,

*БҚИГУ доценті, педагогика ғылымдарының
кандидаты*

Мажитова Б.,

БҚИГУ магистранты

Қайталамалар сөз тудыру мен сөздерді қолданудағы өте ертеден келе жатқан құбылыс. Бұл көптеген халықтардың фольклорындағы эпостарында және басқа да жанрларында кездеседі. Ауыз әдебиетіндегі поэзия тілінің поэтикалық тәсілі және поэзия тілінің ерекше белгісі.

Қайталамалар туралы сөз еткенде, біз қайталамаларды халқымыздың бүгінгі кемеліне келіп дамыған көркем әдебиет туындыларынан ғана іздеп қоймай, халқымыздың бұрынғы, соңғы әдебиет тарихына, қазақ әдебиетінің түп төркініне де үңіле кеткеніміз жөн. А.М.Горький: «Сөз өнерінің бастауы фольклорда жатыр» деген еді. Қазақ халқының ауыз әдебиеті мейілінше бай, әрі сан қырлы. Қайталаманың алғаш пайда болып, оның түп төркіні қайдан шықты деген сұраққа жауап беруіміз керек. Ол үшін Орхон-Енисей жазба ескерткішінің тіліне көңіл аударып, салыстырмалы түрде біраз мысалдар келтіруді жөн көрдік. Мұнда негізінен Ғ.Айдаровтың «Орхон ескерткіштерінің тілі» деген кітабына сүйендік. Жанры жағынан алғанда, Орхон ескерткіштерін көркем сөздің я публицистиканың үйреншікті түрлеріне жатқызу қиын және мүмкін де емес. Ескерткіштер шешен сөзбен көтеріңкі стильде жазылған. Аудармашы Ғ.Айдаров ескерткіштерді қазақшалағанда оның түпнұсқаға сәйкестігін, дәлме-дәлдігін қадағалаған. «Бұл әдеби аударма емес, ғылыми аударма» деген пікірді айтуымызға болады /2,29 /.

Орхон –Енисей ескерткіштерінің жанры жөнінде екі түрлі пікір айтылып келеді. Бірі бұл ескерткіштерді әдеби шығарманың қатарына жатқызса, енді бірі ақындық дәстүрдің ортасында туған тарихи ерлік поэма деп тану орынды дейді. Мұндай бір-біріне қарама-қайшы екі пікірдің алғашқысын жақтайтын М.Стеблева болса, екінші пікірді жақтайтындар А.Шербак және В.Жирмунский.

Ал қазақ ғалымдары Ғ.Айдаров көркем сөз негізінде жазылған шығарма десе, Қ.Өмірәлиев түрік қағандары мен батырларының ерлік жорықтарын баяндайтын шежіре дейді. Мұны неге сөз қылып отырмыз? Мұның өзі қайталамалар, соның ішінде синтаксистік параллелизм тек поэзияға ғана тән құбылыс деген пікірді жоққа шығарады. Қайталамалар әуелгі кезде сөйлеу тіліне тән болса, келе-келе поэтикалық тәсілге айналған. Олай болса, ауызекі сөйлеу тіліне жақын, одан әрі бөлектеніп шыға қоймаған Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі синтаксистік параллелизмді салыстырғанда синтаксистік параллелизм өлең жолдарын ұйқастырумен қатар сөйлеу тіліне әсер беріп, ырғағын келтіруге қолданылатындығы көрінеді, яғни, қайталамаларды, соның ішінде параллельді құрылымдарды тектен-тек қолданыла салмаған екен, параллельді құрылымдарды сөйлемдегі ұқсастықтарға әр беріп, тілге жеңіл тиюіне қарасты пайдаланған. Түркі халқы әуелден-ақ, көркем сөзге көп көңіл бөлген, халық ұйқаспен, шешендік сөздермен сөйлеген. Орхон-Енисей текстерінен де мақал-мәтелдерді, әр түрлі көркем сөз мәтіндерін, арнау, жоқтау, тарихи баяндауларды кездестіруге болады. Бүгінгі заман талабына сай келмегенмен, өз дәуірі тұрғысынан қарастырып, даму жолдарын, жүріп өткен сатыларын көреміз.

Мысалы, «Күлтегін» жырындағы мынандай жолдарды алып қарасақ,

...Бек ұлдарың құл болды...

Пәк қыздарың күң болды...

Немесе

Еліміз қайта ел болды,

Халқымыз қайта халық болды.

Ескерткіштерде түркі қағандары мен бектердің, алып батырлардың басынан кешкен ерлік жорықтары сөз етілетіндіктен болар, *соғыстым, соғыстың* сөздері қайталанып келеді. Мысалы: «Күлтегін» ескерткіштерінде 30 рет қайталанып келсе, «Білге Қаған» ескерткіштерінде 25 рет, ал «Тоныкөк» ескерткішінде 12 рет қайталанып келеді. Бәрінде де сөйлем соңында келіп, баяндауыш қызметін атқарып тұр / 3, 37/. Бұған «Күлтегін» ескерткіші тексінен аз ғана мынадай мысалдар келтіруге болады.

Ілгері Шантұқ жазыққа дейін соғыстым. Теңізге кішкене жетпедім. Түстікке тоғыз Ергенге дейін соғыстым. Тибетке кішкене жетпедім. Мұндай параллельді құрылымдар әр түрлі жанрлардағы

туындыларда кездеседі. Солардың бәрі де белгілі ырғаққа, әуезділікке құрылған, ал сол ұйқасты, ырғақты туғызатын көбінесе синтаксистік параллелизм болып келеді. Халықтың әдет-ғұрпын, асыл да астарлы тұжырымды сөздермен бейнелейтін мақал-мәтелдері, қанатты сөздері, ертегілер, батырлар жыры, тұрмыс - салт жырлары, әр түрлі айтыс өлеңдері мен халық арасында әр түрлі тақырыпта шығарылған өлеңдердің қайсысын алмайық, олардың дәстүрлі, стандартты, баяндау тәсілдері, тілдік модельдері жасалынған. Мысалы,

Тоғай, тоғай, тоғай су

Тоғай қондым, өкінбен.

Толғамалы ала балта қолға алып

Топ бастадым, өкінбен

Тобыршағы биік жай салып

Дұшпан аттым, өкінбен.

Осы Досмамбет жырау шығармасынан үзінді алатын болсақ, мұнда алты тармақ өлең жолының екінші, төртінші, алтыншы жолдары бір-біріне параллель беріліп тұр.

Олар бір емес, бірнеше өлеңдерге немесе ертегілер мен эпостық жырларға т.б тән болып келеді.

Ауыз әдебиетінің өзіне тән ерекшеліктері бар. Бұған қалыптасқан сөздер мен сөйлемдердің қайталанып келуі, сөз тіркестері, сөйлемдердің бір-біріне параллель берілуі және оның бір емес, бірнеше өлеңдерге тән болып келуі мысал бола алады. Ертегілер көбінесе «*Баяғыда бір бай болыпты, оның үш баласы болыпты, төрт түлігі сай болыпты*» деп басталады. Ертегілердің бұлай басталуы дәстүрге айналып кеткен. «Ол ауыз әдебиетінде қалыптасқан дағдылы сөздер мен сөйлемдердің, тұрақталған ұқсастық пен ұйқастардың жиі кездесетіндігі көрінеді /4 /.

Ауыз әдебиетіндегі қайталамалар жайында қалам тартқан ғалымдардың бірі - З.Керімбаева. Ол өзінің «Қазақтың халық ертегілері тіліндегі дәстүрлі баяндау құралдары» деген ғылыми еңбегінде қазақ ертегілері тіліндегі етістік қайталамаларға тоқталады. Бірінші сөйлемнің соңындағы етістік сөздің екінші сөйлемнің басында қайталап келуі түріне ғана көңіл бөліп, мұның өзі - қазақ ертегілеріне тән негізгі ерекшелік екенін айтады. Құрмалас сөйлем түрінде келетін етістік қайталамалар әрекеттің жалғастығын, әрі қарай дамытылатынын білдіреді. 1.«*Со тойға келіпті, келіп бір қызметінен өлең айтысады* /Радлов/. 2.Ол соңғы сөйлемдегі әрекетке сипаттама

береді /1,48/. Сол сияқты сөйлем түріндегі қайталамаларға мынадай мысал келтірген: «*Киіктер ханның қорасына келіп кіріпті. Ханның қорасына кірген мезгілде хан да алдынан шығыпты*». З.Керімбаева мысалдарды бұрынғы басылымдарда берілген күйінде алған, себебі мұнда бұрынғы дәстүрлік баяндау әдісі сақталған. Ал қазіргі ертегілер «әдеби» редакцияланған. Ауыз әдебиеті үлгілеріне сүйене отырып, ондағы қайталамалар жайлы, оның ішіндегі параллельді құрылымдар жайлы диссертациялар жазу бізде әлі күнге қолға алынған жоқ, бірақ кейбір авторлар өз еңбектерінде біраз тоқталып кетеді.

Ондай авторлардың қатарына Қ.Өмірәлиев, Н.Келімбетовті, З.Ахметовті, З.Керімбаеваны жатқызуға болады.

Қ.Өмірәлиев пен З.Ахметов қазақ ауыз әдебиеті поэзиясындағы қайталамаға тоқталады. Қ.Өмірәлиев өлеңдердің ұйқасы мен ырғағына көңіл аударып, ортақ мотивті өлеңдердегі қайталамаға Махамбет поэзиясынан мысалдар келтіреді. Біз бұл ғалымдардың қайталама туралы пікірлерін келтіре отырып, өз әлімізше сол пікірлердің ішінен параллельді құрылымдар туралы айтылған үзік ойларын жинақтауға тырыстық.

«Ырғақпен, ұйқаспен астасып жатқан синтаксистік-морфологиялық норманы қарастырмаған жерде белгілі бір дәуірдің поэзиясы, тілі туралы түбегейлі сөз айту мүмкін емес» - дейді Қ.Өмірәлиев / 6/.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. О.Б.Бүркіт. Қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі. – Алматы, 2001. – 2-б.
2. Ғ.Айдаров. Орхон ескерткішінің тілі. - Алматы,1990. – 29- б.
3. Н.Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы,1991. – 37-б.
4. М.Ғабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. - Алматы,1974 .
5. З.Керімбаева. Қазақ ертегілеріндегі етістік қайталамалар. - Известия АН КазССР Серия филология, 1988. - №3 48-б.
6. Қ.Өмірәлиев. 15-19 ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. - Алматы, 1976.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Мендалиева А.,
БҚИГУ магистранты

«Фразеология» термині кең мағынада алғанда, белгілі бір тілдегі тұрақты сөз тіркестерінің барлық түрлерінің жиынтығы деген ұғымды білдіреді. «Фразеология» грек тілінің «*phrasis*», яғни «сөйлемше және ұғым, білім» деген сөздерінен алынған [1]. Тілімізде қолданылатын жеке сөздермен бірге көптеген ерекше қалыптасқан сөз тіркестері және сөйлемшелер бар: *бүйректен сирақ шығару, төбесі көкке жеткендей болды, көз бояу, жүрегінің түгі бар, ат үстінде ұйықтады т.б.* Мұндай тұрақты сөз тіркестерінің мағынасы ғасырлар бойы қалыптасып, ел аузында көп айтылып, жалпы халыққа түсінікті болып кеткен. Тұрақты тіркестердің қалыптасуына қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар, әр түрлі іс-қимыл, бастан кешірген жағдайлар т.б. себеп болады: «ашы ішектей созылды» деген тіркестің пайда болуына әуел баста қойдың ішек-қарнын ашу жағдайы себеп болған. Ашы ішек ашуға қиын, әрі ұзын, адамды әлекке салады, ұзаққа созылады. Осыдан келіп ауыспалы мағынада бұл тұрақты тіркеске айналып, «ығы-жығы қылатын, баяу әрекет, қимыл» деген мағыналарға қатысты айтылады. Мағынасы жалпыға белгілі, грамматикалық байланысы жағынан бір бүтін болып, қолданылуы дәстүрге айналған тұрақты сөз тіркестерін тіл білімінде кейде фразеологиялық орам немесе фразеологизмдер деп атай береді. Фразеологизмдерге идиома, фраза, мақал-мәтелдер жатады. Фразеологизмдердің өзіне тән негізгі қасиеттері төмендегідей: 1. Дайын тілдік единица ретінде жұмсалады; 2. Жалпыға бірдей танылған қолдану заңы болады; 3. Мағына бірлігі сақталады; 4. Екі сөзден кем болмайды.

Ә.Болғанбайұлы мен Ғ.Қалиев: «Фразеологизмдердің өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын негізінен үш белгісі бар. Олар: 1) даяр қалпында жұмсалып белгісі, 2) мағына тұтастығы, 3) тіркес тиянақтылығы» – деп көрсетеді [2]. Фразеологизмдерге тән бұл белгілер әр кез бір-бірінен айқын ажыратыла бермейді. Сондықтан фразеологизмдерді топтастыру тіл біліміндегі күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Ал Н.М.Шанский: «Фразеологизм,

фразеологическая единица, – общее название семантически несвободных сочетаний слов, которые не производятся в речи (как сходные с ними по форме синтаксические структуры – словосочетания или предложения), а воспроизводятся в ней в социально закреплённом за ними устойчивом соотношении смыслового содержания и определённого лексико-грамматического состава. Семантические сдвиги в значениях лексических компонентов, устойчивость и воспроизводимость – взаимосвязанные универсальные и отличительные признаки фразеологизма» – деген анықтама береді [3]. Яғни фразеологизмдердің құрамындағы компоненттердің орнын ауыстыруға келмейтін, әбден тұрақталып, қалыптасқан, мағына тұтастығы бір, бір ғана сұраққа жауап беретін, бір ғана синтаксистік қызмет атқаратын қасиетімен ерекшеленетін тілдік единица болып табылады.

Фразеология термині белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы деген мағынамен қатар, тіл білімінің фразеологизмдерді зерттейтін саласы деген ұғымда да кеңінен қолданылады. І.Кеңесбаевтың авторлығымен шыққан «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» қазақ фразеологиясына ғана емес, қазақ тіл біліміне де қосылған елеулі үлес екендігін айтуға болады. І.Кеңесбаев аталған сөздіктегі қазақ тілінің фразеологизмдері туралы жазған мақаласында фразеология туралы: «Тіл-тілдің өзіне тән ұлттық қасиеті оның барлық тарауларынан (ярустарынан) байқалатыны мәлім. Сол қасиет, әрине, тиянақты сөз тіркестерінен де анық көрінеді. Тіл байлығын сөз еткенде сөз байлығы (лексикалық қор) деген топқа осы сөздікте қамтылған алуан түрлі фразеологизмдерді жай, жалпылай жатқыза салуға болмайды. Басқаша айтқанда сөз байлығын тексеретін тіл білімі саласын лексикология деп атайтын болсақ, фразеологизм байлығын тексеретін тіл білімі саласын фразеология деп атау әбден орынды», – деп жазады [4]. Автор аталған еңбегінде қазақ тіліндегі фразеологизмдердің теориялық мәселелерін де жан-жақты қарастырып, болашақ ғылыми-зерттеу жұмыстарына бағдар боларлық ғылыми пікірлер айтқан. Қазақ тілінің фразеологиясын зерттеуші ғалымдардың қай-қайсысы болмасын өз зерттеу жұмыстарында бұл еңбекті басшылыққа алады.

Фразеология тұрақты сөз тіркестерінің жүйесін зерттейтін тіл туралы ғылымның бір саласы. Фразеология соңғы жылдары танымдық тұрғыдан біршама зерттеліне бастады. Мәселен, бұл салада еңбек етіп

жүрген Р.Сыздық, Н.Уәли, Г.Смағұлова, С.Сатенова, Р.Авакова т.б. еңбектері бұған дәлел бола алады.

Фразеологизмнің қай-қайсысы болмасын бәріде ең алғаш халықтық сөйлеу тілі негізінде қалыптасқан. Сондықтан олар өмірдің барлық саласын қамтып, ішкі мазмұны жағынан өте бай келеді. Фразеологизмдер алдымен адамдардың ой-сезімін, ара қатынасын, өмір тануын білдіреді. Қазіргі таңда қолданылып жүрген фразеологизмдердің көбі адам эмоциясына қатысты болып келеді. Адам эмоциясына қатысты фразеологизмдердің бір тобы жеке тұрып адамның түрлі көңіл-күйін білдіретін болса, енді бір тобы контекст ыңғайына қарай эмоциялық реңкке ие болады. Яғни, фразеологизмдер эмоциялық реңкті айқын көрсетуге қызмет етеді. Мысалы *қуанды* деген сөз бен *екі езуі екі құлағына жетті, жерден жеті қоян тапқандай қуанды, төбесі көкке екі елі жетпеді* фразеологизімінің, *қорықты және жүрегі тас төбесіне шықты, төбе шашы тік тұрды, көзіне қос көрінді* фразеологизімінің, арасында мағыналық сәйкестік болғанымен, бұл сәйкестік толық балама бола алмайды, себебі *қуанды* және *қорықты* сөздерінде фразеологизмдердегідей экспрессивті реңк жоқ. Бұл мәселе туралы С.Сәтенова сөз бен оған мағыналас фразеологизмдердің қолданыс ерекшелігіне қатысты білдірген пікірінде фразеологизмдердің ойдың астарлы, бейнелі болуына ықпалын айта келіп: «...іші өлген, сырты сау қос тағанды фразеологиялық тіркесін «қайғылы, уайымды, шерлі» тәрізді лексикалық эквиваленттерімен ұйқасын, үйлесімін тауып ауыстырғанымызбен, фразеологиялық тіркес қолданысындағыдай әсерлі, сазды болуы және жаны күйзелген адамның сезім дүниесін соншалықты дәл жеткізуі екіталай болар еді», – дейді [5]. Тілдік қордағы фразеологизмдердің дәстүрлі қолданысынан басқа, жекелеген авторлардың фразеологизмдерді, оның ішінде эмоционалды реңкті фразеологизмдерді де құбылтып қолдануы жиі болмаса да шығарма тілінде кездесіп қалатын құбылыс. Бұл жөнінде ғалым С.Сатенова: «...тұрақты сөз оралымдарын автордың өндеп, құбылтып, контекске сай орынды қолдануы ең алдымен пайдаланып отырған фразеологиялық тіркеске өзгеше түр-сипат беріп, микротекстің мәнділігін арттырып, экспрессивін күшейтеді» – дейді [5]. Сондай ақ Г.Смағұлова: «...Жалпы фразеологизмдердің пайда болуы, жасалуы туралы сөз қозғалғанда осындай образдылықтың адамның жан-дүниесіне әсері, одан шығатын эмоциялық қорытынды үнемі тұрақты

сөз тіркестерінің ерекшеліктерін айқындайтын талаптар екенін ескерсек, онда синоним фразеологизмдердің қатарларының өсуі мен кемуінің себептерін те іздеген жөн», – дейді [4].

Фразеологизмдер тілдің әдебилігінің сипаттарын, әдеби тілдің даму кезеңдерінің көркемдік ерекшеліктерін танытады. XX ғасыр басындағы қазақ прозасы тіліндегі фразеологизмдердің жалпы сипаты, тақырыптық-семантикалық, кезеңдік-құрылымдық, стилистикалық қолданыс ерекшеліктері Ж.Қоңыратбаеваның зерттеу жұмысында көрініс табады. Автор XX ғасыр басындағы қазақ прозасы тіліндегі фразеологизмдерді жалпы мағынасына қарай және ұйытқы болатын сөздерге қарай тақырыптық топтарға жіктейді. Фразеологизмдерді мағынасына қарай: 1) Адамды сипаттайтын фразеологизмдер; 2) Алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдер; 3) Қоғамдық-әлеуметтік факторға байланысты туындаған фразеологизмдер; 4) Діни наным-сенімге, салт-дәстүрге байланысты туындаған фразеологизмдер; 5) Өлшемдік ұғымдарды білдіретін фразеологизмдер; 6) Табиғат құбылыстарына байланысты фразеологизмдер деп бөле отырып, кейбір фразеологизмдер мағынасы жағынан бірнеше топқа қатысты болатындықтан, оларды мұндай тақырыптық топтарға бөлудің шартты екендігін ескертеді [5].

Фразеологизмдер мағынасына қарай бірнеше семантикалық топтарға бөлінеді. Кейбіреуіне тоқталып өтелік.

Соматикалық фразеологизмдер. Қазақ тілінде: *аузына шайнап бергенді жұта алмайды; қолыңмен істегенді мойныңмен көтер; екі көзі төрт болды, шаш ал десең, бас алады* т.б. Ал ағылшын тіліндегі соматикалық фразеологизмдер: *something is on (at) the tip of somebody's tongue* (тілдің ұшында), *in one ear and out the other* (бір құлаққа кіріп, екінші құлағынан шығу; ақпа құлақ), *zip your lip – don't talk* (ауызды құлыппен құлыптап тастау) т.б.

Жан-жануарларға байланысты тұрақты тіркестер: *бір оқпен екі қоянды ату; бір қазанға екі қошқардың басы сыймау, жерден жеті қоян тауып алғандай* т.б. Ағылшын тілінде: *Every dog has his day* (итке де бақыт күні туар).

Достық пен дұшпандық ұғымын беретін фразеологизмдер: *дұшпаныңа өлім тілегенше, өзіңе өмір тіле, дос басқа – дұшпан аяққа қарар* т.б. Сол сияқты ағылшын тілінде: *The best mirror is an old friend* (ескі дос ең үздік сынаушы). *Where there are friends, there is wealth* (Достық бар жерде байлық бар) және тағы басқалар. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің мағынасы осы тілдерде

сөйлейтін ұлттың ежелден бергі өмірін жан-жақты айқындайды. Бұл фразеологизмдер тілдік қолданыста әр уақыттың салт-дәстүріне, әдет-ғұрыптарына, мәдениетіне, психологиясына, тарихына байланысты қалыптасып, тілдік қолданыста дамып өрбіген. Сондықтан да олар әр халықтың ерекшелігіне байланысты өсіп-өрбіп, сол халықтың ғасырлар бойы жинаған байлығының бірі болып табылады. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің беретін ұғымы әр ұлттың өзіне ғана тән рухани өмірін суреттейді. Яғни, қос тілдегі фразеологизмдер ұлттық сезім, ұлттық мінез, ұлттық салт-дәстүр негізін айқындайды. Ғалым Е.А.Диброва фразеологизмдердің шығу тегін еркін сөз тіркестерімен байланыстыра қарастырып, еркін сөз тіркестерінің фразеологизмдерге ауысуының 5 кезеңін көрсетеді. 1-кезеңі – сөздердің еркін тіркес кезеңі; 2, 3-кезеңі – еркін тіркестердің фразеологизмдерге ауысуы кезеңі, 4, 5-кезеңдері – фразеологизмдердің қалыптасу кезеңі.

Фразеологизмдер шыққан тегі еркін сөз тіркесінен өзгеше. Фразеологиялық тұрақтылық дегеніміз – тіркестің мағынасының астарлы, образды болуы, бүтін тұлғаға ғана тән болуы. Фразеологизмдердің туу себебі фразеологиялану процесі болып табылады. Нәтижесінде сөз тіркесі түгелдей жаңа, туынды мағынаға ие болады, дайын күйінде қолданылатын тілдік материалға айналады. Көптеген фразеологизмдер ағылшын-қазақ тіларалық фразеологиялық қорында семантикалық жолмен жасалынған. Ағылшын тіліндегі: *Keep one's nose to the grindstone* – мұрнынан шаншылып жүру. Екі тілдеде мағынасы «жұмыстан қолы босамау» деген ұғымды білдіреді. Тағы да, *Be in smb's pulse* – тамырын басу – «ақырын пікір, сыр тартып көңілін бөлмек болу» деген мағынада қолданылады. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмнің аспан денелеріне табынудан пайда болған түрлері кездеседі: *Be born under a lucky star* – бақытты жұлдыздың астында туу, *believe in one's star* – өзінің тағдырына сену. Қазақ тіліндегі аспанға табыну дәстүріне байланысты пайда болып, қалыптасқан фразеологизмдер: «көк, аспан, тәңір, құдай» сөздері арқау болған: *құдай жарылқады, тәңірі қолдады, жұлдызы оңынан туды, аспанымыз ашық болсын т.б.*

Ағылшын тіліндегі фразеологизмдердің қалыптасуына әдеби тілмен қатар терминологиялық және кәсіби лексика негіз болған. Мысалы, ағылшын тіліндегі *talk shop* – «көпшілік жерде жұмыс жайлы сөйлеу» мағынасын білдіреді, яғни *«shop»* – «шеберхана» ұғымында

қолданылады. *to turn face about* – «көзқарасын (мінезін) күрт өзгерту» мағынасын білдіреді. Әскери терминалогия бойынша «солға шыр айналу» деп аударылады екен. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің пайда болып, қалыптасуынан әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктерін байқауға болады: *Move heaven and earth* (жер мен көкті жылжыту) қазақ тіліндегі баламасы «айды аспанға шығару», яғни таң қалдыру ұғымын береді. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің қалыптасуына ертегілер, аңыз-әңгімелер, эпостық жырлар негіз болған. Ағылшын тіліндегі тұрақты тіркестер, идиомалар көбінесе ертегілерде, жай және құрмалас сөйлемдерде көп қолданылады. Мысалы:

1. *He was too soft – hearted and could not refuse money to his children and relatives whenever they asked for it.* Бұл жердегі идиома «soft – hearted» «жұмсақ жүрек» (қазақша қайырымды, қолы ашық) деген мағынаны білдіреді.

2. *When the boy asked his parents to allow him to learn to play piano, they agreed because they knew he had a good ear for music.* Бұл жердегі идиома «good ear for music». Мұны сөзбе-сөз аударсақ, «good ear» – «жақсы құлақ» дегенді білдіреді, яғни қазақша баламасы «құйма құлақ».

Қорыта келгенде, ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің қалыптасуына ағылшын және қазақ ұлттарының тарихи, рухани және материалдық мәдени дәстүрлері негізі себеп болған деген тұжырым жасауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы: Дәуір, 2003. 247 б.
2. Шанский Н.М. Фразеология современного русского языка. М.: Русский язык, 1979. 388 с.
3. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977. 712 б.
4. Сатенова С. Қос тағанды фразеологиялық тіркестердің авторлық қолданысына қарай өзгеруі // Тіл тарихы және сөз табиғаты. Алматы: Ғылым, 1997. Б.85-89.
5. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің синонимдік қатарлары. Алматы: Ғылым, 1997. 96 б.

КАФКАТАНУ НЕМЕСЕ ЖАЗУШЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЛАБОРАТОРИЯСЫ

*Оразова А.
БҚИГУ магистранты*

Ф.Кафка XX ғасырдағы Европа әдебиетіндегі аса ерекше тұлға шығар, сірә. Шығу тегі еврей, туған жері мен тұрғылықты жері бойынша прагалық, тілі жағынан неміс, ал мәдени дәстүрі –австриялық жазушы, Кафка қоғамдық, жанұялық, шығармашылық қайшылықтардың түйіні болды. Осы жағдайлар мен оған байланысты емес себептер Кафканы эстетикалық, философиялық, идеологиялық дау-дамайлар затына айналдырды. Бірақ мұның бәрі жазушы дүниеден өткеннен кейін ғана.

Кафка көзі тірі кезінде және ол дүниеден өткеннен кейінгі қағидалар арасындағы немқұрайлылық қарама-қарсылық жиі асырып айтушылық, шындық. Орталық Европада 20-30 жылдары ол көпшілікке танымал болды. Оның шығармалары Германияда басылып шықты, Чехословакия мен Венгрияда тәржімаланды, оған Т.Гессе, Манн, Верфель, Деблин, Музиль,Тухольский, Брехт сияқты белгілі ағайындары баға берді. Бірақ сол кездегі оның атақ-даңқын екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі «Үкім», «Айналдыру», «Процесс», «Қамал» сияқты шығармаларымен шыққан атақ-даңқымен салыстыруға болмайтын еді.

Оны субъективті себептермен түсіндіруге болатын шығар. Кафка жазу үстелінің тартпасынан өзінің жазған-сызғандарын әдетте достарының қолқалаған кезде өкініш пен күдік араласқан сезіммен әреңдеп шығаратын. Сондықтан оның көзі тірісінде жазған шығармаларының тек біразы ғана белгілі болды.

Кафканың аяқталмаған үш романы ол өлгеннен кейін ғана өз оқырмандарына жетті: 1925 жылы «Процесс», 1926 жылы «Қамал», 1927 жылы «Америка». Кейін жазушы мұрасы көлемді он томнан (толық жиналған тәрізді) тұрады.

1924 жылы Ф.Кафка қайтыс болған кезде, оның есімі өз елінің әдеби қауымы ортасында ғана аздаған беделге ие еді. Сол тұста жазушының бір бөлім шығармасын дос қызы Милина Ешнскаия неміс тілінен чек тіліне аударған-ды. Ф.Кафканың көзі тірісінде жазушы шығармаларының бұдан басқа аудармасы болған жоқ.

Ф.Кафка шығармаларын ағылшын тіліне аудару жұмысын ең ерте қолға алған адам Макс Брод. Ол Ф.Кафканың досы әрі жазушының артында қалған әдеби мұрасының заңды иеленушісі еді. Макс Брод кезінде аударма жұмысын қолға алумен қатар Ф.Кафканың артында аяқталмай қалған үш романына да өзі біліп түсініктер жазған. Макс Брод аудармашы тауып жазушының «Айыпталу» романын ағылшын тіліне аудартып, кітапты 1925 жылы жарыққа шығарады, соңынан «Қамал», «Америка» романдары ағылшын тілінде жарық көреді. «Қамалды» аударғандардың бірі Эдуард Муирдың айтуынша 30 жылдарға дейін Ф.Кафканың есімі ағылшын дүниесіне бейтаныс болған. 30-жылдарынан кейін ғана Ф.Кафка біртіндеп жұрт назарын өзіне аударып, мойындалып, маңызды модернист жазушы ретінде әдебиеттегі дәкей тұлғаға айналған. Содан бастап «Кафкаша» деген осы бір ауыз сөз әдебиетте сыртқы дүниенің дүлей соққысынан қаңбақтай ұшқан адамның қауқарсыз, құлазыған, дәрменсіз жан, дүниесін бейнелейтін атау сөзге айналып кетті де, адамды зат орнында көретін компаниялар мен бюрократтық жүйенің, дара билікке құрылған түзімнің тепершігін көрген оқырмандар Ф.Кафканы бірден өздерінің мұңдасына айналдырып алды.

Десе де ағылшын дүниесіне Ф.Кафканы алғаш ұсынған жоғарыдағы адамдар жазушының шығармаларын бір жақтылы сипатта таныстыруға бейім болды. Олар Ф.Кафканы діндар жазушы етіп шығарды. Макс Брод «Жат дін, христиан діні, яһудише ойлау: сенімнің аяталуы» деген еңбегінде Ф.Кафканы сенімі шайқалған осы заманның ғұламасы етіп сипаттайды да, соңғы шығармаларында «ол құдайды тапты» деп, былайғы оқырманды моралдық жақтан тәрбиелеп, дінге қарай жетектегісі келеді.

Бұлай болатын себебі сол кезеңде ағылшын тілі дүниесінде нәсілдік көзқарасты аластау, болмысшылдық, қырғи қабақ соғыс сондай-ақ құдайсыздық пен дүниеге таптық көзбен қарау арасында тірес күшейіп кеткен кезең болатын. Макс Бродтың қарасынша «Қамал» тұнып тұрған діни мифтік түс алған шығарма, онда айтылған қамал «құдайдың оң жолға бастауын» білдіреді, шығарма соңында кейіпкер К осы жолға түсіп, өзінің жоғалтқан сенімін қайта табады-мыс. Романның алғашқы аудармасында кездесетін көптеген діни атауларды да Эдуард Муир осы ойдың жетегімен қолданған. Бұл Ф.Кафка шығармаларының түп нұсқасындағы сарынды өзге арнаға бұрғанмен папа-пар еді.

Бұл түйінді ең ерте байқап, лайықты түзету жасаған адам АҚШ-тың әдебиет сыншысы Эдмон Уилсон. 1947 жылы сыншы «Нью-Йорктік» басылымына жазған мақаласында, Ф.Кафканың бұлайша аспандап кетуі бір бөлім зиялы қауымның өзін ұмытқан жеңілтектігінен болып отыр деп қарады. Сыншы және Ф.Кафка бізге өзіне өзі күмән келтірген пенденің аянышты дауысын ғана қалдырып кетті, мен оны ұлы тұлға, моралдық толысуға бастайтын ғұлама деп жүргендерді тіпті түсінбеймін деп жазды.

Одан кейінгі кезеңде зерттеушілердің Ф. Кафка туралы түсінігі сан-саққа кетті. Айталық М.Пасслер сияқты мәтінге көбірек назар аударатын зерттеушілердің қарасынша, Ф.Кафка «жартылай жеке адамға тән дүниенің әдебиет ойынына айналдырып, шығарманың сюжетін екі ұшты сөзге толтырып, содан өзіне тән өзгеше дүние торын тоқып шыққан. Ол оқырманын әдейі тәлкек қыла отырып, олармен ойын ойнайды. Бар мен жоқтың, шын мен жалғанның арасында қыландаған сөздерді алға салып, өзгеше мәтін жасап, оқырманның сана-сезімін байлап—матап тастайды. Кезінде жазушыны әкесі дәл осындай тәсілмен баласын уысынан шығармай ұстаған.

40-60 жылдарда зерттеушілер негізінен Ф.Кафка шығармаларындағы екі ұшты түйіндердің мағынасын шешуге зер салды. Олар мәтіннің бойынан үлкен мағына немесе құрылым тауып шығуға барын салды да, шығарманың өзіндік ерекшелігін айталық шығармалардың үздік қалуын, ақаулы тұстарының барлығын ескеріп жатпады. Бұл не де болса түбіне дейін зерттеп, тасадағы сырдың бірде бірін қалдырмай ашып тастау сынды тілектен туған тірлік еді.

70 жылдардан кейін, Ф.Кафка зерттеуде бетбұрыс болды. Бұл кезеңде сыншылар Ф.Кафка шығармаларына кешегідей моралдық көзқараспен шұқшия берудің жөнсіз екенін танып жетті. Бұл әдебиет сыны атқаратын жұмыс емес адамдардың атқаратын жұмысы екенін түсінді. Осы кезеңде Ф.Кафка шығармаларының жаңа аудармалары да өмірге келе бастады. Жазушыға қатысты көптеген нақты деректердің беті ашылды, көптеген қателіктер түзетілді. Ф.Кафканы зерттеу құраушылдық түс алған формашылдардың сыны мен қоғамдық түс алғаш саяси сынның қос қыспағында жаңа биікке көтерілді.

АҚШ сыншысы С.Маингод профессор жазған « Ф.Кафка лайықты форма іздеу» атты еңбек жоғарыда аты аталған сынның көлеміне жатады. Құраушылдық пәлсапасының негізін қалаған Деманның ықпалына ұшыраған автор. Ф.Кафканың өмірі-

«жазушылық деген түпсіз шыңырауға қойып кетіп, соның түбіне дейін бармай қайтпауға бекінген өмір- Ф.Кафка осыған қатысты ең керемет әңгіме құраушы» деп қарайды. С.Маингод Ф.Кафканы зерттеуде бұған дейін басы ашылған дүниелер-сөздердің екі ұштылығы: шын-өтірігі белгісіз жіп ұштарының менмұндалауы; сондай-ақ өткенде келтірілген барлық түсіндірулерден қарағанда Ф.Кафка уақытынан бұрын туған құраушылық пәлсапасының ғұламасы деп түйеді. Сыншы ақырында Ф.Кафканың түп ерекшелігі «түсіндіруге көнбейтіндігінде» деп қорытынды шығарады. Жазушының «Сүргендер тұрған сүркейлі дала» әңгімесі, «автордың төл көшірмесі емес, қайта жазушылыққа жасаған түсінігі» дейді. Сыншы содан кейін жарық көрген жаңа еңбек деп Елизабет Боудың «Ф.Кафка: хаттар мен әңгімелердің тегі, табы мен нәсілі» мен С.Л.Жлиманның «Ф.Кафка: сырқатты Еврей» мақалаларын атауымызға болады. Алдыңғы еңбек Ф.Кафка шығармашылығына С.Маингодтан мүлде басқа позициямен, терең үңіліп, байыппен талдау жасап, шығарманың формалық ерекшелігіне де өзіндік орын берген. Автор Ф.Кафканың өзгеше психикасына арнайы тоқталып талдап-түсінік жасай отырып, оны Ф.Кафка жасаған дәуірдің ерекшелігімен ұштастырған. Сыншы Ф.Кафканың өз жан дүниесін боршалауына да жоғары баға берген.

Соңғы шығармалардың дені «мәдениет зерттеуде» жалаң бір жақтылық деген болмауға тиіс. Ф.Кафканы зертте немесе басқаны зертте, зерттеу көп жақтылықтан таймауы керек дегене барып саяды.

Бүгінгі Кафка шығармалары саналып жүрген әдеби мұраның жазушы көзі тірісінде өзінің халыққа шығарғаным жөн деп санағаны, оның көркем шығармаларының жартысынан сәл ғана артық бөлігін ерең құрайды.

Есігін қайтадан ашқан дүниеге ұзақ уақыт бойы Кафка өзінің прагалық досы, жазушы Макс Бродтың «жеке меншігі» болған еді. Брод ресми түрде өсиет алушысы болды, бірақ өсиет берушінің дегенін орындамады: ол оған өзінің әлі жарық көрмеген шығармаларын жағып жіберуін қалап еді, бірақ онысын жүзеге асыра алмады. Сөйтіп, «мұрагері» Кафканы толығымен ашып, көрсете білді. Дегенмен Брод оны өзінің жеке мақсатына да пайдаланды: оны суретші Кафка «идеолог» Кафкаға қарағанда көбірек қызықтырған еді. Брод оны каббалық мистикада тәрбиеленген заң үйретуші сияқты көрді. Осыған байланысты Кафка кітаптары тиісінше діни аллегория ретінде қабылданды.

Бірақ «кафка ренессансы» толқындары бродтық басымдылықтың күл-талқанын шығарды. Кафканы әрқайсысы өз жағына қарай тартып, оны өздерінің қалағанындай көрсетуге тырысып бақты. Бұл «ренессанс» Америка Құрама Штаттарында басталып, одан Британ аралдары мен Европаға ауысты. Кафкаға табынушылық соғыстан кейінгі кезеңде батыс әлемде жалғасын тапты.

Белгілі сыншы, өнертанушы Ганс Майер бұл жағдайды былай түсіндіреді:

«Ақиқаттағы соғыс пен соғыстан кейінгі кезеңдегі көңіл толмаушылық бұрынғы утопиядан бас тарту... Әкімшілік басқару, автоматтандыру, жан-жағын бюрократиямен басқарған әлем суреті, - осылардың бәрін Кафканың пайғамбарлық болжамынан табуға болатын еді» [2, 214 б.].

Кафка пайғамбар болмай тұрып, қазіргі әлемдегі даму тенденциясының кейбіреуін болжай білді; ол оны өзінің елінде, ақын әрі публицист Карл Краус Австро-Венгриялық монархияны «ақырзаманның тәжірибе станциясы» деп атағандай, осында бақылап отырды.

Кафка өзі өмір сүруге тәуелді болған, жансыз, адамгершіліктен айрылған дүниені жек көрді. Ол өркениеттің «түзету колониясының» қорқынышын көрсете білді; ол адамзат үшін жаны ашып, оған өзін жауапты ретінде сезінді. Бірақ Кафка осы кеселмен сырқаттанған жек көрінішті дүниенің тұтқыны болды. Кафканың әлемді қабылдаудағы қарама-қайшылықтары кейде келісімге келмейтін: жазушы өзінің айналасындағы тұрмысқа сенген жоқ, адам қабілетіне күмәнданды. Бұдан басқа, оның роман, новелла, нақыл сөздерінің атмосферасы бұлыңғыр, қайғылы, оның жазған хаттар манері бізмезгілде қорқынышты түсті және лирикаға толы, бағалаудың субъективтілігіне кұшағын кең ашты.

Кафкадан өмірдің кез келген жағдайына түсінік берген толғам ойлар тізбегін табуға болады; бірақ ол айқын дүниетану шекарасынан секіріп отырады. Сондықтан осы шекараларды жиі ойлаймыз. Кафка туралы «аңыздар» көбейе бастады; діни және экзистенциалды, авангардтық және консервативті, психоаналитикалық және құрылымдық.

Бірақ 70-80 ж.ж. кафкатану үшін барынша тыныш кезең болды. «Таң қаларлық оқиға жаңалықтары» дәуірі аяқталған тәрізді, ешкім Кафканы «ту» қылып ұстамайды, оны жай ғана зерттеп жатты.

Синтетикалық сипат алған жұмыстары азайғаны, шындық. Зерттеу нысанына оның шығармашылығының кейбір аспектілері ғана жиі шалынды.

2005 жылы, 10 қаңтар күні АҚШ-тың Калифорния университеті Буклер бөлімшесінің профессоры Ф. Крес «Нью-Йорк кітап сыны» басылымына «Күннен күнге жақындап келе жатқан Ф. Кафка» деген тақырыпта мақала жазып, өткен бір ғасырдағы АҚШ пен Англия әдебиет зерттеушілерінің назарындағы Ф.Кафкаға шолу жасаған болатын. Мақалада автор модернизмнің белді өкілі саналатын жазушының жоғарыдағы екі елдің түрлі-түсті зерттеу топтарында түрлі-түсті баға алып, алуан түсті көзқарастар тудырып келгенін айта келіп, Ф.Кафка зерттеудің ендігі беталысынан ой қорытады.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ӨСІМДІК АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

*Әжіғалиев М.Қ.,
БҚИГУ доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты
Сапиева У.А.,
БҚИГУ магистранты*

Этнолингвистика – этнос болмысын оның тілі арқылы танып-білу мақсатынан туындаған лингвистиканың (тіл білімінің) жаңа да дербес бір саласы. «Тіл әлемінде» өзіндік табиғатын, даму заңдылықтарын толық жан-жақты зерттеу барысында іштей жіктеліп, дүниеге келген социолінгвистика, психолінгвистика, статолінгвистика, паралінгвистика іспеттес этнолингвистика да – «этностаным» мен «тілтаным» ғылымдарының ортақ проблемасы шеңберінде тоғысу нәтижесінде пайда болған жаңа сала

Орыс ғалымы О.С. Ахманова этнолингвистика терминіне мынадай анықтама береді: «Этнолингвистика – тілдің өмір сүруі мен дамуындағы тіл мен халықтың және лингвистикалық факторлар мен этникалық факторлардың өзара қатынасын зерттейтін макролингвистика саласы».

Этностың ақыл-ой, дүниетанымының, өмір сүру тәсілінің жемісі – материалдық және рухани мәдениеті, тарихы. Сол

материалдық та, рухани да мәдениетін қалыптастыру, тарихын жазу жолында пайда болған салт-дәстүр, әдет-ғұрып сияқты белгілер этнос болмысын құраса, оны тіл деректері арқылы сөйлететін тіл ғылымындағы бағыт – этнолингвистика. Этнос болмысы – мазмұны кең, терең ұғым, сондықтан этнолингвистикалық зерттеулердің де шеңбері кеңейіп, этнос табиғатын танытатын ғылым салаларымен байланысы нығаюмен қатар, этнолингвистиканың синкреттілігі, оны кең және тар көлемде қарастыру туралы көзқарасты орнықтырды.

Тіл ғылымы тарихына зер сала қарағанда, этнолингвистикалық идеялар нышаны әріде, тамыры лингвистикалық зерттеулердің бастауында екенін көру қиын емес, алайда заман ағымы ғылыми бағыттардың өркендеп немесе бәсеңдеуіне әсер етіп отыратыны да шындық.

Сөйтіп, егер қазақ халқы мал атауларына, олардың түрін, түсін, жасын және түрлі ерекшеліктері мен қасиеттерін көрсететін сөздерге басқа халықтарға қарағанда бай дейтін болсақ, онда сол малдарға азық болып отыратын өсімдік түрлері мен олардың атауларына байланысты сөздерге де соншалықты бай екендігіне күмән жоқ.

Олай болса, ең басты мәселе- сол бай өсімдік атауларының қыр-сырын, жай-жапсарын жақсы білуде, жете тануда. Ол үшін, бірінші кезекте, өсімдік атауларына байланысты мынадай айрықша белгілер мен басты ерекшеліктерді көңілге түйіп, көкейде ұстаған абзал.

Әдетте, өсімдік пен оның жидегі, дәні, тұқымы, түйнегі бір-ақ атпен аталатындығы белгілі. Мәселен, долана (бояршник) деп, ең алдымен, балалар жақсы көретін домалақ келген қызғылт сары түсті, кішірек, сүйекті жемісті, содан кейін барып, осы жеміс өсетін ағашты түсінеміз. Алма, алмұрт, анар, өрік, шабдалы, шие, шетен, қарлыған, күрмек, күріш, картоп, т.б. өсімдік атаулары туралы да осыны айтуға болады.

Бірақ өсімдік пен оның жеміс –жидегі, дәні, тамыр түйнегі әр уақытта бір-ақ атаумен аталына бермейді. Мәселен, орысша «барбарис» аталатын жидекті халық *қарақат* деп атаса, сол қарақат өсетін бұтаны-*бөріқарақат*, сарағаш, зерек деп атайды. Осы тәрізді шырғанақ бұтасының доп-домалақ келген сап-сары, уақ жемістерін кей жерде *маймылжиде* деп, кей жерде сауысқанның тамағы деп те атай береді.

Немесе, *күнбағар*, *шөмішке* сөздерінің мағыналарын салыстырып көрелік. *Күнбағар* деп - қолдан егілетін, биіктігі – 1,5-2 м-дей, ірі жапырақты, сары гүлді, дәнді-дақылды айтсақ, *шөмішке* (*немесе шөкілдеуік*) деп- осы дақылдың дәнін айтамыз. Күнделікті қолданыста «күнбағыр шақтық» демейміз, «шөмішке шақтық» дейміз.

Бұл- қазақ тілінде кей жағдайда өсімдіктің өзі бір атпен, ал оның жеміс-жидегі екінші бір атпен аталынады деген сөз.

Сондай-ақ, енді бір топ өсімдіктер жас кезінде бір түрлі атаумен аталынса, кейіннен өсіп-жетілгеннен кейін – екінші түрлі атаумен аталынады екен. Мысалы, *шоңайна* (*репей*, *репейник*) өсімдігі ең алғаш тарбиған ірі-ірі жапырақ түрінде шығады. Сондықтан болу керек, халық оны жас кезінде *түйежапырақ* (*лопух*) деп атайды. Күзге қарай сабағы, бұтақтары, гүлі толық өсіп, басындағы бүрлі тікені пісіп жетілгеннен кейін, ол *шоңайна* деп аталынады. Осы тәрізді ең алғаш өсіп келе жатқан кезінде бұйра жапырақ аталынатын өсімдік күзге қарай *сорғыш*, (*шандра*) деген атқа ие болады.

Өзен, көл жиектерінде, суда өсетін өсімдіктердің бірі – *қоға* (*рогоз*) деп аталынатындығын әркім біледі. Бірақ «жігіт-жерінде, жекен-суында» деген мәтелдегі жекен де осы қоға екендігін кез келген адам біле бермеуі мүмкін. Сол қоғаның су астындағы шырынды бөлігін – тамырсабағын борық деп атайды. («Құланнан атты қорықты, көлдеп тартты борықты»). Ол кейде халық тілінде атшоңқай деп те аталына береді.

Неге екенін қайдам, Н.И.Ильминский *борықты «қамыстың тамыры»* деп жазыпты. Қамыстың адам жеуге жарайтын ақ түсті тамырсабағын халық *борық* деп емес, *сүйрік* деп атайды. Сүйрікті біз өзіміз тәттілігіне қызығып бала кезімізде көп жедік. Осы секілді қамыстың әлі толық өсіп жетілмеген, балғын да балаусалы жас кезінде *құрақ* аталатындығы да көпшілікке аян болар деп ойлаймыз.

Кейде бір өсімдік халық арасында әр түрлі атаулармен де аталына береді. Мәселен, ғылыми әдебиеттерде көбінесе *шытырлақ* (*недотрога*) аталатын өсімдік айтушысына қарай бір жерде – *шыңқетер* аталынса, екінші бір жерде – *шыңқетпе*, үшінші жерде- *жылауық* аталынады.

Ал орысша «*первоцвет*» (латынша аты «*примула*») аталатын өсімдіктің қазақша атауы бұдан да, асып түсіпті. Ол бірде бәйшешек, қозыгүл аталынса, екінші жерде- *жауқазын*, *запыран*, үшінші жерде - *наурызгүл*, *наурызшешек*, *наурызек* аталынған.

Бұлардың біреулері әдеби немесе ғылыми атаулар болса, екіншілері- халықтық не жергілікті атаулар, ал үшіншілері – диалектілік атаулар болып табылады. Бұлай болулары заңды да. Өйткені әр жерде (облыста, ауданда) тұратын халықтың өз жерлерінде өсетін әлгі өсімдікке өздерінше ат қойып алулары таңғаларлық нәрсе емес.

Солай дей тұрсақ та, мұндайларды жете зерттеп, байыпты түрде саралай білмесе, тілімізде түрлі түсінбеушіліктер мен шатастырушылықтар, жаңылысушылықтар көп болары сөзсіз. Мәселен, Т.Мұсақұлов өз сөздігінде (1960) жоғарыдағы бір ғана *бәйшешек* сөзі арқылы орысша «*курослеп*», «*подснежник*», «*первоцвет*» аталатын үш түрлі өсімдікті белгілепті. Ал, С.Арыстанғалиев пен Е.Рамазанов болса, әлгі жалғыз сөзді «*бәйшешек*» бұлардан басқа тағы да «*тюльпан*, «*шафран*» деп аталатын екі түрлі өсімдікке балама етіпті.

Сонда қалай? Жоғарыда аталған орысша атаулардың әрқайсысына балама боларлықтай жеке-жеке сөз қазақ тілінде болмағаны ма? Жоқ болмаса, бәріне жалғыз сөз жарар деген немкеттілік пе?

Біздіңше, бұл орысша атаулардың тіліміздегі өз баламаларын іздеген дұрыс еді. Тіпті болмаған күнде жарыса қолданылып жүрген жоғарғылардай, лексикалық варианттардың әрқайсысына жеке-жеке мән-мағына жүктеген мақұл еді.

Бұл ретте біз екі томдық орысша-қазақша сөздікті жасаушылардың осы тәрізді сөздердің кейбіреулерін жіктеп, саралап, әрқайсысына жеке-жеке мән-мағына бергендіктерін құптаймыз. Сөздікшілер жоғарыда сөз болған «*курослепті*», (*куриная слепотаны*) - *сарғалдақ*, «*подснежнікті*» - *бәйшешек*, «*первоцветті*»-*жауқазын*, «*тюльпанда*»-*қызғалдақ*, *сарғалдақ*, «*шафранды*»-*запыран*-деп әрқайсысын бөлек-бөлек сөздермен аударыпты.

Халық тәжірибесінде бір өсімдікке бірнеше ат қоюмен бірге, бірнеше (екі немесе үш түрлі) өсімдіктердің бір-ақ атпен атау да жоқ емес. Мәселен, *қызылша (свекла)*- техникалық дақыл. Оның қант қызылшасы, асханалық қызылша, мал азықтық *қызылша* деген сорттары бар. Сонымен бірге, кей жердің халқы тау беткейлерінде өсетін (күлін ертеде насыбайға қосатын болған) *қылша (эфедра)* өсімдігін де қызылша деп атай береді. Немесе, керісінше, осы екеуін де *қылша* деп атаушылық бар.

Әдетте, қарағаш деп – Алматы көшелерінде *емен, тал, терек, қайыңдармен* бірге қатар құрап, сән түзеп тұратын әрі жуан, әрі биік болып өсетін, қара қабықты мәдени ағашты «*берест*»деп айтатын болсақ, кей жердің халқы (Алматы облысы, Кеген ауданы, Саты селосы) сонымен бірге, өзен бойларында жабайы өсетін, онша жуан емес, бірақ ірі келген, бұтақтарының сойдиған-сойдиған тікендері бар, қара түсті қатты ағашты да қарағаш деп атайды. Ол ағаштың әдеби аты – *шырғанақ. (Облепиха).*

Сондай-ақ әдеби тілде атқұлақ деп – негізінде сабағы сояудай тарбақ тамырлы, көп жылдық қурай тектес өсімдік аталынса, екінші бір жердің халқы *атқұлақ деп саңырауқұлақты* да атайды.

Ал *түйетікен (чертополох)* деп бір жердің халқы бізге *ошағанды (татарник колючий)* көрсетсе, екінші жердің халқы жантақты (верблюжья колючка) нұсқады. Олардың не себептен аталатындығын сұрағанымызда, *ошаған* жайында оның ірілігін, бойының биіктігін, (100-125 см), ал жантақ жайында оның түйе сүйсініп жейтіндігін дәлелге келтірді. Мұндай ассоциация, әрине, түсінікті нәрсе.

Ескерте кететін нәрсе, бірнеше өсімдіктердің бір-ақ атаумен (сөзбен), атау – тек халық тілінде ғана емес, ғылыми еңбектерде де көптеп кездеседі. Мәселен, С.Арзымбетовтың сөздігінде (1955) «*борщевик*» және «*дягиль*» деп аталатын екі түрлі өсімдік аюбалдырған деген бір-ақ сөзбен берілген. Сондай-ақ, ондағы «*ромашка*», «*льнянка*» деген өсімдіктер де *қазтабан* деген жалғыз сөзбен аударылған.

Әлде бұл өсімдіктердің халық тіліндегі қазақша баламаларын табуға тырысты, әлде омоним атаулардан максатты түрде қашты – әйтеуір, екі томдық орысша-қазақша сөздіктің авторлары жоғарыдағы орысша атаулардың біреуін- *аюбалдырған (борщевик)*, екіншісін – *сасықбалдырған (дягиль)*, үшіншісін – *түймедағы (ромашка)* деп аударыпты. Ал төртіншісін (шамасы бұл өсімдіктің қазақша баламасын авторлар таба алмаған болу керек) – «сарғыш я көкшіл түсті декорациялық гүл! Деп сипаттамалы түрде түсіндіріпті.

Өсімдік атауларының бұл сияқты сан түрлі, көп қырлы болып келуі – ботаниктерге болмаса, лингвистерге онша көп қиындық келтіре қоймайды. Қайта, керісінше, лингвистер үшін бұлар – ұшан-теңіз мол байлық. Тек сол байлықты мән-мағыналарына қарай саралап, жіктеп, бір-бірінен ажырата білу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Арыстанғалиев С., Рамазанов Е. Қазақстан өсімдіктері. – Алматы: Рауан, 1977.
2. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Қайнар, 1966.
3. Калиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. – Алматы: Ғылым, 1988.
4. Бекмұханбетов Е.Б. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері. (Түсіндірме сөздік). – Алматы: Рауан, 1977.
5. Калиев Б. Өсімдік атауларының орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздігі. – Алматы: Қайнар, 19

ГАРСИА МАРКЕСТІҢ ӘДЕБИ ҚАДАМДАРЫ

*Саркулова Д.С.,
БҚИГУ магистранты*

Оқырманның Габриель Гарсиа Маркес шығармашылығымен танысуы оның XX ғасырдың 60-шы жылдарының соңында жарық көріп, дүйім жұрттың назарын аударып, авторға да, автордың осыған дейінгі жазған дүниелеріне деген қызығушылықты оятқан «Жүз жылдық жалғыздық» атты романынан басталған болатын. Гарсиа Маркестің одан кейін де «Отағасының азуы» романы мен «Алдын-ала дабыралы болған бір ажалдың тарихы» атты повесі ілесе жарық көріп, автордың әдебиет әлеміндегі ірі суреткер екендігін толықтай дәлелдеп берді. Бұның айқын айғағы - әлем оқырмандарының (мейлі бұл әдеби шығарманы сын тұрғысынан елеп-акшеуге тым құмартпайтын қарапайым оқырман болсын, мейлі бұл әдебиет әлемінің «тұрақты тұрғындары, білгірлері» - кәсіби әдебиетшілердің өздері болсын) Габриель Гарсиа Маркес шығармашылығына деген уақыт өтсе де күлбілтеленіп, өшіп қалмай, керісінше, әр кезеңде жаңа қырынан жарқырай түсетін ынтықтығы. Тірі жан иесінің өмірден өз корегін, тіршілік үшін қажетті нәпақасын тапжылтпай табатыны

секілді оқырман да оның кітаптарын еш көмексіз өзі тауып, таңдап алды.

Маркес шығармашылығының тағы бір ерекше қыры – автор творчествосына табынушы оқырмандар ішінде әдеби шығармашылықтың інжу-маржандарын тұтынушылардың ерекше бір легі, яғни әдебиетті тудырушы жазушылар мен сыншылар да мол болатын. Әрине, сыншылардың қай автордың да тұрақты оқырманы болуын аса бір таңдай қағарлық құбылыс деп атауға келмес, ал кәнігі қаламгерлердің бір автордың тұрақты оқырманына айналуын қатардағы қалыпты жағдай деп ешкім де айта алмас еді. Сондықтан да бұдан шығатын қорытынды біреу ғана, яғни осы кезге дейін әлемдік әдеби энциклопедияларда ол туралы мәліметті біреу тауып, біреу таба бермейтін, сонау алыс Колумбия күнінің астында дүниеге келген қаламгердің қағаз бетіне жазып қалдырған сөздерінің астарында күллі адамзат баласына ортақ маңызы бар терең бір мән жатыр, өмірдің де, әдебиеттің де өзегін терең бойлап, тарата пайымдаған ой жатыр.

Осыдан кейін Габриель Гарсиа Маркес есімі жазушылардың роман жанры мен жалпы заманауи әдебиет тағдыры туралы терең толғаныстары мен әдебиет сыншыларының прозаның, реализмнің даму жолдары турасындағы пікірталастарынан түспей келеді...

Бір сөзбен айтқанда, тарих сахнасында әлем әдебиеті үшін қаншалықты әдеттегі жағдай болса-дағы, адамзат үшін соншалықты таңғажайып оқиға орын алды: адам баласының жалпы рухани әлемі, көркемдік әлемі жаңа бір сатыға, соны бір белеске көтерілді.

Тек бұл жердегі Габриель Гарсиа Маркес шығармашылығының арқалаған жүгі тым ауыр еді: әлем Маркес шығармашылығымен бірге әдебиет тарихы мұхитында пайда болған Латын Америкасының «әдеби материгімен», яғни бүтіндей бір «әдеби континентпен» танысуға мүмкіндік алды. Гарсиа Маркеске дейін оқырман қауым Латын Америкасы туралы оның ұлы перзенттері, жазушылар Пабло Неруда, Мигель Анхель Астуриас, Жоржи Амаду, Алехо Карпентьер туындылары беттерінен хабардар болған еді. Алайда әлем жұртшылығының Латын Америкасының адамзаттың рухани өмірінің шынайы факторы екендігін мойындауы осы Гарсиа Маркес шығармашылығы беттерінен бастау алғаны анық.

XX ғасырдың соңындағы белгілі орыс әдебиетшісі, сыншыларының бірі А.Бочаров өзінің «Өмір сынағы» («Экзаменует жизнь») атты кітабында Фолкнер мен Гарсиа Маркес

шығармашылықтарының оқырманға терең ықпал ете алу мүмкіндіктері туралы толғана келіп, былай деп жазады: «...XX ғасырда еуропалық көркем дәстүрдің орнын әлемдік көркемдік тәжірибе алмастырды», - дейді.

Расында да сол кезден бастап айтылуы қиын болса да, көптеген латынамерикандық романистердің есімдері ауызекі тілге дендей ене бастады. Олар – жоғарыда атап өткен Алехо Карпентьер, Мигель Анхель Астуриас, Жоржи Амаду, сонымен қатар Хулио Кортасар, Марио Варгас Льюса, Аугусто Роа Бостос, Мигель Отеро Сильва және тағы басқалары еді...

Габриель Гарсиа Маркес 1928 жылы Аракатака атты кішкентай ауылда, банан плантациялары өлкесінде дүниеге келген. Оның әкесі Габриель Элихио Гарсиа заңгер оқуын оқып, алайда бітіре алмай, телеграфшы боп істейтін. Ол Аракатананың байырғы тұрғыны емес, кірме адам болатын, ал Аракатакада өзге жақтан келген кірмелерге адамдар әркез күдікпен қарайтын. Ал Маркестің анасы керісінше, осы жердің байырғы тұрғыны, XIX – XX ғасырлар аралығындағы азаматтық соғыстардың ардагері, либералдар партиясының сенімді қолдаушысы, отставкаға шыққан полковник Николас Рикардо Маркес Мехиа Игуаранның қызы болатын. Аракатаканың негізін қалаушы өзге де соғыс ардагерлері секілді Гарсиа Маркестің атасы да өмірінің соңына дейін үмітін үзбей үкімет уәде еткен зейнетақыны күтумен болған еді.

Аракатакада дүниеге келген Габриель Гарсиа Маркес 8 жасқа дейін нағашы атасының қасында өсіп, өмірдегі ең алғашқы әсерлерін де осы жерде алған еді. Кейін оның әке-шешесі Сукра мен Барранкилья қалаларында тұрып, бұл қалалар да жазушы өмірі мен шығармашылығына өз қолтаңбасын қалдырған мекендерге айналды. 1940-1942 жылдар аралығында Габриель Барранкилья қаласындағы Сан-Хосе незуиттік мектебінде оқиды. Балалық албырттыққа толы алғашқы шығармаларын осы мектепшілік «Хувентуд» газетінде жариялаудан бастайды. 1943 жылы ол Сипакирдегі ұлттық колледжде өз білімін жалғастырады. Осындағы интернатта жатқан кезден бастап бұған дейін қолына кездейсоқ түскен әр кітапты оқып жүрген Габриэль енді белгілі бір тәртіпке бағындырылған жүйелі оқуға көшеді. Әдеби ортамен қарым-қатынасы да осы жерден басталады.

Кейінірек Габриель Гарсиа Маркес өзінің бойындағы әдеби қызығушылықтың туындау кезеңінде оған колумбиялық поэзиядағы

«Аспан мен тас» («Пьедра и сьело») ағымы өте қатты әсер еткенін бірнеше рет айтқан еді. 30-шы жылдардың аяғындағы Колумбияның әдеби өмір аренасында пайда болған жас еркіндіксүйгіш ақындар осы ақындық ағымды белгілі испан ақыны Хуан Рамон Хименестің белгілі өлең жинағының атауынан алған болатын. Ал шын мәнінде аталмыш ақындар тобының ақындық бастау көзі ауқымды еді: XX ғасырдың бас кезіндегі испан ақындарының атақты «үштігі» (Хуан Рамон Хименес, Мачадо, Унамуно), сонымен қатар «1927 жылдағы испандық ұрпақ» та бар еді. Олардың қатарында Гарсиа Лорка, Рафаэль Альберти секілді әйгілі қаламгерлер болатын. Ағым өкілдері еуропалық ақындар арасынан Поль Валери мен Рилькені, сонымен қатар сюрреалистерді жақын тұтатын, ал жаңа испан-американ ақындарының қатарынан Пабло Неруда мен Вальехо айрықша құрметке ие еді. Әсіресе, Пабло Неруда шығармашылығы Габриель Гарсиа Маркестің творчествосының бастапқы кезеңіне көп ықпал еткен еді.

Бұл – жаңашылдықты жақтап, испан-американ модернизмінің ескірген, кертартпа поэтикасына қарсы шығып, ескі романтикалық қайталауларға, бутафоризмге, экзотизмге, жасандылыққа мылтықсыз майдан ашқан ақындар тобы болатын. Олар сюрреализмнің өзіне тән белгілі бір деңгейдегі еркіндігін, оның «хаостық, яғни ешбір тәртіп пен ұйқасқа бағынбайтын поэтикасының» элементтерін қолданысқа алып, жаратылыстың материалистік және идеалистік жақтарының бір-біріне сабақтаса өрілуін қолдады. «Пьедра мен сьелоның» бір көрнекті өкілі бұл поэтиканың болмысын кейінірек бұлайша түсіндіріп берген болатын: «Өнер дегеніміз – бұл өмірдің, жаратылыстың ғаламат ауқымды көрінісі, ол ояу шақтағы саналы кездің ғана емес, ұйқы құшағындағы санасыз шақтың да картинасы: яғни фәнилік пен бақилық, рух пен материя». Бұл сөздер осы топ мүшесі, Габриель Гарсиа Маркес оқыған Сипакир колледжінің ректоры Карлос Мартиннің сөздері болатын. Міне, осы тектес пікірлер легі Габриель Гарсиа Маркестің шығармашылық бағыт-бағдарын айқындап берген еді.

Сонау студенттік шақтан бастап Габриель Гарсиа Маркес драма мен өлең жанрларында қалам тербей бастайды. Оның алғашқы шығармалары «пьедраселистер» рухына толы болатын. Кейінірек жазушының өзі де: «Егер де «Пьедра мен сьело» ағымының маған ықпалы болмағанда, менің жазушы болу-болмауым екіталай нәрсе

еді», - деп еске алатын. Әрине, жас жазушының кемелденген қаламгер боп қалыптасуына тек «Пьедра мен сьело» ғана емес, сонымен қатар өзге де әдебиет бастау көздері ықпал еткенін жазушының өзі де бірнеше рет айтқан болатын: олар – испан классикалық поэзиясы, Эспронседа романтиктері, олар – Нуньес де Арсе мен Беккер, әртүрлі халықтық ән-жинақтар және т.б. болатын.

Жазушылық жолына түскен жасөспірім жігіттің шығармашылық шыңдалуына ықпал еткен екінші маңызды оқиға – оның Франц Кафка шығармашылығымен танысуы еді. «Айналу» («Превращение») деген әңгіме атауымен шыққан Франц Кафканың шығармалар жинағы қолына тиген уақытта Габриель Гарсиа Маркес небәрі 17-ақ жаста болатын. «Сайтан алғыр деп ойладым мен, - деп кейінірек еске алады жазушы, - мұндай нәрсе өмірде тіпті болуы мүмкін деп мүлде ойламаппын». Кейінірек, «Айналу» әңгімесінен алған әсері туралы айта келе, жазушы былай деп еске алады: «Мен бұлайша жазуға тиым салынған ғой, бұлай жазуға болмайды ғой деп ойладым», - дейді. Габриель Гарсиа Маркес «Айналуды» оқыған күннің ертеңіне-ақ «Үшінші бас тарту» («Третье отречение») атты әңгімесін жазып, ол әңгімені «Пьедра мен сьелонь» тағы бір беделді мүшесі Эдуардо Карранса «Эль Эспектадор» газетінің бетінде жариялайды.

Жалпы, Габриель Гарсиа Маркестің өзінің айтуы бойынша, оның алғашқы әңгімесін жазуға түрткі болған жайт – Эдуардо Каррансаның бір газет бетіне жариялаған мақаласы болатын. Өз мақаласында Карранса сол уақыттағы заманауи колумбиялық әдебиетке жан-жақты шолу жасай келе, сол кездегі әдебиет көкжиегінде жарқырай көріне алар таланттар мен дарындар көрінбейді деген пессимистік пікірге бой алдырады. Бірақ Габриель Гарсиа Маркестің «Үшінші бас тарту» әңгімесін жариялай отырып, ол өз пікірінен өзі бас тартып, жас қаламгердің болашағынан зор үміт күтетіндігін жеткізеді.

1947 жылы Габриель Гарсиа Маркес мектепті аяқтап, Боготадағы Ұлттық университеттің заң факультетінің бірінші курсына оқуға түседі. Университетте оқи жүріп, Гарсиа Маркес сол баяғы «Эль Эспектадор» газетіне тағы да екі әңгімесін жариялайды. Осылайша болашақ жазушының білім көкжиегі кеңі түсіп, ол сол кезде-ақ «өзіне дейінгі жазылған бар дүниені», яғни Библия мен Достоевский, Лев Толстой, Чарльз Диккенс, Фредерик Стендаль,

Гюстав Флобер, Эмиль Золялар бастаған әлем классиктерін түгелдей оқып шығуға бел буады.

Алайда, Габриель Гарсиа Маркестің университеттік өмірі ұзақ созылмайды. 1948 жылдың көктемінде елдегі демократиялық қозғалыстың көрнекті жетекшісі, елді американдық монополияларға бағындыруға қарсы үндеу көтерген Хорхе Элиесер Гайтанның қазасынан кейін Колумбия астанасы Буэнос-Айресте халықтық толқу басталады. Халық көп қатысқан бұл толқудың аяусыз басылып-жаншылуы ақыр соңында елді ұзаққа созылған ауыр азаматтық сөғыстарға әкеліп соғады. Бұл кезең Колумбия тарихында «виоленсия» деген атпен белгілі.

Елдегі дүмпулі толқулар ақыр аяғында Боготадағы Ұлттық университеттің жабылуына түрткі болып, Габриель Гарсиа Маркес Боготадан кетуге мәжбүр болады. Ол Картахена-де-лас-Индиас атты қалаға қоныс аударып, онда алдымен «Универсаль» газетіне жұмысқа орналасып, кейін жергілікті университетте өз оқуын одан әрі жалғастыруға мүмкіндік алады. Бірақ Гарсиа Маркес Картахенада да ұзақ уақыт тұрақтамайды, журналистік және әдеби ортамен етене араласуға мүмкіндік алған ол кейін Барранкилья қаласына ауысуды ұйғарады. Мұнда ол бір жағынан «Эль Эральдо» газетінде жұмыс істеп, сонымен қатар апталық газет «Крониканың» редакциясының меңгерушісі боп тағайындалады. Әдебиет пен журналистика әлеміне осылайша дендей енген Габриель Гарсиа Маркес ақыр аяғында заңгерлік қызметті біржолата тастап, бар уақытын енді толығымен өзінің сүйікті кәсібіне арнайды. Гарсиа Маркестің жеке өз бетімен бастаған өмірінің осы бастапқы кезеңі оның әдеби көзқарастарының қалыптасуына зор ықпалын тигізген болатын.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖЫЛҚЫ МАЛЫНА ҚАТЫСТЫ ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Әжіғалиев М.Қ.,

БҚИГУ доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты

Сәунешова А.,

БҚИГУ 4-курс студенті

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Тіл адам мен адамды, ұлтпен ұлтты жақындастырып, табыстыратын қарым-қатынас құралы. Біреулер қисынды әрі мәнерлі сөйлесе, біреулер түсінікті әрі орынды, енді біреулер бейнелі сөйлеуге тырысады. Қазақ тілінде бейнелі әрі әсерлі сөйлеу үшін мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер мен нақыл сөздер жиі қолданылады.

Қазақ жері - жылқының жаратылған жері, яғни туған бесігі. Қазақ халқының арғы ата-бабалары ежелден алғашқылардың бірі болып жылқыны қолға үйреткен, мініске жаратқан, етін тағам, сүтінен қымыз ашытқан, терісінен киім тігіп, ең аяғы сүйегінің өзін баспанасына құрылыс жабдықтары есебінде жұмсаған. Адамзат өмірінде жылқының алар орны ерекше. Жылқыны зерттеу қазақ ұлтының өзін-өзі тануына, мәдени келбетін тұлғалауға, болашаққа бағыт-бағдарын бағамдауға жол көрсетеді. Бұл зерттеулердің басында М.Қашқари ("Түбі бір түркі тілі"), Ә.Қайдар ("Халық даналығы"), ("Этнолингвистика"), Ж.Манкеева ("Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы"), Р.Шойбеков ("Қазақ тілінің көлөнер лексикасы"), О.Нақысбеков ("Шу бойындағы қазақтардың тіліндегі ерекшеліктері"), Т.Өмірзақов ("Мал түгіне байланысты қалыптасқан этнографизмдер"), А.А.Амангелді ("І.Есенберлиннің "Көшпенділер" романындағы жылқыатауларының этнолингвистикалық мәні"), Ж.Д.Байтелиева ("Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі"), Ж.А.Коканова ("Жылқы түгінің атаулары"), ("Қазақ тіліндегі төрт түліктің түк және тері атауларының тілдік сипаты және этномәдени мазмұны"), А.У.Токтабай ("Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі жылқы феномені") секілді ғалымдар қазақ халқының жылқы малына қатысты ғылыми еңбектер жазған.

Жылқы малына қатысты зерттеуші Ж.Д.Байтелиева өзінің ғылыми еңбегінде, жылқы малына қатысты тұрақты тіркестерін талдауға алғам. Қазақ даласында жылқы малына қатысты тұрақты тіркестің мағыналық жағынан көп екені аңғаруға болады. Жылқы малының адам баласына, татулық, достық махаббатын сыйлауды көрсетеді. Сол мағынаға *жаңа туған құлындай* фразеологизмі жақсы көру, жаңа туған құлынға баланы теңеу. Жылқы дүниеге құлын әкелгенде адам баласын өздерінің балаларына жаңа туған құлындай деп еркелеткен. Бұл тұрақты тіркестердің батырлар жырында да кездеседі. Мысалы: Жаңа туған құлындай, Жылтылдаған жұлындай (Батырлар жыры) [1; 30]. Ал мына тұрақты тіркесінде құрдастары, достары мен ата-аналар арасындағы татулықты көрсетеді. *Тай-құлындай тебісу* фразеологизмі қазақ халқының құрбы-құрдастары, дос жарандарының арасындағы татулық белгісі. Мысалы: Тай-құлындай тебіскен, Бірге туып, бірге өскен (Батырлар жыры) [1; 32].

Тарпаң тайдай қылтылдау фразеологизмі мінезі тұрақсыз, құбылмалы адамды сипаттайды. Мысалы: *Өкпеңің қайтерсің! Тарпаң тайдай қылтылдап. Пәтуасын қайтерсің?! Тазы ит қуған қояндай, Қаққаниша қабақ бұлтылдап* (Д.Бабатайұлы). Осы ат тұқымына бақылау жасау негізінде пайда болып, жылқының мінез-құлқындағы белгілер тұрақсыз, сенімсіз, жауапсыз адамның мінезіне ауыстырылған. Ал, қазақ халқының тұрмыс жағдайын, екі жақты адам арасындағы татулықты, сыйластықты білдіру мағынасында қолданылады. Ал, *ат мінгізіп, тон кигізді(шапан жапты)* фразеологизмі қазақ халқының қадірлі, сыйлы қонақтарға, құда-жекжаттарға жасайтын кәделерінің бірінің негізінде жасалған. Мәселен, құда түсу рәсімін құдалардың бір-біріне деген құрметі ретінде киіп кигізу, екі жақты құда құдағайлардың бір-біріне сыйластығы. Бұл дәстүр бүгінгі күнге дейін сақталған [1;35].

Аттың жалы, түйенің (нардың, атанның) қомы (қомында) фразеологизмі ауызекі тілде асығыс-үсігіс жасалған іс-әрекет кезіндегі қимылдың образдылығын көрсетуде қолданылады. Қазақ халқының басынан кешкен жаушыларының шабуыл жасауы, қас дұшпандарының азап шектірген оқиғалары осы жағдайда сөз етіледі. Ал, *адамжылқы мінезді* тіркесінде адамның бойындағы жағымды жақтарын сипаттайды. Мұнда адамның өзінің күшін тез, шапшаң әрекетке қабілетті адамды сөз етеді. Жылқыға тән бұл қасиетті

көшпелілер жақсы зерделеп, ұғына отырып, оны ең абзал қасиет ретінде адамның бойына ауыстырады [2; 15].

Ат кекілін (құйрығын) кесісті фразеологизмі «кетісті, араздасты, мүлде безді» мағынасын білдіреді. Қазақтардың ежелгі ат кекілін кесісіп, бәрінің көзінше (жұрт алдында) достық, туысқандық, бейбітшілік қарым-қатынастарды бұзу салты негізінде құрылған. Қазақ батырлар арасындағы дау-дамай болған жағдайда, екі ара шешкен мәселеде келісім болса «ат тізесін костым» десе, ал келіспей қойса «ат құйрығын кестім» деп кеткен. Мысалы: *Екеуін де бай жуанға жығып берген, бетіне дақ салған кедейлерге үлкен өкпелі бұлар, түңіле сөйледі. Сонда да олардан ат кекілін кесіп кете алатын түрі жоқ* (Ғ.Мұстафин) [2; 20].

Аттың тағасындай фразеологизмі ауызекі тілдеберік, мықты, төзімді адамдардың мінездерін суреттейді. Қазақ халқының бұрыннан келе жатқан сөздік мағына. Бұрынғы кезде тағаны есіктің маңдайшасына іліп, көз теймеу үшін және шаңырақ берік болу үшін ілінеді. Мысалы: Жүніс қажының қыстауы Кеңтүбектің бойындағы аттың тағасындай дөңгелек шұңқыр сайдың дәп ортасында – Аралтөбеде (Х. Есенжанов) [3; 40].

Ат жалын тартып мінді фразеологизмі баланың 7-12 жас аралығында ер жігіттік мінезіне және жасына байланысты пайда болған. Бұрын қазақ арасында бұл жастағы бала өздігінен атқа міне алған. Фразеологизм бүгінде ауыспалы мағынада «адам болды, ер жетті, азамат болды» деген мағынада қолданылады. Ал, *құлын-тайдай айқасу* деп бауырмал, тату-тәтті құрбылар мен құрдастарының арасындағы бір-біріне татулығын көрсетеді. Қазақ даласында тұрған әр адамат баласы өзінің құрбы-құрдастарына, ата-аналарына, достарына, туысқандарына өте баурмашыл екенін аңғаруға болады. Мысалы: *Құлын-тайдай айқасып, ойын салып, Кептерше сүйеніскен демалыс бар* (Абай) [2; 22].

Қорыта айтқанда, қазақ тілінің сөздік қорындағы жылқы малына қатысты фразеологизмінің өзіндік орны мен үлес салмағы бар екендігін көрсетеді. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық құрылымы мен мазмұны жағынан алуан түрлі, олардың басым бөлігі халықтың тарихын, наным-сенімін, көзқарасын және т.б. бейнелей отырып, оның өткен өміріне тамырын терең жаяды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. -Алматы: Арыс, 2007. -480б.
2. Байтелиева Ж.Д.Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі: филол. ғыл. докт. ... дис. -Алматы, 2007. -Б.3-30.
3. З.Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. -Алматы: Ғылым, 1977.

ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МУЗЫКА АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ГУМАНИСТІК СЕЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

Таспаева С.Ж.,

М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты

Еліміздің Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы азаматтық қазыналар, ғылыми практиканың жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасау», - деп ерекше атап көрсетілген. Бүгінгі жалпы білім беретін мектеп қоғамның алға қойған көкейкесті міндеттерін жүзеге асыру үшін баланың табиғи мүмкіндіктерін, қабілеттерін дамытып, дүниежүзілік деңгейдегі жоғары мәдениет пен қажетті білім қорын жинақтаған, өз алдына жауапты шешімдер қабылдай алатын, әр істе белсенді шығармашылық әрекет жасайтын жеке тұлғаны тәрбиелеуі тиіс. Қазіргі таңда әрбір жеке тұлғаның құндылық қасиеттерін дамытып, қалыптастыруға аса мән беріліп отырғаны белгілі. Еліміздегі оқу-тәрбие жұмысына байланысты болып жатқан жаңартулар білім мен тәрбие жұмысын қайта қарауды міндеттейді. Осыған байланысты мектептің алдына қоятын ең басты мәселенің бірі - өркениетті, адамгершілік сезімі дамыған, сондай-ақ ұлттық тілін жоғалтпаған, өзге елдегі замандастарымен тең дәрежеде бәсекелесе алатын биік, өрелі, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу [1]. Дүние жүзінде, оның ішінде қазіргі таңда әрбір жеке тұлғаның құндылық, қасиеттерін дамытып, қалыптастыруға аса мән беріліп отырғаны белгілі. Өсіресе, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар арқылы оқушылардың жеке бас қасиетін дамыту мүмкіндігіне барынша көңіл бөлінгенін ғылыми-зерттеу еңбектерден

аңғарамыз. Оқушының есте сақтау мен танымдық қызығушылық қабілеті жақсы болады. Егер балаға қызығушылығына қарай жүйелі мәлімдемелер түсіп отырса, баланың даму үрдісі шапшаңдайды. Біз бұл жерде Л.В.Занковтың идеясын негізге алдық. Ол баланы қоғамдық өмірдің әр түрлі жақтарымен еркін араластыру керек, әр түрлі баланың дамуы үшін туындайтын шегіністерден қашпауымыз керек, керісінше, баланың дамуына қандай дәрежеде ықпал еткенін айқындай отырып, жүргізу қажет деген ұсынысын зерттеуді қарастырамыз [2].

Халықтың музыкалық фольклорына құрметпен қарап, ұлттық салт-дәстүрімізді қастерлеуге баланы жас кезінен баулығанда ғана, ол ертеңгі өз отанының нағыз азаматы болады. Халық музыкасы мен кәсіптік музыканың өзара байланысын сезіну арқылы бала классикалық күрделі музыканы түйсінеді. Сондай-ақ, ұлттық музыка мен дүниежүзі музыкасындағы халық ән-күйлері аудармасыз-ақ, бар халыққа түсінікті тіл екендігін ұғынады.

Музыкалық тәрбие берудің басты мақсаты – музыка өнері арқылы рухани бай, шығармашылығы мол, халық өнерін өмірдің бейнесі ретінде түсініп, оны сүйе білетін, халқымыздың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін қастерлейтін, классикалық музыканы және басқа халықтардың өнерін құрмет тұтатын жеке тұлға тәрбиелеу.

Қазақстан композиторларының әндерін түсінуге, оған сүйіспеншілікпен қарауға, көркемдік талғамы мен музыкалық қабілетін дамытуға (музыканы есту қабілеті, ырғақты сезінуі, есте сақтай білу, орындаушылық қабілеті т.б.) қол жеткізіледі. Осыған орай, бүгінгі күн әрбір ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында ізгілік, яғни оқушылардың адамгершілік сезімдерін дамыту жолдары шешуші фактор болуы заңдылық. Мектеп оқушысының адамгершілік жағынан қалыптасуы оның өмірге келген күннен басталады. Мектепке дейінгі жаста балалардың бастапқы адамгершілік дағдылары қалыптасады. Баланың мектеп жасына дейінгі қалыптасқан мінез-құлықтары келешекте ересек адамдармен және құрбы-құрдастарымен қарым-қатынастарында көзге түседі. Бастауыш сыныптарда адамгершілік сезімдердің дамуы, мінез-құлықтың, сананың жаңа түрлері одан әрі дамытылады. Бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік сезімдерін дамыту, ең алдымен, оқыту үрдісі барысында жүзеге асады. Түрлі пәндерді оқу кезінде бастауыш сынып оқушыларының достық, жолдастық, өмірге белсенді көзқарасы, Отан туралы ұғымдары қалыптасады және кеңиді. Үлкенді сыйлауды, ата-аналарды

құрметтеуге, еңбектенуге, ізеттілік сақтауды үйренеді. Бұл жаста балалар сапалы тәртіпке, жолдастық өзара көмекке, адамның көңіл-күйін түсінуге дағдыланады. Олар мектепте оқу-әрекетіне өзінің қатынасын, жанұяда, қоғамдық орында өзін-өзі ұстауды біледі. Соның нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларының дербес және қоғамдық мінез-құлқы және адамгершілік сезімдері дамиды. «Өнер - білім бұлағы» дейді халқымыз. Өнердің қай саласы болса да адамдарға рухани күш-жігер беріп, ерекше қуаныш, сүйініш, толқу сезімдерін оятады. Өнер саласының бірі - ол музыка. Оқушыларға музыкалық тәрбие беру барысында мектепте белгілі бір жүйелі бағытпен музыка сабағы жүргізіледі. Бастауыш сыныптарда, музыка сабағын қоршаған ортаның әсемділігін көрік, естіп отыратын, бағалай білуге арналған. Баланың музыка жайлы түсініктерін анықтай отырып, музыканың алғашқы негіздерімен, тарихымен таныстыра отырып, таным түсінігін отырып, таным түсінігін дамытып, музыкаға деген қызығушылығын арттыруға баулу қажет. Музыка туралы мағлұматты жүйелі меңгеру іскерлік пен дағдының қалыптасуы, ең алдымен, қайырымдылық, имандылық, адамгершілік сезімнің музыкаға деген қызығушылығына бағытталу керек. Музыка дегеніміздің өзі балаға музыка тілімен жетеді. Музыка арқылы бала тәрбиелік және білімділік қасиеттерді бойына сіңіреді. Музыка баланың сезімдеріне тікелей әсер ете отырып, оның моральдық бейнесін қалыптастырады. Музыка баланың жеке басының адамгершілік сезімдерін дамыту үшін қажетті жағдайлар туғызады. Жалпы білім беретін мектепте музыкалық білім беру мақсаты - оқушылардың рухани өмірін байыту, адамгершілік сезімдерін жоғары дәрежеге жеткізу, музыкалық өмірдегі құбылыстарды бағалауда дұрыс бағыт беру болып табылады. Мектептегі музыка сабағы тек қана музыка жөнінде мағлұмат беріп қана қоймай, ең бастысы, жас ұрпақты жоғары, адамгершілік және азаматтық қасиеттерге баулу болғандықтан, музыка мұғалімінің алдына жоғары деңгейдегі міндеттер қойылып отыр. Мұғалім оқушыларға музыка сабағы үстінде адамгершілік сезімдерін дамыту кезінде мектеп репертуарының шешуші маңызы бар екенін есінен шығармауы тиіс. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты іріктеп алынған шығармалар ғана тәрбие жұмысына қажетті мол дүние бола алады.

Оқушылардың адамгершілік сезімдерін дамытудың сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың, музыка туралы әңгіме, аспапта ойнау

үйірмелері (фортепиано, баян, аккордеон) соңғы он жылдықтарда орын алды. Әсіресе, шағын жинақталған мектептерде музыкалық тәрбие берудің түрлерінің маңызды бөлігі осы аспапта ойнау үйірмесі болды. Қазіргі уақытта, қабілетіне қарамастан аспапта ойнауды дұрыс бағытта: нотаға қарап бірден ойнап кетуді, естуі бойынша аспапқа салуды импровизациялай білуді дағдыландырса, кез келген бала аспапты игеріп алады. Алғашқы сабақтан бастап ансамбльдерде ойнауды машықтандыру керек. Мұғалім оқушыны ынталандырады және қызығушылықтарын оятып, шығармашылық тұлға болып қалыптасуына жетелейді. Мұғалім оқушыларының концерттік қойылымдарын қадағалап, мектептегі тәрбиелік жиындарға қатысуын, тақырыптық кештерге, көркемдік жеке шығармашылық кештерді ұйымдастыруын қадағаласа өнерлі балалар үйірмелерге көптеп тартылады. Сайыпкелгенде, музыкалық-ағарту қызметі жеке сапаларының тәрбиесіне әрдайым мүдделі мүмкіндік туғызып, жағдай жасайды. Соңғы кездері балалар фольклорлық ансамблі назарға түсіп жүр. Осындай үйірмелерді құру үшін мұғалімнен үлкен білімділікті, халық өнерімен таныс болып, жанрлық және аймақтық ерекшеліктерін білуі талап етіледі. Халық әндеріне деген қарым-қатынастың өзі тәрбиелік мәнге ие. Ансамбльдер кіші сынып оқушыларынан немесе жасөспірімдерден құрылуы мүмкін. Балалар музыканы тыңдау мәдениетінен, музыкалық талғамды қалыптастырудан, концерттерге қатысып, музыканы тыңдай білуден музыкалық тәрбие алады.

Фольклорлық музыкалық ансамбльмен жұмыс жасау мұғалімнен әннің немесе шығарманың мұқият сараптау жасауын талап етеді. Сонымен бірге әндерді дұрыс тандай білу әдісі шағын жинақталған мектептерде рухани мәдениетке тәрбиелейді. Музыкалық тәрбиені мектепте сыныптан тыс уақытта жүргізуде ансамбльдер мен оркестрлердің атқаратын қызметі ерекше. Соның ішінде фольклорлық музыкалық ансамбльді атап кетуге болады. Фольклорлық музыкалық ансамбльдің әрбір аспабы тембрлік, техникалық және көркемдік жағынан ерекшеленеді. Ансамбльге музыкалық репертуарды дұрыс тандай білу де керек. Ансамбльдің мүмкіндігіне қарай, техникалық шеберлігіне бой ұсына отырып репертуар таңдалады. Бастапқы сатыда оңай пьесалар, мелодиялық халық әндері сонымен қатар кеңес композиторларының белгілі әндері үйірме жұмысына қатысушыларға музыкалық өнерге деген махаббаттарын оятады. Мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарды жүйелі түрде жеткізіп отыру оқушылардың

музыка сабағынан алған білімін бекітеді және толықтыра түседі, өмір мен өнердегі әсемділіктен алған адамгершілік сезімдері, балалардың музыкалық ой-өрісін дамытады. Мектептегі сыныптан тыс өткізілетін жұмыс формаларының, әсіресе, ұзартылған күн топтары үшін маңызы айырықша. Бұл топтарға қатысатын балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыра білу өте қажет. Музыка туралы әңгімелер, сүйікті шығармаларды тыңдау, талқылау, тағы да басқа сыныптан тыс жұмыстар түрлері осы музыка сабақтарында оқушылардың адамгершілік сезімдерінің даму рөлі өте зор. Мектеп оқушылары қашан да осы музыкалық -адамгершілік сезімдері дамуы арқылы әр түрлі жетістіктерге жете алады.

Бала өмірге қандай да бір керемет қасиетпен келсе де, оқусыз, шығармашылықсыз ол дамымайды. Бұл туралы көптеген ғалымдар былай топшылайды: қабілеттердің бәрі еңбектену арқасында ғана шындалып, гүлдейді, ал еңбексіз ол өшіп, сөнеді. Баланың қандай да кез-келген шығармашылық талпынысын құптауымыз керек. Себебі, оның астарында баланың таза, ашылмаған шығармашылық бастауы жатыр. Оқушыларды шығармашылыққа баулу, өз бетімен әрекет жасауға үйрету бүгінде көптеген ғалымдардың көзқарасы бойынша ХХІ ғасырдың іске асуға тиісті өзекті проблемасы болып табылады. Лемберг, Лоланд, Богоявленский, Занков және тағы басқа да көрнекті ғалымдардың еңбектерінде шығармашылыққа баулу - оқушылардың өзін-өзі бақылауын қалыптастыру [3]. Ақыл-ой тәрбие беру құралы ретінде анықталады. Ғалымдар шығармашылықты біртұтас бүтін, өзара байланысты құбылыс ретінде қарай отырып, жеке бастың шығармашылық сапасын дамытуда оқытудың маңыздылығын ерекше атайды. Өнер мен ғылым қайраткерлерінің еңбектерінде шығармашылық ең алғаш процесс есебінде қарастырылған. Қазақ отбасында ежелден-ақ музыкалық аспапқа, музыкалық шығармашылыққа балаларды ынталандырудың өзіндік әдістемесі болды. Балалар сәби жастан музыкалық аспапты ойнауға үйретіліп, оларға ата-аналары немесе өнерпаз, дарынды адамдар үлгі-өнеге көрсетіп отырған. Қазақтардың музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету халықтың тәрбие дәстүрлерінің әдістері алуан түрлі: Халқымыздың музыкаға үйрету мен тәрбиелеудегі өзіндік ерекшелік сауатты адамдардың тапшылығымен, музыкалық мәдени жазуының болмауымен, арнаулы музыкалық оқу орындарының жоқтығымен, белгілі бір білім мөлшерін игеру және өз шеберлігін үнеме жетілдіріп

отыру үшін көрген-естігенін есте сақтай білу қабілетін айрықша дамыту қажеттігімен, халықтың өмірі мен тұрмысының өз ерекшеліктерімен байланысты болды. Халықтың музыкалық және поэтикалық шығармашылығында жырлаған халықтың отанға, туған жер табиғатына, көз жетпейтін ұлан-байтақ қазақ даласына деген сүйіспеншілігі музыкалық және эстетикалық тәрбие құралы болды. Қазақ халқының музыкалық тәрбиесі, мәдениеті сан ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, халықтың елеп-екшеуінен өтті, біздерге жеткен музыкалық бай мұрасы бүгінгі күні де жеткіншек ұрпаққа тәрбие беруге ойдағыдай қызмет ете алады. Қорыта келе, ертеңіне лайық ұрпақ тәрбиелемеген елдің келешегі жоқ десек, сол ұрпақты тәрбиелеудегі ұстаз еңбегі – ұлы еңбек. “Ұстазын сыйламаған елдің ұрпағы азады,” – дейді халық даналығы. Осыған байланысты шығармашылық, ізденіс деген әр ұстаздың алдында тұрған үлкен міндет деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Қасқабасов С. А. «Қазақ өнерінің тарихы». - Алматы, 2008.
- 2 Қоңыратбай Т. «Музыка өнері». – Алматы, 2009.
- 3 Ұзақбаева С. «Тамыры терең тәрбие». – Алматы, 1995.
- 4 Жұбанова А. «Замана бұлбұлдары». – Алматы, 1975.

«ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ КӨРІНУ СИПАТЫ»

Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университеті
«Педагогика және психология» кафедрасы
Психология магистрі Мерғалиева М.Б.

В этой статье рассматриваются личностные особенности одаренных детей, а также вопросы влияния развития познавательных процессов и социально-психических особенностей одаренных детей.

Қай мемлекеттің де негізгі тірегі - білімді де білікті, іскер де белсенді адамдар. Сондықтан қоғам талабына сай ол қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар тәрбиелеу ең маңызды мәселе екені даусыз. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында мемлекеттік саясат негізінде алғаш рет «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі. Елімізде дарынды балаларды ерте тауып, мектеп- гимназияларда оқытуға қатысты айтарлықтай іс-шаралар атқарылуда [1].

Еліміздің халықаралық білім кеңістігіне, бүкіләлемдік сауда ұйымына, бәсекеге барынша қабілетті 50 ел қатарына өтуі барысында орта мектеп өмірінде орын алып отырған бұл жаңашыл оқыту түрлері барынша құпталуы тиіс. Өйткені, кез келген елдің экономикалық әлеуеті оның интеллектуалдық әлеуетімен өлшенеді. Бұл тұрғыдан алғанда Елбасы Н.Назарбаевтың еліміздегі білім жүйесін дамыта отырып, әлемдегі алдыңғы қатардағы жүйеге шығару мақсатында ел дамуының басым бағытына айналдыруы тектен-тек емес. Бұл жағдай еліміздегі білім саласында болып жатқан реформаларға жаңа заман талабына сай сын көзбен қарауды, кемшіліктерді ашық түрде көрсете отырып жою, алдыңғы тәжірибелерді мектеп өміріне батыл біріктіруді қажет ететіндігі күмән туғызбасы анық [2].

Дарындылық- адам үлкен жетістікке жете алатын, қызмет диапазонын анықтайтын қабілет дамуының деңгейі болып табылады. Дарындылықтың мынадай негізгі түрлері бар:

1. Академиялық дарындылық- баланың оқуға деген ерекше қабілеті, ол танымдық қызметте жоғары нәтижені көрсетеді.

2. Интеллектуалды дарындылық - баланың аналитикалық қызметке қабілеттілігі: іс-әрекетті, құбылысты түсіну және жүйелеу. Мектепте мұндай дарындылығымен бала жиі оқу озаты болады және оқуда нақты пәндер бойынша ерекшеленеді.
3. Жасырын дарындылық- бұл дарындылық түрі ашық түрде көрсетілмейді және оны түсіну мен ашуға мүмкіндік бермейді.
4. Әлеуметті дарындылық - бұл адамның лидерлікке ұмтылуы, басқа адамды қызықтыру және оларды өзінің артына жүргізуге қабілеттілігі. Бұл түрін көбінесе лидерлік деп атайды.
5. Шығармашылық дарындылық - мұндай дарындылығы бар балаларды әрдайым түсінбейді және оларды жиі сәтсіз балалар деп атайды [3].

Дарындылық түрін білу мұғалімге біріншіден, баланың мүмкіндігін дұрыс бағалап, балаға қолдау және көмек көрсету, болашақ мамандығына қатысты дұрыс кәсіби бағдар беру. Екіншіден баланың ақыл-ой, шығармашылық іс- әрекетіндегі өзгешелікті қабылдай алу. Осы күрделі мәселені шешу үшін мұғалім өз оқушыларының бойында байқалатын дарындылықтың негізгі түрлерін білуі қажет:

Дарындылықтың дамудың 2 типі бар: үйлесімді және үйлесімсіздік. Дамудың гармониялық типі бар дарындылық- бала өмірінің «бақытты» нұсқасы деп айтуға болады. Мұндай балалар өз жастарына физикалық есеюімен ерекшеленеді. Олардың жоғарғы, маңызды жетістіктері интеллектуалды және тұлғалық дамудың деңгейімен сәйкес келеді. Мұндай балалар шығармашылық қызметке ұмтылады. Олар тапсырманы орындауда мәселені шешудің жаңа амалдарын ойлап табады. Тапсырманы өз бетімен, ересек адамдардың көмегінсіз орындайды. Педагогтың тым көп араласуынан және дарынды баланың білім алуына ата-ананың тым көп қамқорлығынан жағымсыз әсер тудыруы мүмкін: өзіндік реттеу процестерінің дамуын төмендетеді, өзіндік қызметті жоғалтады және жаңа материалды игеруде мотивацияның жоғалуына әкеледі. Дарынды балалар оқу пәндерді өздері таңдауға тырысады. Сондықтан оған мүмкіндік беру керек. Дарынды баланың мотивациялық белгілері: танымдық қажеттіліктің жоғары деңгейі, қызығушылық, сүйікті іспен айналысу, сыртқы мотивацияның анық көрінуі. Дарынды баланың өзіндік бағалауы жоғары болады және сыныпта лидер «жұлдыз»

атанады. Дамудың дисгармониялық типі бар дарынды бала- өз қызметінің нәтижелеріне жауапкершілікпен қарайды және қызметтерінде сәтсіздік болса, депрессиялы күйге ұшырайды. Сондай-ақ аффектіге дейін баруы мүмкін. Сыни ескертулер дарынды баланың көз жасын, уайымды, истерикалық әсерді туғызуы мүмкін. Қарым-қатынаста ұялшақ, ұйқының бұзылуы, тез ренжіп қалу секілді белгілер байқалады. Дарынды балалар өздеріне қызықты істермен айналысады. Мұндай дарынды балалар физикалық жұмыстардан қашады [4].

Дарынды балалардың танымдық қызметінің ерекшеліктері:

- дарынды балалар ортада болып жатқан жағдайларға сезімталдықпен қарайды, барлық қоршаған ортаны белсенді зерттеуге бейім;
- дарынды балалар құбылыс пен зат арасындағы байланыстарды қабылдауға қабілетті, олар үшін альтернативті жүйелерді құру қызықты;
- дарынды балалардың есте сақтаулары өте жақсы және ақпараттын көп көлемі жиналады;
- дарынды балалар сөздік қорының көптігімен және өз ойларын нақты білдіруімен ерекшеленеді.

Психоэмоционалдық сезім ерекшеліктері:

- дарынды балалар әділеттілікті құптайды, өздеріне және қоршаған ортаға талаптар қояды;
- дарынды балалар шығармашыл, фантазияға бай;
- қызықты сәттерді, сөздік ойындарды, әзілдерді ұнатады;
- құрдастармен қарым-қатынаста қиындық көреді, эгоцентризм тән.

Физикалық ерекшеліктері:

- дарынды балалар аз ұйықтайды, энергиясы көп;
- көздері 8 жасқа дейін тұрақты емес, жақын аралықтан алысқа фокусты ауыстыру қиын [5].

Дарынды баланың дамуының негізгі шарты отбасы болып табылады, атап айтқанда:

- отбасының құрылымы мен эмоционалды жағдайы;
- бала-ата-ана қарым-қатынасының стилі;
- ата-ананың баласының дарындылығына қарым-қатынасы.

Сондықтан дарынды бала бар отбасыға мынадай кеңестер ұсынылады:

- ✓ балаға шындықты айту;
- ✓ баланың даму деңгейін бағалау;
- ✓ ұзақ әңгіме мен түсіндіруден бас тарту;

- ✓ баладағы өзгерісті уақытында бақылау. Бұл баланың қойған сұрағында немесе мінез-құлқысында байқалуы мүмкін және ол дарындылықтың белгісі болып табылады.

«Дарындылық деңгей» критериясы бойынша 3 топты бөлуге болады:

1. Жоғары дарынды балалар-гений. Мұндай 10 мың адамдардың ішінде тек біреуі ғана кездеседі.

2. Талантты балалар-2-3%

3. Жеке дарындылар-15-25%

Ал қалған балалар қалыпты (70%) немесе ақыл-ойы артта қалған (2-5%) балаларға жатқызылады. Дарынды бала ұзақ уақыт өзіне ұнайтын жұмыстармен айналысу мүмкін. Ол қанағаттану сезімін сезініп, шаршағандығын білмеуі мүмкін. Мұндай балалар дайын жауабы бар тапсырмаларды орындағанды ұнатпайды: «Егер мен тапсырманы түсінсем, неге мен тағы да мұндай тапсырманы орындаймын, одан да әлі өтпеген, бермеген тапсырмаларды орындаймын», - деп ойлайды. Балалардың бойындағы дарындылық көбіне баланың кішкентай кезінде күрделі сөздерді айтудан, тілінің ерте шығуынан, оқу мен есептеуді ерте меңгеруінен, есте сақтау қабілетінің жоғарлығынан, жаңалыққа құмарлығынан көрінеді.

Дарынды балалардың стандартты емес мінез-құлқы байқалады:

- көңіл-күйі жиі өзгеруі мүмкін;
- қарым-қатынаста шыдамсыз, әңгімелесушінің сөзін бұзуы мүмкін;
- өзінің білімдерін демонстрациялауға бейім.

Ғалым К.Тэкэкс психоәлеуметтік даму жағынан дарынды балалардың құрдастарынан айырмашылықтары бар екендігін жазады. Мұндай айырмашылықтарға:

- әділеттілік сезімі;
- тұлғалық құндылықтың даму жүйесі;
- әзіл-қой сезімінің жақсы қалыптасуы;
- қорқыныштың болуы;
- нәтижеге жетуге деген қайраттылық.

Сонымен қатар К.Тэкэкс баланың тұлғасындағы жағымды және жағымсыз қасиеттер қоршаған орта адамдардың әсерінен болады деп есептейді. Қоршаған орта адамдарынан алшақтататын дарынды балаларға мынадай қасиеттер тән:

1) Әңгімелесушінің сөзін аяғына дейін тыңдамай, әңгімесін бұзу. Бұл кезде дарынды бала болып жатқан жайтты тез түсінеді немесе бұрыннан оған таныс. Сондықтан ол өз білімін көрсетуге тырысады.

2) Басқа адамдарды түзетуге әуес. Мұндайда дарынды балада альтруизм мен эгоцентризм бір-бірімен байланысады.

3) Қоршаған орта адамдарын әшкерелеу. Мұнда дарынды бала жаралы факторға өзінің жауабын қайтарады [6].

М.Карне баланың қабілеттерін қалыптастыруға кедергі келтіретін бірнеше психологиялық факторларды ұсынады:

- О мектепке және оқуға жағымсыз қатынас;
- О ата-анасымен қарым-қатынасының бұзылуы;
- О қарсылық сезімінің пайда болуы;
- О депрессия;
- О өзін-өзі төмен бағалау;
- О кінәні басқа адамға ауыстыру;
- О фантазияға бейімділік;
- О жағымсыз тұлғааралық қарым-қатынас;
- О басқа адамға сенбеу;
- О жұмысты қалдыра беру, аяғына дейін орындамау;
- О өз әрекетіне жауапкершілік танытпау;
- О лидерлік қабілетінің жетіспеушілігі;
- О эмоционалды тұрақсыздық;
- О сынға сезімталдықпен қарау;
- О басқа адамдарды сынға алу.

Ал Л. Холлингуорт дарынды балалардың тұлғалық мәселелерін былай деп көрсетеді:

1. Мектепке деген жағымсыз қатынас.

2. Конформдылық.

3. Философиялық мәселелерге үңілу.

Л. Холлингуорт дарынды балалардың бейімделуі олардың интеллектуалды дамуының деңгейіне тәуелді деп есептейді. Интеллект коэффициенті (IQ)- 185-тен- 190-ға дейін көрсеткішті көрсетсе, онда дарынды балалар оқшаулануға жақын тұрады. Дарынды балалардың өзін-өзі қабылдауы жағымсыз жаққа ауысуы мүмкін. Себебі, көбінесе құрдастары дарынды баланы қабылдамайды, лидерлік рольге ұмтылмайды. Егер дарынды балаға жоғары талап қойылмаса, олар селсөк, жалқау болуы мүмкін. Ал интеллект коэффициенті (IQ)-125-155-ке дейін көрсеткішті көрсетсе, «қолайлы интеллект» деп аталады. Мұндай балалар әлеуметтік бейімделген және эмоционалды тұрақты болады.

Джон Уитмор дарынды балалардың келесі тұлғалық мәселелерін бөліп көрсетеді:

- перфекционизм;
- толымсыздықты сезіну;
- шынайы емес мақсаттар;
- жоғары сезімталдық;
- үлкендердің назарын қажетсіну;
- шыдамсыздық.

А. Танненбаум дарындылықтың «психоэлеуметтік» моделін ұсынды. Бұл модельді құруда тұлғаның сыртқы және ішкі факторларын ескереді. Ғалымның ойынша адам талантында қандай тұлғалық ерекшеліктер басым екенін анықтау қиын.

К. Хеллер дарындылықтың Мюнхендік моделін ұсынды. Бұл модель бойынша аса дарындылық орташа дарындылықтан келесі тұлғалық параметрлер бойынша ерекшеленеді:

- 1) жоғары интеллектуалды қабілеттер;
- 2) шығармашылық қабілеттер (түпнұсқалық, иілгіш, өңімділік);
- 3) тез меңгеруге және есте сақтауға қабілеттілігі;
- 4) интеллектуалды таңырқаушылық және білімге тырысушылық;
- 5) өз нәтижелігіне сенімділік;
- 6) өзіндік бағалауы жақсы [7].

Дарынды балаларды зерттеуші ағылшын психолог Дж.Фримэн дарындылықтың көрінуі тұлғалық сапалары мен қасиеттерімен тығыз байланысты деп есептейді. «Обзор современных представлений о развитии способностей» мақаласын талдай отырып, психолог дарынды балалардың тұлғалық ерекшеліктерін бөліп көрсетеді. Сонымен қатар Дж.Фримэн гендерлік фактордың рөлін ескереді. Көбінесе, қыз балалар өздерінің қабілеттерін бағаламайды. Бұл факт ата-аналардың күтуімен байланысты. Жоғары интеллектуалды және шығармашылық қабілеті бар қыздар ер балалардан элеуметтік-эмоционалды жоспар бойынша ерекшеленеді. Қыз балалар депрессиялы күйге ұшырайды. Интеллектісі жоғары балаларда қызметті өз бетімен реттеу дамыған. Ересектердің шектен тыс жетекшілік етуі дарынды балалардың дамуын тежейді. Тұлғалық сапалардың ішінде Дж.Фримэн эмоционалды тұрақтылық, мотивация, қызығушылық, төмен деңгейдегі үрейленушілікке назар аударады. «Ерекше стресс» дарынды балаларды депрессия мен суицидтік әрекетке әкелуі мүмкін. Егер оқыту процесінде дарынды балалардың мүмкіндіктері ескерілмесе,

онда эмоционалды мәселелер пайда болуы мүмкін. Мұндай жағдайда балада оқуға деген қызығушылық, қызмет мотивациясы жоғалады, өзіндік бағалауы төмен, өз күшіне сенімсіздік танытады.

Кеңес психологияда Н.С.Лейтес дарынды балаларды анықтауда өз үлесін қосты. Оның ойынша баланың мүмкіндігі тек ақыл-ойлы мәліметтерден ғана емес, сонымен қатар тұлғаның қасиеттеріне де тәуелді. Анық қабілеттері бар балалар қоршаған ортаның адамдарынан жағымсыз эмоцияны туғызады. Бұл жағымсыз эмоцияны тудыруға мынадай қасиеттер әсер етеді: беделге, тәртіпке деген назардың болмауы, темпераменттің анық көрінуі. Әлеуметтік дарындылықтың негізгі көрінуі – лидерлік дарындылық. Лидерлік дарындылық келесі қасиеттерге ие:

- жоғары интеллект;
- шешім қабылдай алу;
- икемділік;
- мақсаттылықты сезіну;
- жауапкершілік сезім;
- өзіне сенімділік және өзін-өзі тану;
- табандылық, өз дегенінде тұру;
- адамдармен қарым-қатынаста шыдамдылық таныту;
- ынталылық (энтузиазм);
- ауызша және жазбаша түрде өз ойын анық жеткізу.

Қорыта айтқанда, қабілетті, дарынды балаларды таба біліп, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін арттырып, өзара қатысты жақсартып, ата-ана-мектеп-оқушы ұстаз байланысын жоғары ұстап, шығармашылықпен жұмыс істеп, баланың білімге ынтасын арттыру қажет. Ең бастысы, табиғаттың адамзатқа берген тамаша сыйын одан әрі дамытып, ерекше қабілетті баланы дарынға айналдыра білу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. //Егемендік Қазақстан 16 қазан 2004.
- 2.Қазақстан Республикасының Білім беру Заңы Егеменді Қазақстан 15тамыз 2007.
3. Ливин.А. Дифференциальная психология. Москва. 2007.-344б.
4. Минияров В. Педагогическая психология. Москва. 2005.-316б.
- 5.Холодная А. Психология интеллекта. Питер. 2002.-272б.
- 6.Шумакова.Н. Обучение и развитие одаренных детей. Москва. 2004.- 336б.
- 7.Савенков.А. Диагностика детской одаренности как педагогическая проблема // Педагогика, №1, 2000.- 87б.